

«Қазақ тілі мен  
әдебиеті» және  
«Ұлағат»  
жауапкершілігі  
шектеулі  
серіктестігінің  
ай сайын  
шығатын  
Республикалық  
ғылыми-  
педагогикалық,  
әдістемелік  
жұрналы

# ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың  
наурыз айынан  
бастап шығады

**3/2011 НАУРЫЗ**

## МАЗМҰНЫ

### Көкейкесті көзқарас

Марат БЕКБОСЫНОВ.

XIX ғасыр әдебиетін оқытудың кейбір  
мәселелері .....3

Әлия НИЕТАЛЫҚЫЗЫ.

Абай қарасөздерін оқытудың тиімді  
әдіс-тәсілдері.....8

Ләззат ТҰРСЫНОВА.

Оқушыларды шығармашылық  
жұмысқа баулу.....17

### Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс

Серәлі ӨТЕБАЙ.

Ойкөкпар (Оқушы мәдениеті).....20

Элмира КӨКТАЛҚЫЗЫ.

Тұйық етістіктің түрленуі.....23

Гүлмаржан ҚУАНБАЕВА.

Шешендік өнер туралы түсінік.....27

Алтынай БЕЙСЕМБАЕВА.

Есімдік.....32

Күлипа АБЫЗБАЙҚЫЗЫ.

Жай сөйлемнің түрлері.....36

### Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс

Райхан БЕГАЛИНА.

Мағжанның «Батыр Баян» поэмасы..39

Күләш ЛҰҚПАНОВА.

Деңгейлік тапсырмаларды қолданудың  
тиімділігі .....46

<b>Шара ШАЙМҰХАНБЕТҚЫЗЫ.</b>	Сәбит Мұқановтың «Сұлушаш» поэмасы.....	51
<b>Рыскелді ЫРҒАЙТЫ.</b>	Ауыз әдебиетіндегі айтыс түрлері.....	55
<b>Мөлдір ҚОЙШИЕВА.</b>	Ілиястың «Күй» поэмасы.....	58
<b>Бақыткүл МАХАНБЕТОВА.</b>	Қорқыттың нақыл сөздері.....	63
<b>Мұқағали Мақатаевтың 80 жылдығы</b>		
<b>Әсем МҰХАМЕТЖАНОВА.</b>	Өзіңсің поэзия пайғамбары.....	67
<b>Есенкүл МҰРТАЗАЕВА.</b>	Ғашық ғұмыр.....	71
<b>Үміт ОРДАБАЕВА.</b>	«Қайырлы түн» өлеңі.....	74
<b>Оқулыққа қосымша</b>		
<b>Ғазиза ИМАНАЛИЕВА.</b>	Газет мәтіндеріндегі эмоционалды-экспрессивті құралдардың рөлі.....	78
<b>Қуандық ӘБДІРАЗАҚОВ.</b>	Бұдабайдың айтыс өлеңдері.....	87
<b>Авторлық бағдарлама</b>		
<b>Жамал ҚАҒАЗОВА.</b>	«Абайтану» пәні.....	93
<b>Мерейтой - 60</b>		
<b>Рахат ЕЛУБАЕВА.</b>	Кемел ұстаздардың бірі.....	104
<b>Сыныптан тыс сабақ</b>		
<b>Айгүл ӘЛІМХАН.</b>	Есімдер елінде.....	108
<b>Жас маманға жәрдем</b>		
<b>Анар ҚҰРМАНҒАЛИ.</b>	«Аласапыран» романындағы фразеологизмдер.....	113
<b>Роза ЖАҚЫПОВА.</b>	Сан есімнің түрлері.....	119
<b>Жаннат ТӨЛЕГЕНҚЫЗЫ.</b>	Ілиястың «Ағынды менің Ақсуым» өлеңі.....	122
<b>Айгүл БАЙМЫШОВА.</b>	Шыңғыстың «Найман-Анасы».....	124
<b>Ғалия АТКЕШОВА.</b>	Етістіктен тест сұрақтары.....	127
<b>Майгүл ЕРЕЖЕПБЕКОВА.</b>	Шәкәрім. «Талап пен ақыл».....	131
<b>Сыныптан тыс тәлім</b>		
<b>Тамара НҰРҒАЛИЕВА.</b>	Зияткерлік олимпиада.....	136
<b>Өлең - өнер</b>		
<b>Жанат РАЙЫМБЕКОВА.</b>	Абайға тағзым.....	143

## АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Құсиын Айтқалиев, Шәмша Беркімбаева, Қанипа Бітібаева, Жангара Дәдебаев, Гүлтас Құрманбаева, Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшһүр Жүсіп, Серік Мақпырұлы, Нұрша Оразахынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев, Рақымжан Тұрысбек, Нұргелді Уәлиұлы.*

**Марат БЕКБОСЫНОВ,**  
Абай атындағы ҚазҰПУ-нің  
«Абайтану» ғылыми-зерттеу  
орталығының аға ғылыми  
қызметкері, ф.ғ.к.

## **XIX ҒАСЫР ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Әдебиет – адам ақылына қозғау салып, қиялына қанат бітіріп, ізгі іс-әрекеттерге жетелер өнер түрі. Сондықтан сөз өнері өткен тарихтың, бүгінгі заман шындығының көркем бейнесі ғана емес, оқу мен тәрбиенің де ең басты құралы.

Әдебиет пәні – әдебиеттану ғылымының әдебиет теориясы, әдебиеттің тарихы, әдебиет сыны салаларын оқып игеруде оқу нысаны болса, «Тәңірінің берген өнері» - көркем сөздің адам баласына гуманистік, танымдық, тағылымдық, эмоционалды және гедонистикалық әсері жағынан өнер туындысы.

Жалпы қазақ әдебиеті тарихын дәуірлеу және оны оқытуда әдебиет тарихының бастау көздері, әдеби дәуірлерді іштей кезеңдерге бөлу, көркем туындыларды бағыт, ағымдарға жіктеу, шығармаларды тегі мен түрі, жанрына қарай классификациялау, оқулықтар мен оқу құралдарының ғылыми-әдістемелік құрылымы мен жүйесін қалыптастыру сынды әдебиет тарихын оқытуға қатысты мәселелерде түрлі көзқарастар мен концепциялардың болғаны аян. Қазіргі уақытта көп жылғы ғылыми талдау мен талқылау, педагогикалық тәжірибеде сыннан өтіп, оқушыларға адамзаттық құндылықтарды игерту, рухани тәуелсіздік рухын нығайту бағытындағы қазақ әдебиеті тарихының жүйеленген дәуірлік кезеңдері айқындалған. Әдебиеттану

ғылымының бір саласы әдебиет тарихы бүгінде бес дәуірге бөлініп оқытылады.

1. **Ежелгі дәуір әдебиеті.** Бұл дәуір әдебиетінің көркем мұралары түрік текті халықтар әдебиетінің көпшілігіне ортақ әдеби жәдігерлер болғандықтан оны шартты түрде түркі халықтарына ортақ әдебиет дейміз. Шындығында, бұл – біржақты пікір. Тарих ғылымында «қазақ» сөзінің, «қазақ хандығы» атауының тарихи аренаға шығуын XV ғасырдан бастау қалыптасып, сол негізде айтылып жүр. Ал Абайдың «Білер сөз қазақтың түбі қайдан шыққандығы туралы» тарихи сөзінде Сібірден Алатау бөктеріне келіп мекендеген халықты Құтайба ибн Мүсілімнің (660-715) араб жерінен Орта Азияға көп әскермен дін исламды халыққа енгізгенде қазақты көріп «Хибаи» (киіз шатырмен жүруші), «Хұзағи» (көшпелі) деп, көшкен елді қайтқан қазға ұқсатып, содан бұлар өзін «қазақ» деп атап кетіпті, бұрын «ұлыс» дейді екен деген. Данышпанның өз қолымен жазған бұл тарихи сөзінде «Сонымен бұлар өзін өзі де, өзге жұрттар да қазақ атап кетіпті, бұрын өздерін «ұлыс» дейді екен» деп айтқан. Содан соң арабтардың бұл өлкедегі (Тұран өлкесіндегі) жер-су, халық, шаһарлардың Бұхардан басқасының бәрінің атын өзгерткенін, қазақ осы кезден (яки VIII ғасырдан) «қазақ» аталғанын, ал бұрын «ұлыс» атауын иеленгенін, ол сөздің «Ұлыстың ұлы күні» жазғытұрым мейрамында ғана сақталғанын жазған. Оған қоса осы дәуір өкілдері мен жәдігерлерін тікелей қазақ әдебиетімен байланысты зерттеген еңбектер мен деректер де мол. Сондықтан, бұл дәуір әдебиетін *қазақ әдебиетінің қайнар бастаулары* деп атаса орынды болар еді.

2. **Хандық дәуірдегі қазақ әдебиеті.** XV-XVIII ғасырларды қамтитын хандық дәуірдегі қазақ әдебиетінің негізгі әдеби мұралары – толғаулар да, оны тудырушы сөз зергерлері – жыраулар. Сол себепті бұл дәуірдің әдеби

үлгілері *жыраулар поэзиясы* деп те аталады.

3. **XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті.** Ғасыр әдебиеті тарихындағы сөз зергерлері шығармашылықтарының басты әдеби бағыты отарлық езгіге қарсы туған азаттық танымдарын бейнелейтіндіктен кейінгі зерттеу еңбектер мен оқулықтарда бұл дәуір әдебиетін *отарлық дәуірдегі әдебиет* ретінде бағалау басым.

4. **XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті.** Әдебиет тарихында үлгі-өрнектері болғанмен, Абайдан бастап әдебиеттің халықтық, көркемдік-эстетикалық, қоғамдық-әлеуметтік, мазмұндық-идеялық күш-қуатын отарлық езгі дәуірлерінде ұлттық құндылықтарды сақтап қалуға, әлем әдебиеті мен мәдениетінің озық үлгілерін, ғылым, білімнің жетістіктерін ұлт жадына сіңіруге, бір сөзбен айтқанда, сөз өнерін ағартушылық бағытта өрістеткен кезең әдебиеті болғандықтан 1900-1920 жылдарды қамтитын бұл кезеңдегі әдебиетті *ояну дәуіріндегі әдебиет* ретінде де танимыз.

5. **XX ғасырдағы әдебиет.** Бұл дәуір әдебиеті 1920 жылдан 2000 жылдар арасындағы әдебиетті, негізінен, *кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті* тарихын оқытуға арналған.

Аталған дәуірлер әдебиетінің тарихы бір-бірімен өзара сабақтас, сондай-ақ әр дәуір әдебиеті іштей кезеңдерге бөлініп, әдеби бағыт, ағымдары, жанрлары мен түрлері, көркемдік дамуы мен поэтикалық өрнектері ғылыми негізде жүйеленіп оқытылады. Әдеби мұраларды жинау, зерттеу, жүйелеу, оқыту мәселелері қолға алынған Кеңес өкіметі кезеңінде әдебиет тарихы, оның өкілдерінің шығармашылықтарын оқытуда негізінен саяси баға, идеологиялық, мазмұндық талдау басым болса, қазіргі тәуелсіз әдебиеттану ғылымында әдебиеттің көркемдік сипаттары, әдеби үлгі, өрнектері сынды идеологияға емес, көркем туындылардың табиғи өзегі - көркемөнерлік табиғатына баса назар аударылуда.

Әдебиет пәнінде шығармалардың сыр-сипаты, болмыс-бітімі, эстетикалық, экспрессивті-эмоционалдық, көркемдік өлшемдері, сол шығарма авторларының нәр алған рухани бастаулары, әдеби дәстүр мен шығармашылық жаңашылдық, халықтар арасындағы әдеби-мәдени байланыс сынды әдебиеттану ғылымына қатысты мәселелер қарастырылады. Ал бұл жайлар жүйелі түрде халық тарихы мен көркемөнердің даму жолына сай, жоғары оқу орындарының филология факультеттерінің екінші курсына жеке міндетті пән ретінде оқылатын XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихы, оның өкілдерінің шығармашылықтарын терең меңгеруде қолдана білулерін талап етеді.

XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті отарлық езгіге қарсы азаттық танымдарын көтерген, жыраулық дәстүрден ақындық поэзияға, ауыз әдебиетінен жазба әдебиетке ауысқан, әдеби жанрлар мен олардың түрлері молайған, Шығыс, орыс, сол арқылы Батыс әдебиетімен көркемдік байланысқа түскен, жаңа жазба әдебиет дүниеге келген дәуір әдебиеті болды. Осындай сан-салалы әдебиет тектерінің айшықтары дүниеге келген XIX ғасыр әдебиетін оның басты белгісі отарлық езгіге қарсы туған азаттық бағыты аясында ала отырып, патша өкіметінің жоспарлы да жүйелі түрде жүргізген саясаты ізімен хронологиялық ретте 3 кезеңге бөліп қарастырамыз.

1. Батыс өңірінің отарлануы және оған қарсы туған ұлт-азаттық күрес жырлары.

2. Сарыарқаның бодандық бұғауға түсу тарихы және әдебиеттегі тәуелсіздік танымдарының әдеби ағым, бағыттардағы өлең, жыр, айтыс, қисса, дастан, поэма, проза, публицистика түріндегі сөз айшықтарында бейнеленуі.

3. Жетісу өңіріндегі Қоқан хандығы мен патша өкіметінің отарлау саясаты және оған қарсы туған әдеби сөз өрнектері.

Дәуір әдебиетін отарлық езгіге қарсы күрес бағытына

орай осындай кезеңдерге бөлу, әдебиет тарихын зерттеген Халел Досмұхамедұлы, Мұхтар Әуезов, Сәкен Сейфуллин, Сәбит Мұқанов, т.б. ғалымдардың ХХ ғасыр басында жасаған тұжырымдары мен кейінгі оқулық, зерттеу еңбектеріндегі ХІХ ғасыр әдебиетінің кезеңдерін жіктеген ғылыми ұстанымдарына жатырқамай, қайшылықсыз өзара үндеседі. Оған қоса, сөз өнерін тарихилық ұстаным негізінде қарастырудың мәні – әдебиеттің халық өмірінің, мәдениеті мен дүниетанымының, ұлттың рухани мұралары мен құндылықтарының көркем бейнесі, ізі болғандықтан, адамзат тарихының даму үдерісіндегі жеке субъект ретінде де қазақ сөз өнерінің дүниежүзілік әдебиет, мәдениет, руханият қазынасына қосқан өзіндік үлесін тану үшін де маңызды екені айқын. Бұл дәуір әдебиетінің әдебиеттану ғылымында үздіксіз зерттеу нысанына алынып келе жатуы да содан.

Сондықтан ХІХ ғасыр әдебиетінің тарихы мынадай сөз үлгілеріне жіктеліп, сол үлгідегі әдебиет өкілдерінің шығармашылықтары жеке тақырыптарға бөлініп оқытылғаны орынды.

1. Бостандық рухындағы ұлт азаттығын жырлаған поэзия (тарихи жырлар, Махамбет Өтемісұлы, Шернияз Жарылғасұлы, Алмажан Азаматқызы, т.б.)

2. «Зар заман» әдебиеті (Дулат Бабатайұлы, Шортанбай Қанайұлы, Мұрат Мөңкеұлы, Әбубәкір Кердері, Нарманбет Орманбетұлы, т.б.).

3. ХІХ ғасырдағы қисса-дастандар (Шәді Жәңгірұлы, Мәулекей Жұмашев, Жүсіпбек Шайхұсламұлы, Мәшһүр Жүсіп, Мақыш Қалтаев, т.б.).

4. Қазақ поэзиясындағы айтыс өнері (Шөже Қаржаубайұлы, Сүйінбай Аронұлы, Кемпірбай Бөгенбайұлы, «Біржан – Сара айтысы», т.б.).

5. Сал-серілер мен әнші-ақындар поэзиясы (Сегіз сері

Баһрамұлы, Біржан сал Қожағұлұлы, Ақан сері Қорамсаұлы, Мәди Бәпиұлы, Иманжүсіп Құтпанұлы, т.б.).

6. Жаңа жазба әдебиет (Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай, Абайдың ақын шәкірттері).

XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің елдік, ұлттық рухы отарлық езгіге қарсы туған азаттық, тәуелсіздік, рухани жаңғыру бағытында дамыған тұтас дәуір әдебиетіне арналғандықтан әдебиет тарихын меңгертудің оқу-тәрбиелік ұстанымы мен әдеби-ғылыми концепциясы – қазіргі тәуелсіз ел ұрпағын ұлтжандылыққа, әдеби мұралардағы гуманистік ой-танымдар негізінде әділетсіздікке, озбырлыққа қарсы асымырасыздық пен адамдық құндылықтарды қастерлеуге баулу.

---

**Әлия НИЕТАЛЫҚЫЗЫ,  
Башар Сүлейменов атындағы  
орта мектептің мұғалімі.**

Ақтөбе облысы,  
Шалқар ауданы.

## **АБАЙ ҚАРАСӨЗДЕРІН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ**

Ұлы Абайдың әдеби-шығармашылық мұрасында қарасөздері өз алдына бір байтақ әлемді алып жатыр. Бұл шығармаларда Абай өзінің оқушыларымен әңгімелесіп, жүзбе-жүз кездесіп, мәслихат, кеңес құрып отырған ойшыл ұстаз тәрізденеді. Абай қарасөздерін оқыту мәселесі – пән мұғалімдерінің көкейіндегі түйткілдің бірі. Ұлы ойшылдың философиялық ойлары мен көзқарасын тиімді педагогикалық әдіс-тәсілдер арқылы оқушы ұғымына түсінікті етіп жеткізу



Қарасөздердегі күрделі сөйлемдер арқылы берілген астарлы мағынаны, философиялық тұжырымдарды оқушылардың бір оқығаннан түсіне қоюы қиын. Кезінде Ахмет Байтұрсынұлы “... Абай сөздері жалпы адамның түсінуіне ауыр екені рас. Бірақ ол ауырлық Абайдың айта алмағанынан болған кемшілік емес, оқушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағанынан болатын кемшілік. Не нәрсе жайынан жазса да Абай түбірін, тамырын, ішкі сырын, қасиетін қармай жазады. Сондықтан сөзінің бәрі де халыққа тіреліп, оқушылардың біліміне сын болып табылады” деген екен.

Ақын шығармаларындағы айтпақ ой, терең философияны мұғалім өзі зерттеп түсінгенде ғана осы бағытта баламен жүргізілетін білімдік және тәрбиелік істері нәтижелі болмақ. Ұлы ойшылдың ғақлиясын меңгерту барысында төмендегідей оқу әдістерін пайдалану оң нәтиже береді.

### **I. Ұжымдық ойлау тәсілі арқылы мәтінмен жұмыс.**

Әдебиет сабағында ең басты нәрсе – мәтін. Абай қарасөздеріндегі терең философияны оқушы мәтінді меңгермесе аша алмайды. Сыныптағы оқушылар үш-төрт топқа бөлініп, мәтінмен жұмыс жүргізеді. Әр топқа әр түрлі қарасөз немесе барлық топқа бірдей қарасөзін талдауға тапсырма беріледі.

1. Мәтінді өз бетінше оқу.
2. Мәтіндегі түсініксіз сөздермен жұмыс.
3. Мәтінді абзацқа (азат жолға) бөлу, оған тақырып қою.
4. Мәтіндегі негізгі ойды анықтау.
5. Мәтінге жай жоспар жасау.

Осындай бағыттағы жұмыс нәтижесінде оқушылар мәтінді оңай меңгеріп, өз беттерінше шешім, жауап әзірлейді.

## **Отыз төртінші сөз**

### **Жай жоспар**

1. Өмір мен өлім кұпиясы.

(Өмір бар жерде өлім бар. Өлім жас талғамайды, ол – Алланың жазуы, өлгендер қайтып келмейді. Мәңгілік еш нәрсе жоқ.)

2. Адам баласына адам баласының бәрі – дос.

(Адам баласы «бес күндік» өмірде бір-біріне қонақ. Бір-біріне өшігіп, жауығып, не болса соған көрсеқызарлық жасап, дүние қуанышын дұрыс бөлісе алмай жату Алла жолына лайық емес.)

3. Тілеуіңді Құдайдан тіле.

(Бұл дүниеде пендешілік жасап ешкімге көз алартпа. Адамның көрер қызығы, қайғысы екі дүние аралығында. Көрсеқызарлық жасама, ешкімнен тіленбе, тілесен – Құдайдан тіле.)

Абай ұсынған жол: Адамға керегі – дүниеге қонақ екенін сезіну, өзінің мәңгілік еместігін ұғыну, сондықтан «бес күндік» ғұмыр үшін бір-бірімен қырқыспай игілікті істер жасауға ұмтылу.

## **II. Қарасөз мәтініндегі негізгі ойды тірек-сызба арқылы бейнелеу.**

Он жетінші қарасөзді меңгерту барысында үш топтан үш оқушы рөлге бөліп оқиды. Ақыл, қайрат, жүрек болып даулы пікірлерін айтқан соң сыныпқа «Айтылған пікірдің қайсысын мақұл көріп, орынды айтылған сөз деп санар едіңдер?» деген сұрау беріледі. Сыныпта әр ойды жақтаған қызықты пікірталас туады. Оқушылардың айтқан ойының барлығында да негіз бар екенін айта отырып, ғылымның ақыл, қайрат, жүрекке берген кеңесі оқылады. «Осы ұлы қасиеттер өз бойымыздан табыла ма?» деген сауалмен оқушыларды бір сәт ойландырдық. Ұлы ойшылдың өзі көксеген «Толық адам» жайлы ойын танып білдік. Қажырлы да қайратты, ақылды да мейірімді, жүрегі нұрлы адамның нағыз толық адам болатынын оқушылар ұғынады. Осы қарасөздегі негізгі

ойды тірек-сызбада бейнелесек, оқушылардың түсінігі әлдеқайда артады.

## Он жетінші сөз

Ақыл

Дүние мен ахиреттегі пайда мен залалды білетұғын – мен. Менсіз залалдан қаша алмайды, ғылымды үйрене алмайды.

Қайрат

Ерінбей, жалықпай үйрену – менің ісім. Адам болса жолға бара жатқан бойды қайта жиғызып алатұғын – мен.

Жүрек

Адам денесінің патшасымын, менсіз тіршілік жоқ. Ұят, рахым мен мейірім, әділет, нысап менен тарайды.

Ғылым

Ей, қайрат! Қаттылығың да мол, пайдаң да мол, залалың да мол. Кейде жақсылықты берік ұстап, кейде жамандықты берік ұстап кетесің, соның жаман. Ей, ақыл! Айла мен амал тауып, жақсы мен жаманға бірдей сүйеніш боласың, соның жаман. Адалдық пен ізгілік – тек жүректің ғана ұстанатын жолы. Адам үшін ең қажеттісі – жүрек қалауы. Осы үшеуің басыңды қос. Осы үшеуі тең табылған кісі – қасиетті адам.

еліне адал қызмет етуші

ақылды

еңбексүйгіш

Толық адам

қайратты, қажырлы


парасатты

жүрегі нұрлы, мейірімді

терең білімді

## Жиырманшы сөз

Адамдарға тән «Жалығу» сияқты мінездің пайда болуына жайлы сөз қозғайды.



## Отыз үшінші сөз

Қазақтың өнерлі адамын Абай әулие санайды. Бірақ сол өнерлі қазақтың бойында болатын кеселдерін атап береді.

<b>Кесел түрлері</b>	Өнерлі адам әрекеті
<b>Талапсыздық</b>	Қолынан келгенге мәз, өнерін ұштауға, жетілдіруге қыры жоқ.
<b>Еріншектік</b>	Өнерімен күнкөрістік аз ғана мал тапса, соған тоқмейілісіп, салғырттыққа салынып, еріншектікке бой алдырады.
<b>Алдауға салыну</b>	Бұл кесел өзге жұрттың кінәсінен болады. Маңайдағы көрші-көлем, ағайын-туған ондай жігіттің өнерін қасиетті деп қадірлемей, арзанға бағалап, тегін істетуге әуес келеді.
<b>Тамыршылдық</b>	Біреулер оны алдап-сулап, соның өнерін өзіне бедел қылып, соның билігін өз қолына алып, ақыры оны кіріптар етіп қояды.

## Екінші сөз

Өзге халықтардың өмір тәжірибесіндегі тағылымды жағынан үлгі алу керектігін айтады.

	<b>Ноғай (татар)</b>	<b>Сарт (өзбек)</b>	<b>Орыс</b>
<b>Абай пікірі</b>	Еңбек қылып, мал табудың жолын біледі. Салтанат, әсемдік те - соларда.	Сарттың екпеген егіні жоқ, саудагерінің жүрмеген жері жоқ, қылмаған шеберлігі жоқ.	Орысқа айтар сөз жоқ, біз құлы, күңі қадарлы да жоқпыз.
<b>Абайды қынжылтқан ойлар</b>	Көрші халықтардың өмір тәжірибесіндегі тағылымды жағына үңіліп, содан үлгі алудың орнына сыртына қарап үркіп, жаңсақтық жасаппыз. Неге өзбек сияқты егін салмасқа, ноғай сияқты сауда жасамасқа, орыс сияқты білімге күштар болып олармен терезе теңестірмеске?!		
<b>Абай ұсынысы</b>	<p><b>Ұлттық дамудың бағыттары:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Өзіңе өзгелердің көзімен қара.</li> <li>2. Шаруа істеп, өнер тауып еңбектен. Сонда қорлықтан құтыласың.</li> </ol>		



## Жиырма бесінші сөз

Жас буынды орысша оқытуға үндейді.

<b>Абай пікірі</b>	«Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да – бәрі орыста тұр. Залалынан қашық болуға, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек... Сен оның тілін білсең, көкірек көзің ашылады. Орыстың ғылымы, өнері – дүниенің кілті, оны білгенге дүние арзанырақ түседі.»
<b>Қоғамдық пікір</b>	Абай орысша оқу дегенде оны дүниенің тілін білу құралы ретінде ұсынып отыр. Мақсат орысша білуде емес, оны білім, ғылым, өнер жолына түсу үшін пайдалану. Ол кезде одан өзге жол жоқ. Батыстағы білім қорына шығу жолы – тек орысша оқу. Абай құр әншейін орысшаға бас шұлғып отырған жоқ.
<b>Менің пікірім</b>	Сол заманның тұрғысынан карағанда, өркениетті елдің жақсы жақтарынан үлгі алып, қалпымызды түзету – ең қажетті жағдай болды. Орыс тілі – өркениеттің тілі. Озық тілді үйрену арқылы санаңды, бойыңды түзетесің. Өзге тіл деп жатсынбай, тілін білсең, дүние тетігін табасың.

## Алтыншы сөз

Ақын қазақтың «Өнер алды – бірлік, ырыс алды – тірлік» деген мақалы төңірегінде философиялық мәнде ой өрбітеді.



Абай қарасөздері – оның ақындық мұраларына қосылған бағалы қазына. Ұлы ойшыл қарасөздерінде «артқа алаң болмай» алға ілгері басуды арман етті. Қазақтардың тарихи бетін дұрыс жолға бұрды. Ол өмірдегі құбылыстарды жіті қабылдап, өмірдің мерездеріне жирене қарады, оқырманын солардан безіндірді. Ұлы ойшылдың ғақлиясын әрбір қазаққа арналып айтылған аса ұлағатты ақыл-кеңестер деп ұғынған жөн. Абай қарасөздеріндегі құдіретті жас жеткіншектер санасына ұялатып әрі оның өмірлерінің ұстанымына айналдыра білсек, кәделі іс тындырған болар едік.



## ОҚУШЫЛАРДЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫСҚА БАУЛУ

Сабақ беру үдерісінде шәкірттерді шығармашылық жұмысқа баулудың маңызы зор. Жазба жұмыстары олардың танымдық белсенділігін, ойлау жүйесін арттыруға көмектеседі.

Шығармашылық жазба жұмыстарын бастауышы сыныптардан бастап жазған тиімді.

Шығармашылық жұмыстың алуан түрлері бар. Әрбір сабақта оқушыны шығармашылықпен еңбектенуіне, ізденуіне мүмкіндік жасағанда ғана елдің болашағы жарқын болмақ.

Шығармашылық жазба жұмыстары – тіл дамыту жұмыстарының бір түрі. Шағын әңгіме, ойтолғау, салыстырмалы мінездеме жазу, кейіпкер портреті, эссе жазу оқушыларды шығармашылық жұмыстарға үйретеді. Әңгіме жаздыруда сөзді сұрыптап қолдануға, ойдың байланысына, жүйелілігіне, көркемдігіне көңіл бөліп, ой қорыту қалай берілгендігін басты назарда ұстауға дағдыланады.

Оқушы шығармашылығын дамыту жұмыстарының бірі – пікірсайыс. Өздері оқыған кітаптары туралы пікірлерін жан-жақты талдап, өзіне деген сенімі артады.

Сол сияқты оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты өмірбаян, өтініш, хат, күнделік жаздыру, ал жоғары сыныптарда баяндама, тезис жазу, рецензия, реферат

жұмыстарына көңіл бөлу керек.

Шығармашылық жазба жұмыстардың мақсаты — логикалық ойлауды дамыту, шығармашылық қиялды, нақты нәрсені еркін, қызықты түрде беруге ұластыру, әдебиетті іштей түсіне отырып, оның мәні мен құдіретті орнын өз дүниесінде көркемдеп бере алу.

Оқушыларды шығармашылық жұмысқа баулудың тиімді әдісі - шығарма жаздыру. Шығарма жазуға үйрету — әрі жауапты, әрі көп ізденуді, көп еңбек етуді керек ететін жұмыстардың бірі. Шығарма — оқушының біреу немесе бірдеме жайында өз ойынан жазған еңбегі. Оқушыға шығарма жаза білуді үйретудегі мақсат - өз ойын, өз пікірін әдеби тілмен дәл әрі нақты жеткізе алатын сауатты адам тәрбиелеу, оқушыны күрделі шығармашылық ой еңбегіне баулу, оның түрлі тәсілдері мен амалдарын меңгерте отырып жазу жұмысына жаттықтыру.

Шығарманың жоспарын құру, тақырыпқа сай эпиграф таңдап алу, әр бөлім бойынша ой жүйелілігін сақтап баяндай білу, шығарманың тақырыбын аша білу жайында кеңестер беріліп отыруы қажет. Сонда ғана оқушы оқығанды оқулық көлемінде қайталап жазу емес, көңілге тоқығанды толғана отырып өз сөзімен айту, шығармашылық толғаныс сәтті бастан кешіру екенін ұғынады.

Оқушылардың шығармашылық мүмкіндігін, танымдық қабілетін жетілдіріп бекіте түсуде «Есіңе түсір» атты грамматикалық ойын ұйымдастыруға болады. Бұл әдіс бойынша ақын-жазушылардың өлеңдері мен шығармаларынан үзінді беріліп, оны әрі қарай жалғастыру оқушыларға тапсырылады. Мысалы, Сәкен Сейфулиннің «Көкшетау» поэмасындағы қолға түскен қалмақ қызының бейнесін суреттеген жерінен:

*Сол қыздың он жетіге келген жасы,  
Оралған аш беліне қолаң шашы.  
Қап-қара қарлығаштың қанатындай  
Иілген ақ маңдайда екі қасы.*

**Тапсырма:** Кімнің шығармасынан алынды? Кімді бейнелеп отыр?

Сөз тіркестерінің, троптың қай түрі екенін анықта. Өлеңді жалғастыр.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін кеңейтуде, ана тілін ардақтауда, сөз мәдениетін жетілдіруде сазды ырғақпен әуезді әннің алатын орны да бар.

Осындай тапсырмалар оқушылардың терең ізденуіне, ойлау қабілетінің артуына, шығармашылыққа баулиды.

---

*... Деген екен!*

## **ЖҰМЫС ПЕН ЖЫНЫС**

«Арай-Заря» журналдарының бас редакторы, жазушы Әшірбек Көпішев бірде суретші інісі Еркін Нұразхановқа: «Бізге бір мықты суретші тауып берші», - деп өтініпті. Келесі күні Еркін Мәскеудің полиграфиялық институтын бітірген бір жас келіншекті Әшірбектің алдына ертіп барады.

- Еркінжан-ау, мен саған ер адам тапсырып едім ғой, - дейді Әшірбек ыңғайсызданып. Сонда Еркін:

- Әшеке, сізге адамның жұмысы керек пе әлде жынысы керек пе? - деген екен.

*(...Деген екен! Астана, «Аударма», 2003, 118-бет.)*

Серәлі ӨТЕБАЙ,  
№32 орта мектептің мұғалімі.  
Қызылорда облысы,  
Арал ауданы,  
Ақбасты ауылы.

## ОЙКӨКПАР («ОҚУШЫ МӘДЕНИЕТІ»)

(11-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** 1) оқушыларға пікірталас түрлері туралы түсінік беру, өз ойларын көркем, жүйелі, айшықты жеткізе білуге үйрету, пікірталас мәдениеті, әдебі, жүргізілуі жайында ұғындыру.; 2) ой еркіндігі мен сөз шешендігі, түрлі жағдаяттардан жол тауып шығу үлгілерін қалыптастыру, қарсыласты сөзден тоқтату амалдарын, шешендік сөз саптау әдістерін меңгерту; 3) өзара бір-бірінің пікірлерін тыңдай білуге, ұжымдаса кеңесе білуге, бір-біріне әдептілік үлгілерін көрсетуге, шешен сөйлеп, көркем ой толғауға тәрбиелеу.  
**Типі:** пікірсайыс сабақ. **Әдісі:** сұрақ-жауап, пікірталастыру.  
**Көрнекілігі:** тақырып арқауы, «Көкпар» пікірсайысы бағдарламасы. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет.

### Сабақ барысы. I. Ұйымдастыру.

а) Оқушылардың сабаққа қатысуын, сынып тазалығын, сабаққа дайындығын тексеру. ә) Сабақ тақырыбы бойынша («Оқушы мәдениеті») ақтаушы және даттаушы топтарды бөлу. Топ басшысын белгілеу. б) Әділ қазылардың белгіленуі (үш адам).

### II. Негізгі бөлім.

«Оқушы мәдениеті» тақырыбы бойынша екі топ оқушыларының пікірталасын ұйымдастыру. Тақырып желісі:  
Мәдениет деп нені түсінуге болады?

Оқушы мәдениеті, ол қандай болады?

Мәдениетті оқушы деп кімдерді айтамыз?

Мәдениетсіз оқушылар, олар кімдер?

Оқушы мектепте.

Оқушы мектептен тыс орындарда.

Сабақ теледидарда жүргізілетін «Көкпар»

бағдарламасына ұқсастықта өтуі керек. Әр кезеңге уақыт белгіленеді.

**1. Қан қыздыру.** Екі топ басшысына сұрақ.

Қазіргі оқушыларда мәдениет... (бар... жоқ)

**2. Іліп әкету.** Екі топ басшысы бір-біріне сұрақтар қояды. Ортақ тақырып: «Оқушы мәдениеті».

**3. Ширату.** Екі топ мүшелері бір-бірлеріне сұрақтар қояды.

**4. Дода.** Тақырып бойынша оқушылар арасында пікірталас (ойкөкпар) ұйымдастырылады. Әр топ мүшесі - спикер.

Әр түрлі жағдаяттар қарастырылады.

**Бірінші жағдаят.** Сабақ үстінде оқушы партаға жазу жазып отырды. Мұғалім оған ескерту жасады, бірақ оқушы жазуын бұдан кейін де жалғастыра берді. Оқушы мәдениеті туралы не айтуға болады? Әр топ өз көзқарастарын қорғайды.

**Даттаушы топ:** Оқушының сабақ үстінде партаға жазуы дұрыс емес, қоғам мүлкін бүлдіруге болмайды, бұл оқушы мәдениетінің төмендігін көрсетеді.

**Ақтаушы топ:** Оқушының сабаққа қызғушылығы жоқ, мұғалімнің сабақ әдісі оған ұнамайды, сондықтан ол осындай іспен шұғылданды.

**Екінші жағдаят.** Оқушы анасынан би кешіне баруға рұхсат сұрады. Ол бұл жайында достарымен уәделесіп қойған болатын. Анасы баласына рұхсат бермеді. Ана мен бала арасында ренжісу, сөз алысу болды. Оқушы мәдениеті жайында не айтуға болады? Әр топ өз көзқарасын қорғайды.

**Ақтаушы топ:** Оқушы достарымен уәделесіп қойған, егер ол уәдесін орындамаса, достар арасында бір-біріне сенімсіздік туады, оқушы анасымен сол үшін сөзге келді.

**Даттаушы топ:** Оқушы анасының айтқанын істеу керек, анасымен сөз алысуы дұрыс емес, ана баласына ешқашан зиян ойламайды, бұл тәрбиесіздік мәдениетсіздікті көрсетеді.

**Үшінші жағдаят.** Тоқсан аяғы жақындап қалған болатын. Сабақтардан үлгерім қорытындысы шығарылуға жақын. Мұғалім оқушыдан сабақ сұрады. Оқушы сабаққа дайындалмаған екен.

- Сабаққа дайындалмағансың, тоқсанға «екіге» шығасың, - деді мұғалім.

- «Екіні» қоймаңыз, - деді оқушы.

- Неге? Күнделігіңді әкел!

- Жоқ! Күнделігімді бермеймін. «Екіні» қоймаңыз.

Оқушы мен оқытушы арасында күрделі мәселе қалыптасты. Кімді ақтауға, кімді даттауға болады?

**Даттаушы топ:** Оқушы міндеті - сабаққа дайындалып келу, оның мұғаліммен сөз алысуы дұрыс емес, оқушы тәртіпке бағынуы тиіс.

**Ақтаушы топ:** Мұғалім оқушыдан сабаққа дайындалмау себебін сұрауы керек еді, бәлкім, ол жалғыздікті көршісіне көмектесемін деп сабақ оқи алмаған шығар.

Тыңдаушылардың әр топ мүшелеріне қояр сұрақтары болса қоюларына болады.

**5. Салым.** Әр топ мүшелері тақырып бойынша өздерінің түйінді ойларын қысқаша ғана тұжырып, нақтылап айтады.

**III. Қорытынды.** а) Қазылар сараптамасы.

ә) Ойкөкпарға қатысушыларға тыңдаушылар бағасы беріледі (Қолдарындағы әр түсті кәртішкелерді көтеру арқылы беріледі). б) Жүргізуші тұжырымы.

**Оқушыларды бағалау.**

# ТҰЙЫҚ ЕТІСТІКТІҢ ТҮРЛЕНУІ

(7-сынып)

**Сабақтың мақсаты: білімділік** – етістік, тұйық етістік туралы білімдерін пысықтап, тұйық етістіктің түрленуі мен түрлену ерекшеліктері туралы түсінік беру; **дамытушылық** – оқушылардың лингвистикалық дүниетанымдарын, өз бетінше зерттеп оқу, дәлелдеу дағдыларын, пікірталаста өзін-өзі ұстау, еркін сөйлеу дағдыларын дамыту; **тәрбиелік** – ана тілін сүйе, қадірлей білуге баулу, адалдыққа, мейірімділікке, адамгершілік қасиеттерге баулу. **Түрі:** аралас сабақ. **Типі:** жаңа білім беру. **Әдісі:** ауызша сұрақ-жауап, топтастыру, салыстыру, сын тұрғысынан ойлау, өз бетінше іздену, талдау әдістері. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, тақырыпқа арналған кестелер, дидактикалық материалдар. **Пәнаралық байланыс:** қазақ әдебиеті.

## Сабақтың барысы.

**Ұйымдастыру.** «Ана тілі» әні үнтаспадан орындалып тұрады. Оқушылармен сәлемдесу, түгелдеу. «Жақсы ниет» оқушылар бір-бірімен жақсы тілектер, ниеттер айтады. Оқушылардың сабаққа дайындығын қадағалау.

**Үй тапсырмасын сұрау.** Үйге берілген тапсырманы сұрау, жаттығуды тексеру, өтілген тақырыпты «Компьютер әлемінде» атты ойынмен пысықтау.


Әр көбелекті ашқанда, артында үй тапсырмасы бойынша сұрақтар шығады. Оқушылар сол сұрақтарға жауап берулері

керек.

1. Көсемшенің жұрнақтарын атаңыз.
2. Көсемшенің қай жұрнағы жіктелмейді?
3. Көсемшенің сөйлемдегі қызметін айтыңыз.
4. *Абай мен Ербол қалаға кеп жатқалы бірталай күн өтті.* Сөйлемнен көсемшені табыңыз.
5. *Сөйле* деген етістікті жіктеңіз.

### Жаңа сабақ.

1. Өтілген тақырыптарды топтастыру әдісі арқылы қайталау, жаңа сабақпен байланыстыру. Етістіктің түрлерін топтастыру әдісі бойынша слайдта көрсетілген. Оқушылар етістіктің түрлерін және оның жұрнақтарын атаулары қажет. Интерактивті тақтада топтастыру әдісі жасалған кестеден етістіктің әр түрін атағанда олардың жұрнақтары артынан шығып отырады. Сол арқылы оқушы өзінің дұрыс не бұрыс жауап бергенін тексеріп отырады.



### 2. Жаңа сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтау.


#### «Миға шабуыл»

Топтастыру әдісімен жасалған кестеде ? белгісі қойылған тор көз бар. Сол тор көз бойынша жаңа сабақтың тақырыбы мен мақсаты анықталады. Тор көздегі сұрақ белгісін басқанда үлкен әріппен жазылған -У жұрнағы шығады. Оқушылардан



-у жұрнағы етістіктің қайсы түріне жалғанатынын сұрап, -у жұрнағы тұйық етістікке жалғанатынын айттырып, ендеше бүгінгі сабақтың тақырыбы да тұйық етістіктің түрленуі екенін атап өтіп, сабақтың мақсатына тоқталу.

**Жаңа сабақты түсіндіру.** Тұйық етістік – етістіктің ерекше түрі. Мағынасы жағынан ол қимылдың, іс-әрекеттің атын білдіреді, шақпен де, жақпен де байланысты болмайды. Тұйық етістік қимылдың, іс-әрекеттің атауы ретінде қолданылады, етістік тұлғаларына тән шақтық мағынаны, жақтық мағынаны да білдірмейді. Тұйық етістік етістіктің негізгі және туынды түбіріне, етіс және болымсыз етістік тұлғаларына -у жұрнағы жалғану арқылы жасалады. Мысалы: *сұрау, жүру, атау* т.б. Тұйық етістік заттық мағынада жиі қолданылады. Тіпті тұйық етістіктердің кейбірі белгілі заттың, көбіне құралдың атын білдіріп зат есім болып кеткен. Мысалы:



Осы сөздерді мағынасына қарай талдасақ, аталуы бірдей болғанмен де, бірде заттың атауы, бірде іс-әрекеттің атауы болып тұр. Аталуы бірдей, бірақ мағыналары басқа сөздерді қалай атаушы едік?

Оқушылардың жауабын толықтыра келіп, оларды

омоним деп атап, 5-сыныпта өткендері еске түсіріледі.

## Тұйық етістіктің септелуі

Тұйық етістіктің септелуі:

А. Меңгеру ...

І. Меңгеру ...

Б. Меңгеру ...

Т. Меңгеру ...

Ж. Меңгеру ...

Ш. Меңгеру ...

К. Меңгеру ...

Жазайық

Жазайық деген белгіні басқанда интерактивті тақтада сол сөздерді түрлендіреді. Оқушылар өздерінің талдауларын дұрыс нұсқамен салыстыра отырып тексеріп шығады.

## Тұйық етістіктің тәуелденуі

Тұйық етістіктің тәуелденуі:

І жақ. Сөйлеу ..., сөйлеу...

II жақ. Сөйлеу ..., сөйлеу...

Сөйлеу ..., сөйлеу...

III жақ. Сөйлеу ..., сөйлеу...

Жазайық

Оқушылар осы талдаулардан тұйық етістіктің қалай түрленетіні туралы қорытынды шығарады. Оны топтастыру әдісі арқылы жасалған кестеден көруге болады.



Тұйық етістіктің көптелетінін, септелетінін, тәуелденетінін оқушылар талдау барысында дәлелдеп, тұйық етістіктің түрленуіне көздері жетті.

**Оқулықпен жұмыс жүргізілді.**

**Білімдерін бекіту:**

«Мақал – сөздің мәйегі» атты ойын ұйымдастыру. Мақал-мәтелден тұйық етістікті табу, морфологиялық талдау жасату, тәрбиелік мәніне тоқталу.

Мұқағали Мақатаевтың өлеңін тыңдату, тұйық етістіктерді таптыру.

---

---

**Гүлмаржан ҚУАНБАЕВА,**  
**Ақтау қаласындағы**  
**№28 орта мектептің**  
**мұғалімі.**

## **ШЕШЕНДІК ӨНЕР ТУРАЛЫ ТҮСІНІК**

*(11-сынып)*

**Сабақтың мақсаты:** *білімділік* – сөйлеу мәнерін қалыптастыру, қазақ тілінде сөйлеуші ретінде ұлттық шешендік үлгісін меңгерту, демократиялық қоғамның мүшесі ретінде сөз бостандығы деңгейінің табиғатын білу; *тәрбиелік* – адамгершіліктің заңдылықтарын сөйлеу үдерісінде сақтауға дағдыландыру, этика мен тілдің ара қатынасын тану, ұлттық қасиеттердің сөз арқылы танылуы мен сақталынуы, әлемдік сөз этикетінің байланысын таныту, әлеуметтік барлық деңгейдің сөз мәнерін таныту; *дамытушылық* – есі мен жадын, тілін дамыту, ұлттық ойлау заңдылықтарын танып меңгерту, жан-жақты дамыған тұлға

ретінде танылуы. Әдіс-тәсілдері: көрнекілік, түсіндіру, талдау, кітаппен жұмыс, мәнерлеп оқу, көз жүгірту, проблемалық жағдаят туғызу. **Көрнекілігі:** шешендердің суреттері, ұнтаспа (шешендік сөз үлгілерінен үзінділер), кітап бұрышы (шешендік сөз жинақтары), сызба (сұрақ пен тапсырмалар), магнитофон.

### **Сабақтың барысы.**

I. **Ұйымдастыру** бөліміне сәлемдесу, сабаққа келмегендерді анықтау, сабақтың құрал жабдықтарының, сынып бөлмесінің әзір екенін тексеру енеді.

### **II. Үй тапсырмасын сұрау.**

«Тіл туралы заң – бүкіл ел атқаратын жұмыс» тақырыбында Марал деген оқушының шығармасы.

*Қазіргі уақытта мемлекеттік тілді білмеу – үлкен ұят, көпшілік алдында сағың сынады. Жарқын болашақ сол мемлекеттік тіл арқылы баянды болады. «Өлімнен ұят күшті» екенін жете түсінген әрбір азамат мемлекеттік тілді үйренуге міндетті, онсыз келешек жоқ.*

*Мемлекеттік тілдің бүкіл нәрін жас ұрпақтың бойына сіңіру – үлкендердің басты борышы, ұстаздардың қастерлі жұмысы. Шын мәніндегі мемлекеттік тіл қызметін атқару үшін әрбір оқу орны, әрбір ұжым қазақ тілін оқып үйренуі ісін жоғары деңгейде ұйымдастыру керек. Сонда ғана бейбіт өмір ел бірлігінің ұйтқысына айналады.*

*Мемлекетіміздің ең негізгі тірегі - қазақ тілін қоғамдық өмірдің барлық саласында жан-жақты дамыту мәселесі бүгінде күн тәртібінде ерекше тұр. Мұны ешкім де теріске шығара алмайды, себебі тарих дөңгелегін кері айналдыруға ешкімнің құдіреті жетпейді.*

Мұғалім бес-алты оқушыға оқытқызғаннан кейін сұрақтар қояды.

1. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев қай жылы қай күнді Қазақстан халықтарының

тілдер күні болу жарлығына қол қойды?

1998 жылдың қаңтар айының 20-сы күні қол қойған жарлығымен 22 қыркүйек – Қазақстан халықтарының тілдер күні болып белгіленді.

2. Қазақстан Республикасының тілдер туралы заңының қай бабында мемлекеттік тіл қазақ тілі екендігі жарияланған?

(Тілдер туралы заңның 4-бабында мемлекеттік тіл қазақ тілі екендігі айтылған).

Қазақ тілі өзінің барша құдірет-қуатымен әлемдік тіл кеңістігінің құрамдас бөлігі болып табылатынын, тілді қадірлеу дұрыс сөйлеуден басталатынын, адам мәдениетінің алғы шарты дұрыс сөйлей білу екенін айтып, мұғалім үй тапсырмасын қорытады.

### **III. Жаңа сабақтың басталуы.**

Сабақтың сәтті өтуі оның қалай басталғанына байланысты. Сондықтан біз сабақты оқушылардың шешендік, тіл өнері, сөйлеу өнері туралы арнайы білім алмағанымен, өмір тәжірибесі негізінде қалыптасқан білімін еске түсіруден (актуалдау) бастадық. Ол үшін сұрақ-тапсырмалар берілді. Мұндай сұрақ-тапсырмалар арқылы сабақты бастау тақырыптың эвристикалық ізденіспен жүруіне негіз қалайды.

1. Қазақ халқы шешенді неліктен дана санаған?

2. Шешеннің сөзшең адамнан айырмашылығы бар ма?

3. «Өнер алды – қызыл тіл» деген мақалдың мәнісін тереңнен талдап түсіндіріңдер.

Оқушылар мұндай сұрақтарға түрліше жауап берді. 1-сұрақ бойынша жауаптар.

– Өйткені дана көп білетін болған. Соған қарағанда шешен де көп білетін шығар.

– Шешенді дана деп санауы ойын тура айта алатындығынан деп ойлаймын.

– Даналық қасиет тек көп сөйлеуден емес, көп білуден әрі

Соны көп алдында айта білуден құралады ғой.

2-сұрақ бойынша жауаптар.

– Айырмасы жоқ деп ойлаймын, болса аз ғана бар шығар.

– Екеуі ұқсас шығар, себебі екеуі де жақсы сөйлейді ғой.

– Айырмасы бар екенін білемін, бірақ қалай екенін айта алмаймын.

3-сұрақ бойынша жауаптар.

– Жер бетіндегі өнер атаулыны игеру үшін алдымен тілді игеру керек деп түсінемін...

Мұндай жауаптардан соң оқушыларға мынадай сұрақ қойылды: – Ал, «өнер» деп нені айтады?

– Өнер дегенді айтыс, өлең шығару, би, қолөнер, ән деп түсінемін.

«Өнер алды – қызыл тіл» дегендегі «өнер» қазіргі қолданыста жүрген «өнер» сөзі мағынасынан анағұрлым терең мағынаны білдірген. Бұл мақалдағы «өнер» – өмірдің сан саласында қажетті әдіс-тәсілдер деген сөз. Ол салаға кәсіп те, ғылым да, өнерпаздық та, ой қызметінің сан түрінде кіреді. Солардың барлығын тани білу, оларды талдап, ойда жинақтап, есте сақтап, ой құрап, оның барлығын сыртқа шығаруды тілді жете меңгергенде ғана игердім деп айта аласың. Қазақ халқының дана халық екендігі дүниені тану, сырын меңгеру, өмірлік қажетіне жарату, жақсы болуы үшін ең алдымен жүйелі сөйлей білу әдіс-тәсілдерін үйренуге шақырғанынан көрінеді.

Осындай кіріспе әңгімеден соң **жоспар-тезиспен** таныстырылды. **Қажетті әдебиеттер** ұсынылып, сабақтың мазмұны толық баяндалды.

#### IV. Жаңа сабақ бойынша жұмыс.

Магнитофонды іске қосар алдында «Шешендік сөз үлгісіндегі кейіпкерлердің сөйлеуіне назар аударып отырыңдар» деген және басқа да тапсырмалар берілді.

Сөйлеу сипатына, интонациясына, сөздің айтылу

әсерлігіне назар аударындар.

Айтылған сөздер арқылы кейіпкерлерге мінездеме беріндер.

Мұндағы сөйлеу стилін анықтаңдар.

Оқушыларға бір-екі шешендік сөз үлгісін мәнерлеп оқу тапсырылды.

Сабақтың соңында осы тақырыпқа байланысты **сұрақтар** мен **тапсырмалар** берілді (сұрақтар арнайы тақырыптар бойынша іріктелген).

Сабақ үдерісінде арнайы рөлге бөліп оқытылған шешендік сөз үлгілері магнитофоннан тыңдалынды.

### **V. Үйге тапсырма беру.**

1) «Шешендік өнер туралы түсінік» тақырыбына дайындалу.

2) Шешендік сөздерге байланысты мақал-мәтелдер жазып келу.

3) Шешендік сөз жинақтарынан («Қазақтың жүз шешені») мысалдарды оқып талдау.

### **VI. Оқушыларды бағалау, сабақты қорытындылау.**

---

Айтқыштар ауылында

## **ҚҰРДАСТЫҢ БАҒАСЫ**

Бықыштың құрдасы Ботыхан бір жолы:

- Мен қандаймын, сен баға берші,- депті.

Сонда Бықыш:

- Артыңнан қарағанда, кептеген торсықтайсың,

Алдыңнан қарағанда, сарқасқа борсықтайсың,- деген екен.

(Ауылдың айтқыштары. А., «Өнер», 1994 жыл, 62-бет.)

Алтынай БЕЙСЕМБАЕВА,  
Құмаш Нұрғалиев атындағы  
гимназияның мұғалімі.  
Шығыс Қазақстан облысы,  
Күршім ауданы.

## ЕСІМДІК


(6-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** білімділік - оқушыларға есімдік туралы мәлімет беру, оның ерекшелігін ұғындыру; тәрбиелік - туған жерін сүйге, жер-суды қастерлей білуге, адалдыққа, адамгершілікке тәрбиелеу; дамытушылық - оқушыларды сын тұрғысынан ойлауға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға баулу, жаттығуларды орындата отырып, өз бетінше жұмысқа, ізденімпаздыққа, тапсырмаларды тиянақты орындауға, алғырлыққа баулу, сауатты жазуға үйрету. **Көрнекілігі:** тестік сұрақтар, сөзжұмбақ, слайд, компьютер. **Түрі:** жаңа сабақты меңгерту. **Әдісі:** сұрақ-жауап, түсіндіру.

**Сабақтың барысы. 1. Ұйымдастыру**

**2. Үй тапсырмасын тексеру, пысықтау**

Жоспар - кесте





1) Білімді тексеру. Компьютерден тест сұрақтарының шешеді.

**Жаңа сабақ.** А) Кіріспе сөз.

– Балалар, біз қандай билерді білеміз?

– Төле би, Әйтеке би, Қаз дауысты Қазыбек би (слайдтан үш бидің суреттері шығады)

– Олай болса Қазыбек бидің қазақ туралы айтқанын оқып талдаймыз.

– Жіктеу есімдігі – *біз*. «Біз» деп тұрғаны – бүкіл қазақ.

Ә) Түсіндіру. Есімдіктер есім сөздердің (зат есім, сын есім, сан есімнің) атын да, белгісін де, санын да атамай, тек соларды нұсқап, меңзеп көрсетеді де, олардың орнына қолданылады.

Есімдіктер мағынасына қарай жеті топқа бөлінеді (слайдтан көрсетіледі).

1. Жіктеу есімдігі 2. Сілтеу есімдігі 3. Сұрау есімдігі  
4. Өздік есімдік 5. Жалпылау есімдігі 6. Болымсыздық есімдігі 7. Белгісіздік есімдігі.

**2. Зерттеу жұмысы.**

Оқулықтан 192-жаттығуды оқу, талдау. Есімдіктер қандай сөздердің орнына жұмсалып тұрғанын айтқызу.

**3. Сауаттылық сатысы** (сұрақ-жауап).

-Есімдік дегеніміз не?

-Есімдіктің түрлерін ата.

-Ойыңнан мысал келтір.

**4. Топпен жұмыс.** I топ 193-жаттығудың тапсырмаларын берілгені бойынша орындайды.

II топ 194-жаттығуды берілгені бойынша орындайды.

**5. Шығармашылық жұмыс.** Екі топ та туған жер туралы шығарған өлең шумағын, шығармасын оқиды. Ішінен есімдіктерді тауып, қай түріне жататынын айтады.

**Оқулықпен жұмыс.** 195-жаттығу (оқу, талдау).

– Не туралы айтылған?

– Оқу-білім туралы.

– Мақал –мәтелдерді білесіңдер ме? Екі топ та жаза қойыңдар.

(Оқыту. 5 минут ішінде неше мақал-мәтел жазады екен).

**6. Тақтамен жұмыс.** Экранда жазылған екі ақынның

оқу-білім туралы шығарған өлеңдерін оқыту .


1. Ахмет Байтұрсынұлы.

2. Мағжан Жұмабайұлы.

(Өміріне қысқаша шолу. Бес арыс екенін де айту.)

**Ауызша жұмыс.** Сөзжұмбақ шешу (слайд).

*Есімдік* деген сөз шығады.



(Экранда сұрақтары көрсетіліп тұрады).

1. Бес арыстың бірі (Жүсіпбек)

2. Ғарышкер ағамыздың фамилиясы (Мұсабаев)

3. Бөлмеде өрт шықса не істейміз? (Сөндіреміз)

4. Қазақтың рухани көсемі (Ахмет)

5. Ерасылға Нарбала, Қабан батыр, тағы кім деп ат қойды? (Дарабоз)

6. Оқушы құралы (Кітап)

7. Не істейді, не қылды, қайтты деген сұрақтар қай сөз табына байланысты қойылады? (Етістік)

**Сабақты қорыту.** – Сонымен нені өттік? (Компьютермен жұмыс).

Нені қайталадық?	Нені оқыдым?	Нені білгім келеді?

**Үйге тапсырма.** Есімдікті қайталау. Есімдікке байланысты бес сөйлем құрап жазу. Ережелерді қайталау.

**Бағалау.**

«Білім пердесі» бойынша бағалау

Оқушының аты-жөні. Топ нөмірі	Үй тапсырмасын тексеру. Тест.	Сауаттылық сатысы. Ауызша жұмыс	Топпен жұмыс	Шығармашылық жұмыс	Мақал-мәтелдер	Сөзжұмбақ шешу	Қорытынды баға
I топ 1. 2. 3. 4. 5. II топ 1. 2. 3. 4. 5.							





**Күлипа АБЫЗБАЙҚЫЗЫ,**  
**№181 қазақ орта мектебінің мұғалімі.**

Қызылорда облысы,  
Шиелі ауданы,  
Алмалы ауылы.

## **ЖАЙ СӨЙЛЕМНІҢ ТҮРЛЕРІ**

*(8-сынып)*

**Мақсаты:** 1) жай сөйлемнің сөйлем мүшелерінің қатысына қарай түрлерін таныту, сөйлем, сөйлемнің құрамы, сөйлем мүшелерінің қатысына қарай түрлері, жасалу жолдары мен сипаты, стильдік қызметі мен мәні туралы түсінік беру; 2) тірек сызбалар бойынша жұмыс, талдау жұмыстарын жүргізу; 3) адамгершілікке баулу. **Типі:** жаңа білім беру сабағы. **Түрі:** лекция. **Әдісі:** алгоритм, проблемалы баяндау, талдау. **Пәнаралық байланыс:** орыс тілі, қазақ әдебиеті. **Көрнекілігі:** тірек сызбалар, кесте, технологиялық карта.

### **Сабақтың барысы.**

#### **Ұйымдастыру жұмысы.**

1) Сыныпты отырғызып, сабаққа дайындықтарын қараймын.

2) Бүгінгі сабақтың мақсат-міндетін түсіндіремін.

Өткен тарауды еске түсіру, сұрау, қорытындылау.

Оқшау сөз дегеніміз не?

Оқшау сөздің түрлерін ата.

Қыстырма сөз дегеніміз не? Мысал келтір, т.б.

#### **Жаңа сабақ.**

1. **Кіріспе әңгіме жүргізу.** Сабақтың ерекшелігін хабарлаймын. Технологиялық картамен таныстырамын. Карта бойынша сабақ санын, тапсырманың көлемін, болжау жұмысын таныстырып түсіндіремін.


## 2. Сөйлем, сөйлемнің түрлері туралы жалпы түсінік беру.

(Түсіндіру кезінде тірек сызбаларды, анықтамаларды қолдану.)

1-кесте



2-кесте



## 3. Алгоритм бойынша жұмыс. (Сөйлемдер жазылған кестені іліп қоямын.)

1. Сөйлемдерді жаз.
2. Сөйлем мүшелерін талда.
3. Әр сөйлемге сипаттама бер.
4. Ерекшелігін түсіндір.
5. Анықтама бер.

Берілген сөйлемдер:

1. Далба тауында атақты Бұқар жырау күмбезі бой көтерді.

2. Мейрамның Әлиарға соға кеткісі келді.

3. Үскірік. Аяз. Тұлданған күн.

4. Жаңбыр сіркіреп тұр.

5. Алыстан мұнар тау көрінеді.

6. Қайта-қайта келе берді.

7. – Сатуға әкелдің бе?

8. – Әрине.

4. **Кесте бойынша айтылғандарды пысықтау**

(1,2-кестелер бойынша).

5. **Жаттығу жұмысын жүргізу**

69-жаттығу (ауызша). Жаттығуды оқыта отырып талдау жасатамын. Әрбір сөйлемнің жақты сөйлем екенін дәлелдетемін.

70-жаттығу (жазбаша). Көшіріп жазып, тұрлаулы мүшелердің астын сызу. Олардың қай жақта байланысып тұрғанын айту. Өз сөздерімен әңгімелеу.

6. **Қорытындылау жұмысы.**

– Жай сөйлем сөйлем мүшелерінің қатысына қарай нешеге бөлінеді?

– Оларды атап шық, т.б.

7. **Үйге тапсырма.** Үй тапсырмасын үш деңгейде беремін. Орындалуын балдық жүйемен бағалаймын.

1) Тақырыпты оқы. 71-жаттығудың 1-тапсырмасы («3»).

2) Тақырыпты оқы. 72-жаттығу («4»).

3) Тақырыпты оқы. 71-жаттығудың 2-тапсырмасы және 72-жаттығу («5»).



Райхан БЕГАЛИНА,  
Ақмола облысының  
Зеренді ауданындағы  
“Қызылсая” орта мектебінің  
мұғалімі.

## МАҒЖАННЫҢ «БАТЫР БАЯН» ПОЭМАСЫ

(XI сынып)

**Сабақтың мақсаты:** поэманы түсініп оқып, Баян бейнесін екі топ өз көзқарастарында дәлелдеу (айғақ пен дәлелдеме арқылы); сөз астарына үніліп мағынасын түсіну, өзекті ойды бөліп ала білу, сыни тұрғыда ой қорытындысын жасау, өз пікірін қорғай білу, сөйлеу мәнерін қалыптастыру, дағдыларын дамыту; поэманың басты кейіпкері Баянның іс-әрекетіне екі түрлі көзқараста баға беру, әр топ өз пікірлерін өз дәлелдемелеріне сүйене отырып, бұлтартпас айғақтар келтіру, мақал-мәтел, афоризм сөздерді тірек етіп қолдана білуге үйрету. **Түрі:** дебат-пікірсайыс сабағы.

**I кезең.**

**Жақтаушы топтың қарар тақырыбы:** «Інісін өлтірген Баянның ісі қылмысқа жатпайды»

**Кілт сөздер, аргументтер:**

1. Қылмыс - кісіні қасақана дайындалып өлтіру.
2. Ар-намысын, ел намысын қорғау үшін жасалған.
3. Кек – жауға, дұшпанға, сатқынға деген өшпенділік, қастық.

**Дәлелдемелер:** 1. «Батыр – ел қорғаны»

2. «Жауға жаныңды берсең де, жолдасыңды құтқар»

3. Халқының намысы, ер азаматтың азып, дұшпанға күлкі болмауы үшін жасалған қылмыс – қылмыс емес.

### **Айғақтар:**

1. «Би, Қанай! Аттанбайды хан Абылай, келмесе қандыбалақ батыр Баян»

2. Жоқ, әлде, жоқ, жоқ, әлде өлтірдім бе,  
Інімді алты алаштың намысы үшін?!

3. – Апырым-ай, алаш арын жоқтамастан жөңкіліп бұл кетудің мәні қалай? Жігіттерімді жинайын, олар кетсе де, мен кетпеспін.

**Даттаушы топ мүшелерінің жақтаушы топ мүшелеріне қарсы сұрақтары:**

1. Ноян сүйгені үшін айыпты ма?

2. Кісі өлтірмей ер, ел намысын қорғауға болмай ма?

3. Әйел үшін інісін өлтіру батырға лайық іс пе?

4. Баян өшін сұм сұлудың сайқалдығынан неге алмады?

**II кезең. Даттаушы топтың қарар тақырыбы:** «Інісін өлтірген Баянның ісі қылмысқа жатады»

### **Кілт сөздер, аргументтер:**

1. Қызғаныш сезімі жайлағаннан кейін өлтірді.

2. Халық кегін, намысын алға тартып өш алды.

3. Туғанын, бауырын, жалпы кісі өлтіру қылмысқа жатады.

### **Дәлелдемелер:**

1. «Ашу-ызамен жасалған істі іске асырушы - Баян»

2. «Кінәсін жуу үшін соғысқа аттанып, қалмақпен соғысады»

3. «Сұлуға деген махаббаты, айырылып қалу күйініші қылмысқа итермелейді».

### **Айғақтар:**

1. Ер Баян бір жорықта еліме ойран салып, ата-анамның бауырынан шырқыратып алып кетті.

2. Екі қыршын жастың ажалы: «Жан көке, аға!», «Баян



аға!»

3. Баян монологы: «Жейтұғын өз күшігін болдым бөрі,  
Ісімді мынау ағат немен жабам?»

**Жақтаушы топ мүшелерінің даттаушы топ мүшелеріне қарсы сұрақтары:**

1. Елін, жерін, туғанын әйел үшін тастай қашқан Ноян ісі ердің ісі ме?
2. Ағайын арасына от салған, ерді аздырған сұм сұлудың ісін қалай түсіндіресің?
3. Қазақта «Ер жігіттің бірінші бақыты – Отаны» дейді. Сонда Ноян сұлу үшін өз бақытынан бас тартып, қара басының бақытын алға қойған ба?
4. «Жамандықты жазаламаған адам – оның дем берушісі» деген Леонардо да Винчи. Егер Ноянның сатқындық, опасыз ісі жазаланбаса дұрыс деп ойлайсың ба? Ертеңдері сол Ноянның қарсы жақтан жау болып шықпасына кепіл бола аласың ба?

**III кезең.**

**Жақтаушы топтың пайымдаулары:**

1. Адамгершіліктің негізі – әр адамның ұлтын, жерін сүйюінде.
2. «Өзің үшін ғана еңбек етсең, өзің үшін оттаған хайуанның бірі боларсың» деген Абай.
3. «Батыр болып туған жігіттің садағының оғы да қылыштай кесіп түседі» деген Қорқыт.
4. «Атаның атын былғаған ақылсыз баланың әке омыртқасынан жаралып, ана құрсағында шырланып тұмағаны жақсы» деген Қорқыт.
5. «Отаныңның перзенті бол, туған жер топырағымен байланысыңды терең сезін, оған перзентше қара, одан алғаныңды үш еселеп қайтар. Дүние жүзінде біздің елімізден басқа да алуан түрлі мемлекеттер көп, бірақ адамның туған анасы сияқты Отаны да біреу ғана» деген К.Д. Ушинский.

6. «Өтелмейтін қылмыс бар, ол – Отанға опасыздық жасау. Опасызда Отан жоқ» деген Бауыржан Момышұлы.

7. «Жақсыменен дос болсаң, алдыңнан шығар елбектеп» деген халық мақалында.

8. «От басына өрт салма, өзегіне дерт салма», барлық кінә сұм сұлуда.

9. «Мейірімді болу оңай, әділ болу қиын» деген В. Гюго.

10. «Қорқу, сескену дегеніміз қорқақтық емес. Қорқақтық, ол – қиын жерден бас сауғалай шегіну, қашқақтау, алда тұрғанасыл міндеттерден қара басын жоғары ұстау» деген Қайрат Рысқұлбеков.

### **Даттаушы топтың пайымдаулары:**

1. «Махаббатсыз қан салқын. Махаббат – құштарлық атаулының ең құдіреттісі. Ол жасты да, жүректі де, тәнді де түгел баурайды». (Вольтер).

2. «Сүйген әйелге құштарлық студен еркектің басы төмендемейді, қайта биіктей түседі. Әйелге қызмет студің бір бөлшегі». (А.Толстой).

3. «Жас жаңылады, үлкен кешіреді». (Мақал).

4. Жаугершілік заманда бір батыр өзінің баласын тастап, бауырын қоршаудан алып шыққан . Сондағы ойы: «Өзім аман болсам бала болады, ал туған бауырды қайдан табам?»

5. Бейқамдық сәтсіздікке бастайды, оның аяғы қолайсыздыққа ұрындырады.

6. «Ғашықтың тілі – тілсіз тіл, көзбен көр де, ішпен біл» (Абай).

7. «Адасқанның алды – жөн, арты – соқпақ». (Абай).

8. «Алтын жығаң болса да, жаға мен жең керек. Асқан батыр болсаң да, ағайын мен ел керек». (Мақал).

9. Жүрекке әмір жүрмейді.

Ісің жақсы, ерікті болғанымен,  
Батырлығың естелік боп қалғанымен,  
Ақылсыздық – өлтіргенің ініңді,  
Дедің қалай күнәмен кешем күніңді?

Асығыс түбі – өкініш, иә, батыр Баян інісін өлтіргеніне қайғыруда. «Ашу - дұшпан» екенін осы тұста аңғарамыз.

Бірақ:

Хандарда бір мін бар:  
Қарашасын бірдей көрмейді.  
Байларда да бір мін бар:  
Есігіне келген кемтарға  
Өзі тұрып орнынан  
Қолынан қайыр бермейді.  
Жүйрікте де бір мін бар:  
Жорғаменен табандасып жүрмейді.  
Жорғада да бір мін бар:  
Жал-құйрығын күзеп салсаң да,  
Бәйгеден озып келмейді.  
Әйелде де бір мін бар:  
Ажары сұлу болса да,

Ақылы сай келмейді. Батыр Баянның да бір міні – оның аңғалдығы болар. Халықта «Аңғал батыр алдырады, аяғынан шалдырады» деген сөз бар. Ноян өлімінен кейінгі батыр Баянның да жағдайы маз болған жоқ. Көз жасын жұтып, жүрегі қан жылаған батыр «Бауырымды қалай өлтірдім?!» деп іштей арпалысып, ар алдында жауап беруде. Егер ол қызғаныштан өлтірген болса, ол хан алдына сол бетімен бармас еді. Сонымен қоймай ол інісінің өліміне қалмақ қызы кінәлі деп, сол арқылы қалмаққа деген кегі өсіп, інісі үшін және еріксіз жасаған ісі үшін соғысқа аттанып кек алды. Ол өз кінәсін қанмен жуып, алаштың намысы үшін жанын қиды. Алаштың намысы үшін ақтық демі біткенше күрескен

батырдың бірі – Баян. Мен адам баласының бәрінде кемшілік болады деп ойлаймын. Ажары сұлу болса да, ақылы сай келмеген қалмақ қызы өзі құрған торға өзі түсті. Бұл өлімге кінәлі – әзәзіл қалмақ қызы.

### **Даттаушы топ сыншысының қорытынды сөзі:**

«Алтау ала болса, ауыздағы кетеді» деген рас екен. Алауыздықтан өрбіген даудан ел ішінің тыныштығы бұзылды, берекесі кетті. Баян Ноянды өлтіріп күнәға батты. Сіздер Ноянның өлімі өзінің шалалығынан болды дейсіздер. «Ат жүйрігі айырады, тіл жүйрігі қайырады» деген. Анығын ашып, ақ сөйлей алмасам маған серт. «Махаббат атты айдында қол ұстасып өтеміз» деген Ноян сезімін, пәк махаббатын қалмақ қызы өз мақсатына, бас пайдасына жұмсады. Туған еліне жетуді көздеген сұрқия қыз бейкүнә сезімді саудаға салды. «Кімнің қандай болса пиғылы, оған қарай құдайдың да сыйлығы» деген сөз тұп-тура екен. Пиғылына қарай сыйлығын алды. Бірақ Нояндай еркенін қанын төктіріп, Баяндай айбатты ердің арын дауға салып кетті.

Сонымен түйін шешілді. Баян, Ноян кінәлі емес. Қарғысымыз ел тыныштығын бұзған қалмақ пен қытай және орыс империясына болсын. Алтыбақан алауыз қылған сол заман келмесе кетсін. Бірақ осыдан жастарымыз сабақ алсын. Тәуелсіздігіміз асқақтап, бейбіт елдің құшағында тыныш өмір сүрейік.

*Сабақ аяқталған соң сабаққа қатысушы көрермендерге бір жағы ақ, екінші жағы қара жәшікті беріп дауыс жинап, өз көзқарастарын нақты дәлелдеп көзге түскен ең үздік топ анықталады.*

Дебат технологиясының білім сапасына әсерін айтсақ:

1. Дебат сайысына даярлық үлкен көлемді ақпаратты игеруді талап етеді әрі ол оқу бағдарламасынан әлдеқайда көлемді.

2. Дебатқа қатысушының білімі көлемді ақпарат арқылы ұлғаяды, зерделейтін материалдың күрделілігі мен тереңдігін түсінеді.

3. Дебатқа дайындық кезеңінде оқушылар өз бетінше ізденіп қана қоймай, табылған қосымша ақпаратпен топта бөлісіп, өзара оқыту әдісі жүзеге асырылады.

4. Оқытудың дамытушылық мақсаты оқушылардың танымдық белсенділігінің артуында, қызығушылықтың дамуында, ойлаудың зерттеулік әдістерін игеруінде көрініс табады.

Дебат технологиясының тәрбие ісіне әсері

1. Дайындық кезінде оқушыларға адамгершілік, этика нормалары түсіндіріліп, өзге пікірді сыйлау, сабыр сақтап сөйлеу, қарсыласын сыйлау сияқты қасиеттер бойларына сіңірілу қажет.

2. Дебат ұрыс-керіске, ерегіске, түсінбеушілікке ұласпауы қажет.

3. Дебат қарама-қайшы көзқарастардың қақтығысын қамтамасыз ететін қатаң ережелерге бағынып өткізіледі.

4. Талдау жұмыстарына оқушыларды да қатыстырып, олардың сыни-талдау ойларын қалыптастыру арқылы дебаттың дамытушылық мақсатына қол жеткізу.

5. Өзінің және жолдастарының қызметін жүйелі түрде талдауға қатысқан оқушының бойында турашылдық, батылдық, сын тұрғысында және логикалық ойлау, адамгершілік қасиеттер қалыптасады.



## ДЕҢГЕЙЛІК ТАПСЫРМАЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Ғұламалар «Әдебиет – халықтың санасы, оның рухани өмірінің бояуы мен жемісі» деп бағалаған әдебиетті талапқа сай деңгейде оқыту арқылы баланың рухани әлемін қалыптастыру, ізгілікке, биік адамгершілікке тәрбиелеу, ең бастысы, адам ретінде баулу – әдебиетші ұстаздың аса мәртебелі міндеті. Заман ағысы мұғалімдерден біліктілігін арттырумен қатар үнемі жаңа әдіс-тәсілдерді ізденуін талап етеді.

Заман талабына сай өз білімін өмірде қолдана білетін, көпшілікпен араласа алатын, ішкі мәдениеті, ойлау және сезіну қабілеті бар адам дайындауды мақсат еткен отандық педагогикалық технология түрі – «Оқытудың үшөлшемді әдістемелік жүйесі» технологиясы. «Оқытудың үшөлшемді әдістемелік жүйесі» педтехнологиясын қолдану барысында оқушылардың білімі 3 деңгейлік тапсырмаларды барлық оқушыларға (қарапайымнан күрделіге қарай) орындату арқылы бағаланады, мұғалім мен оқушы шығармашылығы мен ізденісіне бағыт берер, нәтижелі табыстарға жеткізетін ұтымды технология. Енді осы технологияны пайдалану барысындағы кейбір деңгейлік тапсырмаға тоқталсам деймін. Деңгейлік тапсырмалар әр оқушының қабілетін, шығармашылық мүмкіндіктерін ескере отырып беріледі. Деңгейлік тапсырмалар топтарда жүзеге асады. Оқушыларға берілетін деңгейлік тапсырмалардың ауқымы кең. Өзім

Әдебиет сабақтарында беретін деңгейлік тапсырмалар:

1. Хронологиялық кесте жасау (ақын-жазушылар өмірі мен қызметі туралы өткізгенде);
2. Шығармадағы кейіпкерлерге мінездеме беру, портретін жасау;
3. Венн диаграммасын құру;
4. Эссе жазу: «Табиғат - сенің өз үйің», «Адам, сен де бір жердің перзентісің», «Кім болам?»;
5. Шығармашылық жұмыс: «Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы», «Қыс кереметі»;
6. Рөлге бөліп оқу;
7. Монтаж, инсценировка жасау;
8. Реферат, мақала жазу;
9. Ақын-жазушы өмірі, шығармашылығы туралы хабарлама әзірлеу;
10. Салыстыру жасау (Абай. «Аттың сыны», І.Жансүгірұлы. «Құлагер» сипатын салыстыру);
11. Тест интервью әзірлеу, жүргізу;
12. Көркем мәтіннен кейіпкер характерін ашатын іс-әрекеттерді дұрыстап ала білу;
13. Тест жұмысын жүргізу;
14. Шығарма: «Мен- қазақпын», «Әдебиеттегі Бауыржан бейнесі», «Менің елім» (шығарма-толғау жазу);
15. Семантикалық кесте жасау;
16. «Болмасаң да ұқсап бақ» (Өлең шумақтарын құрау).


Сөзіміз дәлелді болу үшін енді деңгейлік тапсырмалардың кейбірінің сабақтарда қолданылуына тоқталсам деймін.

9-сынып бағдарламасы бойынша берілген **«Біржан мен Сара» айтысы.**

Осы сабақтағы деңгейлік тапсырмалар:

I деңгей. Біржан мен Сара туралы не білесіңдер?

Айтыстың түрлеріне топтастыру.



II деңгей. Айтыстағы ақындар сипаты.  
Семантикалық картамен жұмыс.

Ақындар	Сайраған орта жүздің бұлбұлымын	Ұшырған тәрбие-леп ақ түйғын-мын	Дауысыма аспан-дағы құс айналған	Құланның дауысындай көме-йің бар	Найманда түлеп ұшқан ақиықпын	Қысқартам адымыңды бір-ақ аттап
Біржан сал	+					+
Сара ақын		+	+	+	+	



III деңгей. Венн диаграммасын сыз.



### Мұхтар Әуезов өмірі және «Қараш-қараш оқиғасы»

Хикаяты бойынша

I деңгей. 1. Жазушының туған күні, жылы.

Туған жері.

Білім алған жерлері.

2. Жазушының алғашқы шығармасы.

II деңгей. Сұрақ – рефлексия (мына сұрақтар жауабын өзіңше аяқта).

1. Хикаятты оқығанда мені қызықтырған: \_\_\_\_\_

2. Мен үшін ең аянышты жері: \_\_\_\_\_

3. Патша заманындағы ел тұрмысы: \_\_\_\_\_
4. Бақтығұлдың баласы Сейіт туралы ойым: \_\_\_\_\_
5. Менің ойымша, Жарасбайдың Бақтығұлдан сырт  
айналу себебі: \_\_\_\_\_

Үйге берілген деңгейлік тапсырма:

I. Жарасбай ауылына бет алған Бақтығұлдың арқар ату  
кезеңі. Күзгі көрініс.

II. Бақтығұл портреті.

III. Шығармашылық жұмыс: «Бақтығұл тағдыры».

Абай поэзиясын оқыту бойынша:

I деңгей.

1. Өзің білетін Абай өлеңін жатқа айт.

2. Абай Пушкиннен өзіне қандай ұқсастық тапты?

II деңгей.

1. Салыстыру. «Жаз» бен «Күз» өлеңіндегі пейзаждық  
көріністі салыстыр.

2. Қарама-қайшы сипатты тап. «Қараша, желтоқсан мен  
сол бір-екі ай» өлеңіндегі бай мен кедей үйінің тірлігі.

III деңгей.

Шығармашылық жұмыс: «Өлеңге әркімнің-ақ бар  
таласы» (Абайға арналған өлең шумақтары).

Абай шығармашылығы бойынша тест жұмысы.

Әдебиет сабағында әр туынды оқушыны асқақ  
сезімге, қуанышқа, ой-толғанысқа түсіреді. Бұл мұғалім  
шеберлігі арқылы іске асады. Қазіргі әдебиет сабағының  
басты проблемасының бірі – оқушыны шығармашылыққа  
ұмтылдыру. Оның негізі - ізденісте, сондықтан әрбір  
сабақ мұғалімнен қажырлы еңбекті, ізденісті, шеберлікті  
шығармашылықты қажет етеді.





Шара ШАЙМҰХАНБЕТҚЫЗЫ,  
Қалқа Жапсарбаев атындағы  
орта мектептің мұғалімі.

Алматы облысы,  
Көксу ауданы.

## СӘБИТ МҰҚАНОВТЫҢ «СҰЛУШАШ» ПОЭМАСЫ

**Сабақтың мақсаты:** 1) Сәбит Мұқановтың өмірі мен шығармашылығына тоқталу; 2) «Сұлушаш» поэмасының идеясы әлеуметтік теңсіздікке қарсы күрес екенін оқушыларға іздендіру жұмыстары арқылы ұғындыру; 3) өз Отаны, халқы үшін өмір сүрген, артында өшпес із қалдырған парасат иелерін паш ету. **Көрнекілігі** - оқулық, хрестоматия, интербелсенді тақта, сурет-буклеттер. **Түрі** - практикалық сабақ. **Әдісі** - проблемалық сұрақтар, мәтінмен жұмыс, сұрақ-жауап, талдау, сын тұрғысынан ойлау.

**Сабақтың барысы. Ұйымдастыру.** Оқушылармен жүздесіп амандасу, түгелдеу. **Үй тапсырмасын пысықтау.**

**Жаңа сабақ.** – Балалар, бүгінгі тақырыбымыз – Сәбит Мұқановтың шығармашылығы.

Сәбит Мұқанов

- 1900ж.26/04 Солт. Қазақстан обл.
- Жамбыл ауд. Жаманшұбар ауылы.
- 1918-19ж. оқытушылар курсы.
- 1922-26ж. Орынбор қаласы, рабфак.
- «Еңбекші қазақ» газеті, бөлім меңгерушісі.
- 1935ж. Мәскеу қызыл профессор институты.
- 1936-1937 «Қазақ әдебиеті» газеті редакторы.
- 1937-51ж. Қазақстан Жазушылар одағын басқарды.
- Қазақ КСР Жоғарғы Кеңес депутаты.

- Балалар, сендер осы уақытқа дейін Сәбит Мұқановтың қандай туындыларымен таныстындар?... Бүгінгі біздің қамтитын тақырыбымыз – «Сұлушаш» поэмасы. «Сұлушаш» - мазмұны мен көркемдік кестесі жағынан эпикалық дастандар сарынына үндес шығарма. Туындыны құрылысына қарай талдайық, сендерге алдын ала поэманы оқып келу берілген.

1. Оқиға қалай басталды?	1. Бай Тілеуберді мен сұлу жары Алтынайдың бас қосуы.
2. Қалайша дамыды, өрбіді?	2. Қалыңдықпен қоса еріп келген Тезек құл мен Шұнақ күннің қосылуы.
3. Қыз бен жігіт арасындағы махаббат	3. Екі отбасының балалы болуы. Сұлушаш пен Алтайдың дүниеге келуі.
4. Шиеленісуі	4. Екеуінің махаббаты.
5. Шарықтау шегі	5. Сұлушаштың атастырылған жігітінен безініп, Алтаймен тауға қашуы.
6. Шешімі	6. Қайсар достарының мерт болуы, Сұлушаштың құздан құлап өлуі, қайғыдан құса болған Алтайдың өзіне қол жұмсауы.

Демек, осы мағлұматтарға сүйене отырып «Сұлушаш» қандай поэма дер едіңдер?...

«Сұлушаш» поэмасы қандай әлеуметтік мәселені көтеріп отыр? (Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ ауылындағы тап тартысын әшкерелейді.)

Әйел теңсіздігіне қатысты, Сұлушаш туралы не айтасындар? Алтай, Қайсар, Сұлушаш, Ермектердің аяныш-

ты өлімі арқылы ақынның заман шындығын, тап тартысының шешуші түйінін көрсететін жерлерін поэмадан нақтылы мысалдар келтіріп дәлелдендер.

«Ботагөз» романындағы басты кейіпкерлер Ботагөз бен поэмадағы Сұлушаш бейнелерін салыстырып көрелік.

### «Сұлушаш»

1. Өлең.
2. Бай қызы.
3. Оқымаған.
4. Күрес жолы – қашу.
5. Мақсатына жетпеді.

### 1. Сәбит Мұқанов.

2. Теңсіздікке қарсы күрес.
3. Қазақ қыздары.
4. Сұлу, табанды.
5. Күрескер.

### «Ботагөз»

1. Қара сөз.
2. Кедей қызы.
3. Оқыған.
4. Күрес жолы – қарсылық.
5. Мақсатына жетті.

Сұлушаш

Поэма

Махаббат

Әлеуметтік теңсіздік

Сәбит Мұқанов

12-16 буынды қара өлең, шұбыртпалы ұйқас

Трагедия

Сұлушаш – Алтай

Қазақ төңкерісіне дейінгі қазақ ауылының өмірі

«Ұл туды» деп шашулар шашылған жоқ,

Шілдеhana жасауға туған күні

Екі адамның басы да қосылған жоқ.

Алтай деп әлдеқайда атын қойды,

Азанменен құлағы ашылған жоқ.

Мұғалім өз тарапынан әдет-ғұрыпты суреттеуге байла-

нысты *жөргек, шілдеhana, азан шақырып ат қою, тәңірі,*

аруақ, құл, күң деген сөздерге түсінік береді.

«Көкей өлген» көш көшкен, тұрмыс көшкен,  
«Көкей кескен» тұрмыспен бірге көшкен.

Осы жерде ақын қандай амал қолданып тұр?

(**Ассонанс** – бірыңғай дауыссыз дыбыстардың қайталануы.)

Өтке өмір ұқсайды соққан желге,  
Оны еске аламыз тап та, мен де. (теңеу)

«Табым» десем – бұлақтай таудан аққан  
Өн бойымды шырмалап билейді ағын. (метафора)

Не көрмеді, басынан не кешпеді  
Октябрьдің өткелін кешкен пенде?  
Бұл өткелде кім өліп, кім өшкен жоқ,  
Кім түспеді өткелде сергелдеңге?

(риторикалық сұраулар)



Топпен жұмыс

1-топ: Алтай образын эпостық, лиро-эпостық жырлардағы басты кейіпкерлер Қозы, Төлеген, Қобыланды, Тарғын бейнелеріне балау.

2-топ: Сұлушаш бейнесін Баян, Жібек, Құртқа, Ақжүніс бейнелеріне балау.

Осы тұрғыда оқушылармен әдеби-теориялық ұғымдарды талдау жұмыстары жүргізіледі.

Үйге: «Менің елесімдегі Сұлушаш» (ойтолғау).

---

---

Рыскелді БИРҒАЙТЫ,  
Білім беру ісінің құрметті қызметкері.

## АУЫЗ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ АЙТЫС ТҮРЛЕРІ

Рухани мұраларымызды дұрыс ұғынып игере білу мақсатын көздей, оларды түрге жіктеуіміз, жүйелеуіміз қажетті жұмыстың бірінен саналады. Егер ол әрекетіміз шынайы һәм ғылыми болса көне заманнан бізге жеткен сол мұралардың сыр-сипатын, түр-келбетін ашуға, мәнін ұғынуға зор көмегі тиетіні сөзсіз. Ал егер олай болмаса ше? Онда аяз болмай-ақ тоңып, жауын жаумай-ақ жаурап, шатқаяқтап жүргеніміз - жүрген. Бұл - оқулыққа арқа сүйейтін мұғалімге қиын, болашаққа қиянат.

«Қазақ әдебиеті» (9-сынып) оқулығымызда (А, «Мектеп», 2005) халық ауыз әдебиетінің айтыс түрлері былайша берілген екен: «1. Бәдік. 2. Жар-жар. 3. Жануарлар мен адамның айтысы. 4. Өлі мен тірінің айтысы. 5. Жұмбақ айтысы. 6. Салт айтысы- қыз бен жігіттің

айтысы; ақындар айтысы. 7. Осы күнгі айтыстар» (79-бет). Тіпті, осы жаңа буын оқулығының тұтастай «Халық ауыз әдебиеті» бөлігінің өзі, тек аздаған өзгерістері болмаса, сол бұрынғы қалпында екендігі де байқалып тұр.

Ауыз әдебиетіндегі айтыс түрлеріне тоқталмас бұрын, ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеттің оқулықта көрсетілген негізгі үш ерекшелік-өзгешелігінің біріншісіне көңіл аударар кетейік: «Ауыз әдебиетінің белгілі бір авторы жоқ» (5-бет). Осылай дейміз де неліктен ауыз әдебиетінің үлгілеріне авторы бар шығармаларды енгіземіз. Үйсін Төле би, Қаздауысты Қазыбек, Алшын Әйтеке би сияқты би-шешендер – тарихи тұлғалар. Ақындар айтысы бойынша Біржан мен Сара, Сүйінбай мен Қатаған, Әсет пен Рысжан десек, оны «авторы жоқ» деп айтуға бола ма?! Авторы тұрмақ қай күні өтілгені белгілі «Осы күнгі айтыстар» ауыз әдебиеті болып кеткен. Бәлкім, «Ауыз әдебиетінің кейбір түрлерінің авторы жоқ» делінгенде шынайылыққа біршама жақындаған болар ма еді... Тарихта жазба әдеби мұралардың авторы белгісіз боп қалғаны да кездеседі. Бұл - енді арнайы ат басын бұрар ауқымды теориялық мәселенің бір шеті, олай болса ауыз әдебиетінің өзіне тән негізгі ерекшеліктері басқаша жазылуы керек-ақ.

Жоғарыда оқулыққа келтірілген айтыс түрлерінің қазақ әдеби-мәдени ғұмыр тарихында болғаны рас, тек оны түсініктілік, жүйелілік, бірізділік ұстанымдарының үдесінен шығатындай ғылыми тұрғыда топтастыра білсек ұтарымыз мол болмақ.

Қатар келтіріліп тұрған «Бәдік» пен «Жар-жар» негізінен қазақ әдет-ғұрпында кезінде кең орын алған. Бұрынғы оқулықта болған «Бәдік» туралы теориялық, танымдық мәлімет қалдырылыпты да, ал «Жар-жар» жөнінде тек аты ғана аталған, заты (яғни, теориялық, танымдық мәліметі) берілмепті. Түр ретінде аты айтылғаннан кейін ол туралы



ештене берілмеуі, әрине, жөн емес. «Бәдік» пен «Жар-жарды» **әдет-ғұрыптық айтыс өлеңдер** деген атаумен топтастыруымызға болады. Бұдан кейін берілген «Жануарлар мен адамдардың айтысы», «Өлі мен тірінің айтысы» деген түрлердің де бір топқа ене алатын ыңғайы бар. Қандай да бір жануардың жұрт арасында адамша сөйлеп қана қоймай, оның айтысуы, сондай-ақ бақилық боп кеткеннің бұ дүние адамымен ел алдында, жиын-тойда айтысуы мүмкін емес. Демек бұл - өз кезінде бір кісінің екінші бір образға да еніп өмірге әкелген шығармашылық жұмысы. Аталмыш екеуін **айтыс түріндегі өлеңдер** десек болады. Оқулықта екеуінің алғашқысы туралы өте аз айтылса, екіншісі туралы мүлдем айтылмаған.

Жұмбақ айтысының жазба түрі де бар екені белгілі. Өткен ғасырларда өлеңмен жұмбақ жасырыла хат арқылы бір-біріне жолданылған да жәйттер аз болмаған. Айтыстың осындай жазба түрі ауыз әдебиеті үлгісінде орын алып кетпегені жөн...

«Салт айтысы» дегендегі салт сөзі әдет-ғұрып, дәстүр мағынасындағы сөз қолданысы болса керек. «Салт айтысы» деген атауға қыз бен жігіт және ақындар айтысынан гөрі, жалпы сипаты әдет-ғұрыпқа негізделген «Бәдік» пен «Жар-жардың жақындығы» сезіледі.

Сонымен оқулықта ауыз әдебиетіндегі айтыс түрлерінің онды атаумен топтастырыла нақтыланбағандығына көз жеткіздік. Мұхтар Әуезов, Есмағанбет Ысмайылов, т.б. ғалымдардың еңбектеріне сүйене келе, **ауыз әдебиетіндегі айтыс түрлерін** мынадай жүйеде топтастыра таныту дұрыс болар дейміз.

## **I. Әдет-ғұрыптық айтыс өлеңдер:**

### **1. Бәдік.**

### **2. Жар-жар.**

## **II. Айтыс түріндегі өлеңдер:**

1. Жануарлар мен адамның айтысы.

2. Өлі мен тірінің айтысы.

### III. Ақындар айтысы:

1. Түре айтыс: қайым айтыс, қыз бен жігіт айтысы

2. Сүре айтыс: рулық (халықтық) айтыс, діни айтыс, жұмбақ айтыс, өтірік өлең айтысы, тақырыптық (тау, су, жер, балық, т.б.) айтыс.



**Мөлдір ҚОЙШИЕВА,**  
«Қаратөбе» мектеп-гимназиясының  
мұғалімі.

Батыс Қазақстан облысы,  
Қаратөбе ауданы.

## ІЛИЯСТЫҢ «КҮЙ» ПОЭМАСЫ

(5 - сынып)

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – поэманың сюжеттік негізіне алынған күй аңызының мазмұнын, қобызшы тартқан «Бозінген» күйі, оның күй тарту шеберлігін тереңірек ұғындыру; *дамытушылық* – талдау арқылы оқушының білім дағдыларын дамыту; *тәрбиелік* – өнер күдіретін бағалауға, қазақтың күй өнері мен күйшілігіне құрметпен карауға тәрбиелеу. **Түрі:** электрондық-танымдық құралдармен жетектеле кіріктірілген сабақ. **Пәнаралық байланыс:** ән сабағы. **Әдісі:** талдау, анықтау, салыстыру, жинақтау. **Көрнекілігі:** электронды слайдтар, ұнтаспа, домбыра, кітаптар.

## Сабақтың барысы.

**Үй тапсырмасын тексеру.** Оқушыларға түрлі түсті топтамалар таңдатып, артындағы сұрақтарға жауап алу. Сол арқылы төрт топқа бөлу.

**1.** Сәкен Сейфуллин қай жылы, қай жерде дүниеге келген? **2.** Сәкен Сейфуллиннің анасы мен әкесі. **3.** Сәкен қай жерден білім алған? **4.** Сәкеннің шын есімі. **5.** Сәкеннің поэмаларын ата. **6.** Сәкен Сейфуллиннің романын ата. **7.** «Ақсақ киік» өлеңінің тақырыбы мен идеясы. **8.** Ақын киіктің сұлу әрі мүскін халін қалай бейнелейді? **9.** «Ақсақ киік» өлеңі қанша буынды, қандай ұйқасқа құрылған?

**10.** *Сандалып келе жатты ақсақ киік,  
Бір тоқтап, анда-санда әлін жиып...  
Ақ бөкен - сахараның ботакөзі,  
Атты екен қандай мерген көзі қиып?* Өлең шумағынан метафораны табыңыз.

**11.** *Қиырсыз, Бетпақдала...қураған шөл...  
Жалғыз-ақ сырғаңдайды қоңылтақ жел.  
Меңіреу...тірі жан жоқ...жып-жылмағай...  
Ел қайда? Ел алыста - шулаған ел?* Өлең шумағынан эпитетті табыңыз.

**12.** «Ақсақ киік» өлеңінен үзінді оқыңыз. **13.** Сәкен шығармаларындағы сұлулықтың рәмізі нелер?

**Қызығушылықты ояту.** «Ой қозғау» стратегиясы – Балалар, Сәкенді біз сыршыл ақын деп танымыз. Оның сезімтал болып өсуіне туған жерінің тамаша табиғаты әсер етпей қоймаған екен. Оның елінде көптеген әнші-ақындар болған екен. Ауыл-аймағындағы ақын, әнші-домбырашылардың өлең айту, күй тарту өнерлері оның поэзияға, ән-күйге құмарлығын ерте оятты.

Шын мәнінде, барлығымыз да ән-жыр тыңдағанды жақсы көреміз, солай емес пе? Олай болса Қыдырғанияз бізге күй орындап берсін («Көңіл толқыны» күйі орындалады).

– Күйден қандай әсер алдық?

**Мағынаны тану.** Күй – музыкалық жанр. Қазақ күйлері өзінің табиғатына сай екі салаға жіктеледі: төкпе және шертпе.

Қобыз күйлерінің құрылымы күрделі болып келеді. Қобыз күйлерінің жанрлық сипатқа ие болуы, ХІХ ғ.

Бүгінгі біздің **жаңа тақырыбымыз** күй өнері туралы болмақ.

### **Ілияс Жансүгірұлының «Күй» поэмасы.**

**1. Ақынның өмір жолына шолу.** 1894 жылы бұрынғы Қапал уезі, Ақсу болысында (қазіргі Алматы облысы, Ақсу ауылында) туған. Анасынан ерте қалған Ілияс әкесі Жансүгірдің тәрбиесінде өседі. Жансүгір хат танитын, шағатай тіліндегі кітаптарды жинайтын, аңыз-ертегілерді, батырлық жырларды, тарихи оқиғаларды жақсы білетін, әңгімеші, домбырашы болған.

Халқымыздың құт-береке дарыған, ежелден ақындық, батырлық, даналық мекені - Жетісу өлкесінің перзенті Ілияс көкірегіне жас кезінен бастап ән мен жырдың, өлең мен күйдің небір асыл нұсқаларын ұялатқан.

Алғашқыда әкесінен хат таныған, одан соң молда алдын көрген Ілияс кейін Қарағаш деген жердегі мектепте оқиды. 1925 жылы Мәскеудегі журналистика институтына түсіп, оны 1928 жылы бітіріп шығады. Елге келіп “Еңбекші қазақ” газетінде еңбегін жалғастырады. Қазақ өнерінің майталманы Ақан тағдырын қамти **“Құлагер” поэмасын**, қазақ өнері, күйін аспандатқан **“Күй”, “Күйші”** поэмасын жазды. “Күй” поэмасында ғасырлар бойы халқымызбен бірге жасасып, атадан балаға мирас болып, уақыт сынынан сүрінбей келген, бір ғасырлық шежіренің куәсі болған, титтейінен Ілиястың құлағына сіңісті, жүрегінің төрінен орын алған, жазуға түрткі болған қасиетті қобызшылық дәстүр жайлы сыр толғап, күйшілік өнерді дәріптейді.

2. **Өлеңді мәнерлеп оқу** (Баяу күй әуені айналдырып, суретті слайдтар көрсетіледі).

Электронды оқулық арқылы «Күй» поэмасын тыңдату.

3. **Сөздік жұмысы.** *Бақайшақ* – аяқтың башпай тұсы.

*Қорда* – заттың үйіндісі. *Ақшам* – іңір, апақ-сапақ кез. *Өліара*

– ескі ай мен жаңа айдың аралығындағы мезгіл, уақыт.

*Тақым* – тізенің астыңғы, ішкі жағы. *Бұйда* – түйенің не

өгіздің мұрындығына тағылған ұзындығы 2-3 құлаштай

бас жіп, бау. *Үргенші* – ежелгі қала, ортағасырлық Хорезм

мемлекетінің астанасы. *Дабырауын* – айқай-шу, даурықпа

сөз.

**Поэма** - (грекше *poіeta* - туынды) өмірде болған, не

болуға тиіс күрделі құбылыстар мен келелі оқиғаларды,

алуан-алуан адам тағдыры мен заман шындығын

көлемді, желілі, эпикалық не лирикалық сипатта өлеңмен

суреттеу.

**«Кубизм» стратегиясы.**

**Жоспарлау** (шығармаға жоспар құру)

Қобызшы бейнесі, «Бозінген» тарихы, «Күй күшті,

тауды-тасты бұзатұғын»

**Анықтау** (Ақын қолданған бейнелі сөздерді, теңеу,

эпитеттерді табу)

<b>Теңеу</b>	<b>Эпитет</b>	<b>Кейінтеу</b>
Екі көз жасты өзендей сорға- латып	Күл көрпе, қорда төсек, қара тас, алтын басты, құба құм, қоңыр түн, әсем күй, жүйрік үн, зарлы қобыз, алтын күн, мұңды дауыс	Кейде күй талмаураған, талықсыған, Кейде өжет, кейде долы албытсынған... Сыр суы көңілі босап, сыңқылдаған, Тұнжырап жиде, жыңғыл дым үндемей, Күйініп көкте жұлдыз жел жылаған. Селеулер жел оятқан билеген би.

**Зерттеу** (күйге тән сипаттарды жинақтау)

**Салыстыру** ( Сәкен Сейфуллиннің “Ақсақ киік” өлеңі мен Илияс Жансүгірұлының “Күй” поэмасын салыстыру, ортақ қасиетін табу)

<b>“Ақсақ киік” өлеңі</b>	<b>Ортақ қасиеті</b>	<b>“Күй” поэмасы</b>
1. Бетпақ дала көрінісі, киіктің сұлулығы, мерген қолынан жаралануы сипатталады.	Екі ақын да жануарлар басындағы зар мен мұңды шебер, көркем бейнелейді.	1.Қобызшы Мольқбай шалдың ерекше орындайтын күйі. Бозінген зары, күй құдіреті сипатталады.
2.Жазықсыз киіктің мұңы.	Сыршыл ақындар.	2.Ұры қолына түскен інген зары.
3.Өлең.		3.Поэма.

**Толғаныс.** «Рафт» жазу стратегиясы (Қобызшыға, ұрыларға, ақынға арнап рафт жазу).

Бүгінгі сабақтан не түйгенін ауызша айтып өту (Оқушылар дөңгеленіп тұрып, бір-біріне қобызды ұсыну арқылы ойларын жеткізеді).

**Үй тапсырмасы:** поэмадан үзінді жатқа оқу; белгілі бір күйдің шығу тарихын жинақтап келу; қазіргі замандағы күйшілер туралы пікір алмасуға дайындық.

**Бағалау.**

---

---

# ҚОРҚЫТТЫҢ НАҚЫЛ СӨЗДЕРІ

(9-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – Қорқыттың өмірі мен шығармашылығына шолу жасай отырып, нақыл сөздерінің мән-мағынасын түсіну; *дамытушылық* – жүйелі әрі сауатты сөйлей алуға, ойын ашық айта алуға, қорытынды жасай білуге дағдыландыру; *тәрбиелік* – Қорқыт сөздерінен үлгі алу. **Түрі:** жаңа тақырыпты меңгеру. **Әдісі:** мәнерлеп оқу, сұрақ-жауап, мазмұндау, баяндау. **Көрнекілігі:** Қорқыт ата суреті, нақыл сөздері, ол жайлы пікірлер, әдебиеттер тізімі слайдтарда жазылып, рет-ретімен көрсетіледі.

**Сабақтың барысы. I. Ұйымдастыру:** балалармен амандасу, түгелдеу, сабақтың тақырыбымен, жоспарымен, мақсатымен (1,2- слайдтар) таныстыру.

## **Сабақтың жоспары:**

1. Қорқыт – тарихи тұлға және аңыз кейіпкері.
2. «Ол туарда ел қорқып, Туған соң әбден қуанған».
3. «Таң қалып жұрттың бәрі тұрады екен...».
4. «Қорқыт ата кітабы» - тарихи мұра.
5. Бабаның ақыл сөздері.
6. Ерлік жыршысы.
7. «Өлді деуге бола ма...»

**II. Үй тапсырмасын сұрау кезеңі (1, 2, 3).** Қорқыттың кім болғандығы, өмірге келуі, өмір сүрген кезеңі, туып-өскен жері жайлы мағлұмат алдымен оның мұрасын зерттеуші

ғалымдардың пікірлері бойынша, одан соң «Қорқыт пен оның көрін қазушылар», «Қорқыт пен әзірейіл», «Қорқыттың қырық суреті», т.б. аңыздар негізіне сүйене отырып айтылады. Күйлерінің шығу тарихына да қысқаша тоқталу (3-слайд. «Аққу», «Кер маралдың зары», «Сарын», «Желмая», «Қоңыр», «Ұшардың ұлуы», «Әупбай-Әупбай», «Бәшпай»). Күйлер жайлы аңыздар айтылып жатқанда Саян Ақмолданың орындауында «Қоңыр» күйі үнтаспадан баяу естіліп тұрады. (Балалар ұсынылған арнайы әдебиеттер бойынша дайындалып келген).

**Үй тапсырмасын қорытындылау.** Оқушы қорытындысынан соң мұғалімнің сөзі: *Халқымызда «Күй атасы – Қорқыт» деген сөз бар, Шоқан Уәлиханов «Қорқыт – Шығыстың ең алғашқы бақысы» дейді. Пікірлерде шындық бар. Оған сан ғасырлар бойы сиқырлы сазын жоғалтпай келген Қорқыттың өз күйлері айғақ. Кетбұға, Асанқайғы, Қожжеке, Ықылас дәстүрінде бізге жеткені айғақ. Қорқыт бабамыздың өміріне, күйлеріне қатысты аңыз-әңгімелердің көптігі дана бабамызға деген ел-жұрттың ізет-құрметінен туындаған болса керек.*

**III. Жаңа тақырып (4,5).** Түрік қағанаты VIII ғ. құлағаннан кейін оның орнына тарих сахнасына шыққан Оғыз мемлекеті де әдебиетімізде айтарлықтай із қалдырды. Бұл дәуір әдебиетінен белгілі екі ескерткіш бар: «Қорқыт ата кітабы», «Оғыз қаған жыры» («Оғызнама»).

*«Баят руында Қорқыт ата дейтін білікті, сәуегей адам болыпты. Тәңірі зердесіне салған соң оның барлық болжамдары қатесіз болған... Оғыз тайпаларында Қорқыт ата ең қиын деген мәселелерді шешкен. Қандай ғана қиын іс болмасын Қорқыттың кеңесін алмай ел ешбір жұмысқа қол ұрмаған. Ел оның барлық өсиетін (билігін) бұлжытпай орындаған» деп басталады «Қорқыт ата кітабы»(4-слайд).*



*Ары қарай нақыл сөздері жазылған, одан соң батырлар жайлы ерлік жырларына орын берілген.*

«Қорқыт ата кітабы» көрсетіліп, кітаптың зерттелуі жайлы қысқаша мәлімет (екі нұсқасының сақталғандығы, оны зерттеген ғалымдар, қазақ тіліне аударған кісілер) айтылады.

Тақтадағы нақыл сөз оқылады да, балаларға жетек сұрақ қою арқылы мазмұны ашылады, асты сызылған сөздерге баса назар аудару қажет. Сонымен қатар қазіргі кезде қолданыста бар қазақ мақал-мәтелдерімен ұқсастықтарын тапқыздырту. Мұғалім бағыт беріп, қорытындылап отырады.

( 5-слайд) **Тізесін бүгін отырған инабатты әйел көрікті.**

**Самай шашы азарған баба көрікті.**

**Ақ сүтіне тойғыза-тойғыза емізген ана көрікті.**

**Жанашыр ағайын-туған көрікті.**

**Үлкен шаңырақ үйдің қасына тігілген отау үй көрікті.**

**Өнегелі бала көрікті.**

Қазақ мақалдары:

Жақсы әйел жаман еркектің есіктегі басын төрге сүйрер,

Жаман әйел жақсы еркектің төрдегі басын есікке сүйрер.

Жақсы әйел – зейнет, жаман әйел – бейнет.

Ағайын бар болса көре алмайды, жоқ болса бере алмайды.

Ағайын тату болса - ат көп, Абысын тату болса - ас көп.

Ана сүті – бал, баланың тілі – бал.

Анаңды Меккеге үш арқалап барсаң да қарызынан құтылмайсың.

Ана сүтін ақтамағанды ешкім мақтамайды.

Ата тілін алмаған ұлдан без, ана тілін алмаған қыздан без.

Жақсы ағайын - сыншыл, Жаман ағайын - күншіл.

Өнегелі бала сүйкімді.

Әдепті бала – арлы бала, әдепсіз бала – сорлы бала.

**IV. Жаңа тақырыпты меңгеру, бекіту.** Оқулықта берілген даналық сөздер әр балаға бөлініп беріліп талданады, қорытынды ойлары айтылады. Мүмкіндігінше қазақ мақал-мәтелдерімен түйіндеп отыру керек. Балалардың ойларын жинақтап мұғалім немесе бір-екі оқушы қорытынды жасайды. (*Қорқыт ата әке мен бала, аға мен іні, қалыңдық пен күйеу, ер мен әйел арасындағы сүйіспеншілік, әдептілік, ізеттілік, имандылық пен сыйластық өлшемдерін үлгі етеді. Тіпті, «Жауыңды сыйла, опасыздық жасама, намысына тиме» деп өсиет айтады.*)

*«Өлді деуге сыя ма, айтыңдаршы, Өлмейтұғын артына сөз қалдырған». Қорқыт бабаның мол мұрасы мәңгі өлмейді.*

**V. Үй тапсырмасы (6, 7).** Қорқыттың ерлік дастандарының он екі жырдан тұратындығы (6-слайд) айтылып, оқып келу тапсырылады. Әр оқушы бір жырдан бөліп алып оқып келуге рұқсат етіледі.

**VI. Оқушылардың білімі бағаланды.**

---

---

*Күлгіңіз келсе - күліңіз!*

## ШАЛ МЕН АЖАЛ

Бір шал ормандағы ағаштан бір арқа шөпшек алып үйіне қайтады. Шал шаршайды, отынды үйіне алып баруға шамасы келмей, арқасындағы отынды қойып: «Құдайым, мұндай өмір бергенше, маған өлім берсейші», - дейді.

Ажал шалға келіп:

- Не үшін мені шақырдыңыз? - дейді. Шал ажалдан қорқып кетіп:

- Маған мына отынды көтеруге жәрдем бере ме деп шақырып едім, - депті.

*(Күлдіргі әңгімелер. А., «Жазушы», 1987 жыл, 213-бет.)*

Әсем МҰХАМЕТЖАНОВА,  
Астана қаласындағы  
«Голубой парус» мектебінің  
мұғалімі.

## ӨЗІҢСІҢ ПОЭЗИЯ ПАЙҒАМБАРЫ

(Сыныптан тыс іс-шара)

**Мақсаты: білімділік** - Мұқағали Мақатаевтың өмір жолы, шығармашылығымен оқушыларды таныстыру; **тәрбиелік** - поэзия әлемімен оқушылардың жан дүниесіне үңілу, эстетикалық тәрбие беру, табиғатқа деген мейірімділікке, қамқорлыққа тәрбиелеу; **дамытушылық** - 1) оқушының сөйлеу мәдениетін дамыту, өз пікірі, эстетикалық талғамы бар сауатты оқушы дайындау, ауызша да, жазбаша да еркін көркем сөйлеуге ақын шығармашылығы арқылы үйрету, 2) ақынның сөзіне жазылған әндерді көпшіліктің назарына ұсыну, 3) Отанын, елін, жерін сүйуге, өлеңді бағалауға, өз бетімен іздене білуге, ой қорытуға дағдыландыру.

**Көрнекілігі:** Қазақстанның физикалық картасы, ақынның портреті, шығармалары, ақын туралы естеліктер, нақыл сөздер, буклет, «Ғасыр ақыны» тақырыбында оқушы шығармашылығы (суреттер, шағын шығармалар).

### 1-жүргізуші:

*«Ақынмын деп мен қалай айта аламын,  
Халқымның өзі айтқанын қайталадым.  
Күні киген қазақтың қара өлеңін*

*Шекпен жсауап өзіне қайтарамын»*, - деп ақынның өзі айтқандай, өзін өзгелерден ерекше көрмесе де, келешек ұрпақ Мұқағалидың арқалы ақын екендігін танып отыр.

**2-жүргізуші:** - Мұқағали - бағы мен соры, күнгейі

мен көлеңкесі қатар жүрген ақын. Оның бағы - өлмес жыр жаратқаны, өлеңді өтірік жаза алмағаны, соры – өз қоғамы мен өз ортасына сыймай, қасірет шеккені, өмірінің қиыншылықпен өткені, соны дер кезінде өз замандастарының бағалай қоймағаны.

**1-жүргізуші:** - Шындап ұққан адамға Мұқағали - өмірдің шын рахатын мейлінше сезініп кеткен аса бақытты адам. Бүгін біздер ақын Мұқағали Мақатевтың өмір жолы мен шығармалары туралы әңгімелейміз.

Мұқағали әлеміне саяхат. Білім мен парасат сыны.

«Ой ашар» стратегиясы бойынша жұмыс.

1. М.Мақатаев қай жылы қай жерде өмірге келді?

2. Мұқағалидың азан шақырып қойған аты кім?

3. Ақын өзінің өмірбаянын қай өлеңінде жазады? («Менің анкетам»).

4. Ақын орыс ақындарынан кімді өзіне жақын тұтты? (Сергей Есенин).

5. Ақының анасының аты кім? (Нағиман).

6. Ақынның мінезі жағынан әжесіне ұқсастығы бар ма? (Бар. Мұқағали ақын да - өр мінезді, бірбеткей.)

7. Ақын өлеңді алғашқы рет қашан жазды? (Ақын өлеңді 10 жасынан жаза бастады.)

«Аққулар ұйықтағанда» дастанынан көрініс көрсетіледі.

**Сұрақ:** Мұқағали ақын «Аққулар ұйықтағанда» дастанын алғаш рет кімге оқып берді? Сонда оған алтын қаламды кім сыйлады? Қай жылы?

(1973 жылы Ғабит Мүсіреповке оқып берген. Ол кісі Мұқағалиға алтын қаламын сыйға тартқан.)

«Аққулар ұйықтағанда» дастанынан көріністі көрсетіп отырып шағын дебат ұйымдастыру. Екі топтың спикерлеріне 3 минут уақыт беріледі.

**«Поэзия – жүрек тілі»**

«Үш бақытым», «Айхай, дала», «Әліппе», «Күндестік»

кұрысын», «Табиғат», «Отан» өлеңдерін оқушылар жатқа оқиды.

«Топтастыру» стратегиясы бойынша оқушылар ақын өлеңдерін айтады.

**2-жүргізуші:** - Мұқағали ұлы Абайды ұстаз тұтады. «Мен-дағы өлең жазбаймын» өлеңінде:

*Қуат алып Абайдың тіл күшінен,  
Жыр жазамын Абайдың үлгісімен.  
Абай болып табынсам бір кісіге,  
Абай болып түңілем мың кісіден.*

*Өлмеу үшін, құлқынды жемдеу үшін,  
Мен-дағы өлең жазбаймын ермек үшін.  
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін,  
Абай жаққан бір сәуле сөнбеу үшін,* - деп Абайдан көп нәрсе үйреніп, Абайға көбірек үңілген.

**1-жүргізуші:** - Табиғат – Мұқағали шығармаларының жаны. Ғажайып табиғат суреттері болмаса, Мұқағали өлеңдері көпшілік көңілінен шықпас еді.

*Алып жер – адамның бесігі,  
Тербесін сәбиін, тербесін!  
Адамзат бақыты, несібі,  
Абайла, төгіле көрмесін!* - деп ақын жырлағандай, қазақ жерін, табиғатын сүю, аялау, қастерлеу, оған бас ию - міндетіміз.

Сонымен, бүгін біздер Мұқағали шығармашылығынан нені үйрендік?

Не білдім?	Нені үйрендім?
1. Мұқағали поэзиясынан өмірге деген шексіз сезімге толы махаббат үнін таптым. 2. Жырларынан қазағымның қасиетті қара өлеңін таныдым.	Отансүйгіштікті, достықты, табиғатты аялауды, туған жерді сүюді, адалдықты, бауырмалдықты, қарапайымдылықты.

«Көңіл ашар» бөлімінде М.Мақатаевтың сөзіне жазылған әндерді орындаймыз.

**Сұрақ:** 1. Мұқағалидың қандай әндері бар? (100 шақты өлеңдеріне ән жазылған).

2. Мұқағали өлеңдеріне ең көп ән жазған сазгер кім? (Нұрғиса Тілендиев)

Оқушылар Мұқағалидың бірнеше әндерін орындайды. Мысалы: «Саржайлау», «Дариға, домбырамды берші маған», «Есіңе мені алғайсың», «Көгершіндер маршы».

*Өлсе - өлер Мұқағали Мақатаев,  
Өлтіре алмас алайда өлеңді ешкім!*

Тума талантымен өлең әлемінде өз қолтаңбасын қалдырған Мұқағали шығармашылығы – ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, қазақ поэзиясының алтын қорынан орын алатын, өлмейтін, өшпейтін мәңгілік мұра.

Өзінен кейінгі ұрпақ өз өлеңдерін жаттап өсетінін, сол өлеңмен өмір кешетінін, өз өлеңдерінің әнге айналып, қазақ көгінде шарықтайтынын ақындық жүрегімен сезе білгенін байқадық. Мұқағали өлген жоқ. Ол бізбен бірге, жырлары да мәңгі жасай бермек.

---

*Құтылу қиын шындықтан,  
Жалтарған одан шын бұққан.*

## **ҚҰНАНБАЙ МЕН ҚОҢЫРАТ САПАҚ БИ**

Құнанбай мен Сапақ би намаз оқып тұрғанда білмеді ме әлде ұмытты ма, кім білсін, би қолын кеудесіне қоймапты. Шамасы, Құнанбайға бірдеме айтқызбақ та болған шығар. Құнанбай намаз арасында Сапаққа:

- Намазыңыз бұзылды,- депті. Сонда Сапақ:

- Құнан шырақ, мен байқағаным жоқ, менің көңілім құдайда тұрса, сенің көңілің менің қолымда тұрған екен,- депті.

(Абай әзілдері. А., «Ғылым», 1995, 8-бет.)

## ҒАШЫҚ ҒҰМЫР

Өзеннің басталуы, өнердің басталуы – екеуі де қасиетті. Өзеннің көзі бұрқ еткен қайнардан ашылса, өнердің көзі бір шұмақ өлеңнен, иә, жалғыз қарасөзден басталмақ.

Даналық әрқашан балалықтан басталған. Біз таныған, мойындаған Мұқағали да бала күнінен дараланыпты. Дерегімізге дәлел ретінде Мұқағалидың он сегізіндегі өлеңіне үңіліп қарайық.

*Ақырында тынармын, бітер демім,  
Жарқыраған жұлдызым сөнер менің.  
Тон ішінде мұздаған қайран тәнім,  
Бетдүздігің бес метр болар кебін,-* депті он

сегізіндегі Мұқағали. Бала Мұқағалидың емес, қартаймай өлген Мұқағалидың қартайған кездегі өлеңі сияқты. Тас жарардай таланттың адуын аяқ алысы байқалады.

Мұқағали Сүлейменұлы Мақатаев 1931 жылы 9 ақпанда Алматы облысының Нарынқол ауданында өмірге келген. Тума дарын Мұқағалидың өмір мектебі Қарасазда басталып, өзі сүйген Алматысында аяқталды. Мұқағали поэзиясы - таңғы шықтай мөлдір, сырлы, мұңлы поэзия.

Зайыбы Лашын әңгімесінде Мұқағали жайлы былай дейді: «Мен Мұқағалиды данышпан, көреген, әулие еді дер едім. Ол тек өлеңде емес, өмірде де айтқаны, болжауы келіп отырады. Оған кішкентай дәлел, Мұқағали соңғы жылдары «Мен елу жылдығымды тойлауға қатыса алмаймын, бірақ өзім бұл өмірден кеткенше қысылмай жететін жырлар жазып

кеттім. Ол сендерді де асырайды, туған жерім Қарасаздың атын да әлемге жаяды, сол өлеңдерді шашау шығарма, соларды күт, балаларға бас ие бол, мықты едің ғой, одан да мықты бол» деп отыратын».

*Лай су шалмайтын арым бар,*

*Дауылдан қорықпас жаным бар,* - деп жырлап өткен Мұқағали ақын 1976 жылы 27 наурызда көз жұмды. Өзі дүниеден өткенімен артына өшпес мол мұра қалдырды.

*Қалай екен,*

*Мына шың биік пе екен?*

*Жарылмасын әуеге тиіп шекең.*

*Қайсыбіреу өлкемді жамандаса,*

*Шоқ түскендей жанымға күйіп кетем...*

*Көлің қайда, туған елім,*

*Шабақ болам тиіттей.*

*Белің қайда, туған елім,*

*Ойнақтайын киіктей.*

Мұқағали талантының берік тұғыртасы – шаңдағына аунап, тентек өзеніне шомылып, құстар қиқуын тыңдаған топырағында, ол соған тартып туған.

*Май – махаббат.*

*Жерге ғашық сұр аспан!*

*Жер де ғашық, жете алмай*

*Екі ғашық жыласқан.*

Ақынның күркіреп келген көктемін, жадыраған жазын, күрең күзін, ақиқөз ақпанын ешкімнің мезгіл-маусымымен шатастырмаймыз. Май махаббат болып, аспан мен жер бір-бірін сағынып, жете алмайды Жаңбыр жауады – екі ғашық жылайды. Көз алдымызда әсем картина.

Қазағына, қалың еліне жүрек сөзін арнаған ақын қарақан басының қайғы-қуанышын күйттемей, барша адам баласына тән асыл сезімдер мен адамгершілік қасиеттерді жырлауға барын салған. Осы жолда дарыны дараланып,



шығармашылық салада бағы жанған Мұқағали Мақатаев қазақ поэзиясының жаңа бетін ашты. Өзінің қамшының сабындай қысқа ғұмырында артына өшпес із қалдырды.

Мұқағали Мақатаев – қазіргі қазақ поэзиясының классигі, ұлтымыздың ұлы ақыны.

*Поэзия!*

*Менімен егіз бе едің?*

*Сен мені сезесің бе, неге іздедім?!*

*Сені іздедім досымнан, қасымнан да,*

*Сен бе дедім ақ нәсер ашылғанда.*

*Махаббаттан іздедім, сағыныштан,*

*Арманымнан іздедім алып ұшқан, -деп күдіретті*

ақын даналықтың көзі болған поэзияны өзінің сыңарындай көріп тебірене жырлайды.

Мұқағалиның өлім сағатының жақын арада соғатынын сезінген тұсындағы жазған жырлары көздің мөлдір жасымен, көңілдің тіршілікке деген құштарлығынан туған.

*Жылап келіп, келмейді жылап кеткім,*

*Ол ғұмырды келеді бір-ақ тепкім.*

*Жамандықты жақсартып, жақсылықты*

*Онан сайын келеді қуатты еткім.*

*Жылап келіп, келмейді жылап кеткім!*

---

*... Деген екен*

## **МҰҚАҒАЛИДЫҢ СУРЕТТЕУІ**

Ақын Мұқағали Мақатаев бір отырыста өзінің қаламдас достары Әнуарбек Дүйсенбиев, Қадыр Мырзалиев, Шәміл Мұхамеджановтың түр-тұлғасын астарлы теңеулермен суреттеп:

- Шіркін-ай! Әнекеңді жаратып мініп, Қадырды қолға қондырып, Шәмілді ертіп аңға шығар ма едім! - деп, әзіл арман айтқан екен.

*(... Деген екен. Астана, «Аударма», 2003, 43-бет.)*

## «ҚАЙЫРЛЫ ТҮН» ӨЛЕҢІ

(6-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** 1) өлеңнің тақырыбы мен идеясын ашу, мазмұнын меңгерту; 2) сөздік қорын, тіл мәдениетін дамыту, танымдық белсенділігін арттыру; 3) Отанын, елін, жерін сүйуге тәрбиелеу арқылы ұлтжандылық қасиет қалыптастыру. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, буклет, оқулықтар. **Түрі:** жаңа білім беру сабағы. **Әдісі:** сұрақ-жауап, баяндау. **Пәнаралық байланыс:** қазақ тілі.

**Сабақтың барысы. Ұйымдастыру:** оқушыларды түгелдеу; оқу құралдарын тексеру.

### **Жаңа сабақ.**

1. Мұқағали Мақатевтың өмірі туралы не білесіздер?

2. Қандай өлеңдерін білесіздер?

«Қайырлы түн» өлеңі күллі дүниенің тыныштығын тілеу мақсатында жазылған.

Ең алдымен, *қайырлы* деген сөз қандай мағынаны білдіретінін көрейік.

*Қайырлы* (сын есім) – қайырымды, жанға жайлы.

Ал, *қайырымды* деген сөз қайырымы мол, мейірімді, қамқоршыл деген мағынаны білдіреді.

Өлеңді мәнерлеп оқимын. Мағынасы түсініксіз сөздерден сөздік жұмысын жүргізіп, дәптерлеріне жаздыртамын.

Дін аман	1. Бәрі де аман, түгел. 2. Тіршілік атаулының амандығы.
Перде	1. Есік, терезе, театр сахнасына құрылатын шымылдық. Бір нәрсенің жұқа қабыршығы, шарана. 2. Терезе жапқышы, бұл жерде түн мағынасында.
Кесел	Ауру, сырқат, дерт. Ұнамсыз дағды, жаман әдет, қайғы-қасірет, мұң. Ауру, сырқат, дерт, бұл жерде соғысқа, бүліншілікке ұшырамау.
Боз Боз көрпе	Ақшыл,қылаң түс.Боз ала таң, таң сәрі. Түннің таумен астасқан кезі.
Айқара	Айқара ашты, есікті шалқалатып кең ашып қойды.
Айқара жап	Бір нәрсені ашық қалдырмау, толық қымтай жабу.

Өлеңді оқушыларға өз беттерінше оқытамын.

Лирика дегеніміз не? (145-бетте анықтамасы бар).

Өлең мазмұнын сұраймын.

1. Әйел-Ана сәбиінің ұйқысын қалай бұзбай сақтайтын болса, Жер-Ана да дәл солай тәтті ұйқыда таңға дейін демалуын тілейді.

2. Алып жерді төсек еткен көк аспанның ешқандай да соғысқа, бүліншілікке ұшырамай, таң атар сәтте боз көрпесін айқара жауып, тыныштықтың аясында дамылдап, тәтті ұйқыда болуын тілейді.

3. Осындай тыныштықта демалып дамылдаған түн сұлуға жұлдыздар шашу болып шашылып, ару ай ақ мойнына асылып, ақ білегін артып: «Ел тыныштығын бұзбайық» дейді.

Лириканың қай түрі?

Философиялық лирика. Философия – табиғат, қоғам мен ойлаудың даму барысындағы жалпы заңдылықтары туралы ғылым.

Мына өлеңде қоғам, қоғамның тыныштығын, бейбітшілікті автор өзінің ойы арқылы жеткізіп тұр.

Өлеңнің ішінен кейіптеу мен эпитеттерді табу. Әуелі, кейіптеу мен эпитеттің не екенін есімізге түсірейік.

Эпитет – *көк аспан, тәтті ұйқы, ақ басты Алатау, алып жер, ұлы кеудең, боз көрпе, жас ұл.*

Кейіптеу – *орманың шуламасын, суларың туламасын, күңіренбесін, жыламасын, шамыңды өшір, айы келіп, ақ мойныңа асылды.*

Өлеңнің идеясы қандай? Ел тыныштығы, бейбітшілігі, Отанның бақыты туралы. Өлеңнің шумақтарына тақырып қоя отырып құрылысына талдау.

### **Жер-Ана**

Қайырлы түн,

Жер – Анам!

Көк аспанды жамыл да,

Таңға дейін дін аман

шалыс ұйқас

Тәтті ұйқыда дамылда!

### **Тыныштық**

Орманың да шуламасын,

Суларың да туламасын.

Ақ басты ала тауларың да

Күңіренбесін, жыламасын!

кара өлең ұйқасы

### **Соғысқа жол жоқ**

Шамыңды өшір,

Түсіре ғой пердеңді,

Қайырлы түн, алып Жер!

Дүбірлетіп сенің ұлы кеудеңді

Таптамасын танктер!

шалыс ұйқас

Қайырлы түн,  
Ақ аспан,  
Алып жерді // төсен де,  
Боз көрпенді // айқара жап // иыққа,                    аралас ұйқас  
Сенің нұрың // тыныштықпен // жарасқан!

### Бейбітшілік

Қайырлы // түн, // ұйықта.  
Шашу болып //жұлдыздарың // шашылды,  
Айың келіп // ақ мойныға // асылды.  
Шәйіге орап // әлдилесін // Құс жолы    қара өлең ұйқасы  
Тыныштық деп //аталатын // жас ұлды ...

Мәтін бойынша сұрақтар беремін.

№1. 1. “Қайырлы түн” өлеңінен қаратпа сөздерді тауып, маңызын түсіндіріңіз.

2. Қаратпа сөз деген не? Тыныс белгілері туралы айт.

№ 2. «Таңға дейін дін аман», өлең жолындағы “ дін” сөзінің орнына *бәрі*, *түгел* сөздерін қойып оқысаңыз қандай ерекшелік байқалады?

№3. «Тәтті ұйқыда дамылда», өлең жолындағы «тәтті» сөзінің орнына *жақсы*, *тыныш* сөздерін қойып оқысаңыз қандай ерекшелік байқалады?

**Сабақты қорытындылау.** Оқушының жаңа сабақтан алған әсерлерін сұрау.

*Қарасаз, қара шалғын өлеңде өстім,  
Жыр жазсам оған жұртым елеңдестің.  
Өлсе - өлер Мұқағали Мақатаев ,  
Өлтіре алмас алайда өлеңді ешкім!*

Расында да, Мұқағалидың өлеңдері де, өзі де ешқашан өлмек емес.

**Үйге тапсырма:** “Ел тілегі- бейбітшілік”, “Біз бейбітшілікті сүйеміз” деген тақырыптың біріне шағын шығарма жазу, “ Қайырлы түн” өлеңін жаттау.

## ГАЗЕТ МӘТІНДЕРІНДЕГІ ЭМОЦИОНАЛДЫ-ЭКСПРЕССИВТІ ҚҰРАЛДАРДЫҢ РӨЛІ

Тіл білімінде белгілі бір зерттеу бағыттарының қалыптасуына, сол бағытта жаңа ізденістердің көрінуіне, түрлі ғылыми-зерттеу жұмыстарының тууына тілдің ішкі заңдылықтары ғана емес, қоғамдағы, мемлекеттегі түрлі жағдайлар да әсер етеді. Бұл тілдік емес сипаттағы, яғни, тілден тыс фактор болғанымен, тілдік құралдардың белгілі бір стиль аясында қолданылу, жұмсалу ерекшеліктерін қалыптастыруға, функционалдық стильге тән белгілерінің айқындалуына барынша ықпал етеді. Бұл құбылыс тіл білімінде экстралингвистикалық факторлар деп аталады. Қазақ тіл білімінде функционалдық стильдердің қызметіне, тілдік құралдардың жұмсалу ерекшелігін қалыптастыруға әсер етуші тілден тыс құбылыстардың табиғатын ашып көрсетуге, олардың стиль түзуші қызметіне, алатын орнына қарай саралауға, белгілерін атап көрсетуге арналған еңбектер жоқтың қасы. Қазіргі қазақ тіл білімі мұндай бағыттағы зерттеулерге зәру екендігі сөзсіз. Рәбиға Сыздық «Сөз күдіреті» атты еңбегінде экстралингвистикалық факторлардың рөлін, олардың тілдік стильдердің дамуындағы қызметін атап көрсетеді [1. 163]. Кейбір стилистикалық ұғымдар мен категориялар туралы жазған мақаласында М. Серғалиев «Функционалдық стильдің толыққанды өз міндетін атқаруы үшін лингвистикалық

фактордан гөрі тілге қатыссыз фактор жетекші роль атқарады» деп жазады. Ғалым экстралингвистикалық факторларға қарым-қатынас аясын, қоғамдық қызмет пен қоғамдық сана түрлерін жатқызады [2. 4].

Қазақ тіл білімінде эмоционалды-экспрессивті құралдардың, оның ішінде метафораның және прецедентті тілдік бірліктердің газет мәтініндегі рөлі бүгінгі таңда арнайы зерттеуді қажет етеді. Газет елдің саяси жаңалықтарын дер кезінде жариялап тұратын ең қолжетімді ақпарат таратушы болып табылады. Газет мәтіні – мәтін қызметінің ерекше көрсеткіші, сондықтан да бұл бағыттағы зерттеу жұмысының өзіндік ерекшеліктері де бар. Газет мәтінінің басты мақсаты, айрықша ерекшелігі – аудиторияға әлемдегі жағдайды, мәселені анық жеткізу. Соңғы жылдары Қазақстанда болып жатқан түрлі қоғамдық-саяси өзгерістер өз кезегінде тілде, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдары тілінде де көрініс беруде.

Эмоционалды-экспрессивті құралдардың, оның ішінде метафораның және прецедентті тілдік бірліктердің газет мәтініндегі рөлін қарастырудың өзектілігі қазіргі қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдарындағы басым бағыттардың өзгеруімен байланысты туындап отыр. XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басына қарай әдеби тілдің стильдік тармақтары ішінде басым стиль көркем әдебиет стилі емес бірте-бірте публицистикалық стиль бола бастады, себебі: қазіргі заман - ақпараттар заманы. Бұл күнде әлемнің түкпір-түкпірінде күн сайын дерлік мемлекет басшыларының кездесулері, түрлі ресми басқосулар, тарихи оқиғалар болып жатады. Әлемдік қауымдастықтың ажырамас бөлігіне айналған Қазақстан да халықаралық қатынастардың күрделі мәселелерінен сырт қалып отырған жоқ. Мемлекеттің өз ішінде болып жатқан өзгерістер мен оқиғалар, көтеріліп жатқан ауқымды мәселелер де аз емес. Мұндай алмағайып

кезенде, әрине, ақпарат тасқыны шексіз, бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі өте жоғары. Қоғамдық сананың қай түрін болсын, әсіресе, мәдени, саяси, азаматтық, құқықтық сана қалыптастыруда негізгі рөл ойнап отырған – бұқаралық ақпарат құралдары. Ол – жаһанданудың қозғаушы күштерінің бірі ғана емес, қоғамдық пікірді қалыптастырушы негізгі құрал.

Жедел ақпарат тарату, мемлекеттік ұстанымдарды насихаттау мен жүзеге асырудағы маңызды құрал ретінде БАҚ жетекші мәнге ие болып отыр. Ақпарат – ашық қоғамның генераторы. Қазіргі қоғамда газеттің пәрменділігі - аса жоғары әрі санаға ықпал ететін күш. Қазір оқырманмен байланыс орнатудағы жаңа тілдік тактика қалыпты ойлаудан, көпсөзділіктен, құрғақ тілден бас тартқызды. Қазіргі газеттерде автордың шығармашылық ізденісі, тілдік құралдарды жаңартуға деген талпынысы, оқырман назарын аудартуда жаңа тәсілдер қолдануы, модальды-бағалау сипаттарының берілуі жаңаша көрініс тауып отыр. Осының бәрі газет мәтінінің, оның ішінде саяси мәтінді лингвоәдістемелік аспектіде жаңаша зерттеуді талап етеді.

Жаңаша зерттеудің қажеттілігі, метафора мен прецедентті тілдік бірліктердің қабылдау мен түсіну тұрғысынан бұрын жете зерттелмегендігімен қатар, соңғы жылдары газет беттерінде жаңа қолданыстардың пайда болуымен де байланысты. Қазақ тіл білімінде бұқаралық ақпарат құралдарының, әсіресе, мерзімді баспасөздің лингвистикалық ерекшеліктеріне қатысты зерттеу жұмыстары болғанымен, газет мәтіні қызметінің түрлері, мәтінде белсенді түрде қызмет етіп, мақсатты түрде қолданылатын тілдік бірліктер, қазіргі газет мақалаларындағы эмоционалды-экспрессивті құралдар әлі де жете зерттелген жоқ. Тек қазақ тіл білімінде ғана емес, орыс тіл білімінде де көркем әдебиет стилі мен



ауызекі сөйлеу стиліндегі эмоционалды, экспрессивтілік мәселесі туралы бірқатар еңбектерде айтылғанымен, қазіргі публицистикалық стиль және оның эмоционалдығы мен экспрессивтілігі мәселесі – арнайы, терең талдана қоймаған тың тақырыптардың бірі.

Қазақстанның жаңа кезеңдегі публицистикалық стилі және оның эмоционалдығы мен экспрессивтілігін көп аспектіде сипаттау, метафораланудың когнитивті аспектілері мен интермәтінділік, т.б. мәселелерді ғылыми-зерттеу нысаны ретінде алып, ғылыми тұжырымдар жасаудың қазақ тіл білімі үшін теориялық маңызы зор екендігі даусыз. Қазіргі қазақ тіл білімінің алдында *публицистикалық стилдің негізгі ерекшеліктерін жаңа ғылыми бағыттардың зерттеулер нәтижесімен толықтыру және газет мәтінінің анықтамасын нақтылау; қазіргі газет мәтінінде болып жатқан негізгі лингвостилистикалық өзгерістерді анықтау; газет мәтініндегі бағалау, эмоционалдылық, экспрессивтілік түсініктеріне анықтама беру; қазіргі газет мәтініндегі бағалау білдіру құралдарын анықтау; қазіргі саяси метафора мен прецедентті тілдік бірліктердің ерекшелігін көрсетіп, олардың публицистикалық мәтіндегі ролін анықтау* сияқты міндеттер тұр.

Метафора мен прецедентті мәтіндер қазіргі газет мәтіндері үшін экспрессия мен эмоцияны білдіретін тілдік құралдар болып табылады. Қазіргі газет мәтініндегі метафора мен прецедентті айтылулардың фондық білім бірліктері ретінде танылуы және түсінілуі – оқырман тарапынан ақпаратты дұрыс қабылдаудағы қажетті шарттардың бірі. Олар газет мәтініндегі маңызды тілдік бірлік ретінде көрініс тауып отыр. Зерттеушілердің пікірінше, публицистикалық стиль мәтіндері үшін ақпараттық және әсер ету қызметтері аса маңызды болып табылады. Осы екі қызметтің өзара байланысы публицистикалық стильдің

плдік ерекшелігін береді. В.Г.Костомаровтың пікірінше, публицистикалық сөйлеуде стандарт пен экспрессияның бірігуі газет публицистикасы қызметінің екіжақтылығымен байланысты: ақпараттық-мазмұндық және әсер ету қызметі. Ақпараттық қызметі стандарттылықпен байланысты болса, эмоционалдық элементтермен қаныққан әсер ету қызметі экспрессивтілікпен байланысты [3].

Публицистикалық стиль жанрларын қарастыруға арналған еңбектерде негізінен жанрдың үш тобын бөліп көрсетеді: *ақпараттық, аналитикалық және көркем-публицистикалық*. Ақпараттық жанрға *репортаж, сұхбат, есеп*, аналитикалық жанрға *аналитикалық сұхбат, мақала, хат-хабар, пікір, шолу*, көркем-публицистикалық жанрға *очерк, фельетон, памфлет* жатады. Соңғы он бес жылда газеттің жанрлық жүйесінде айтарлықтай өзгерістер болды. *Эссе, комментарий, болжау* сияқты жанрлардың кең таралуына жеке адамдық даралық үрдістің күшеюі әсер етті. Жалпы жанрлар жүйесінің эволюциясы байқалуда: бір жанралар бірігіп, енді біреулері өзгеріске ұшырап, ал үшіншілері өзара қатынасқа түсіп синтезделуде.

Ғасырлар тоғысындағы публицистикалық стиль эволюциясы автор мен адресат категориясын және қазіргі газет мәтіндеріндегі лингвостилистикалық өзгерістерді қарастыруды талап етіп отыр. XX-XXI ғасырлар тоғысындағы заманауи публицистикалық стильдің басты ерекшеліктері мыналар: өзінің нақты адресатын табуға деген ұмтылыс, газет мәтіндерінің диалогтілігі және автор мен оқырман арасында диалог құруды көрсетуге деген құлшыныс. Қазіргі заманғы журналист қоғамдық жағдайдың өзі туғызған диалогтың жаңа мүмкіндіктерін қолдана отырып, оқырманмен тікелей байланыс орнатып, оның қабылдау мүмкіндігіне бейімделіп диалогтық қатынас құра алады.

Бұрын адресат басқарудың белсенді емес нысаны ретінде

қарастырылатын, ал бүгінде адресат ұсынылған ақпараттың өзі саралай алатын «тәуелсіз тұлға». Бұрын публицистикада адресат – идеялық тұрғыдан алғанда біртекті топ болса, ал бүгінде бұл түсінік әр түрлі көзқарастағы, әр түрлі ақпараттық талап қоятын адамдар тобын білдіреді. Посткеңестік кезеңде адресанттың да жаңа түрі қалыптасты: бюрократиялық емес, жаңа шығармашылық тұлға. Егер ертеректе журналистің сөздік қоры стандартқа айналған белгілі формулалармен шектелсе, бүгінде публицист «өз атынан пікір білдіретін, дамудың, демократияның идеалдарын қорғайтын, өзін еркін эмоциялық сөйлеу арқылы көрсете алатын тұлға» ретінде көрініп отыр [3. 50].

Қазіргі публицистикадағы белсенді үдеріс газет тіліне «иностилді» элементтердің қосылуымен де түсіндіріледі. Ауызекі сөйлеудегі қарапайым сөздерден бастап әдеби емес тілдік құралдарға дейін «экспансия» үдерісі өте үлкен, ауқымды масштаб пен интенсивтілікке ие болды. Публицистикалық сөйлеудің стилдік нормасы өзгерді, ол еркіндікке, ашықтыққа, сөзшендікке бет бұрды. Қазіргі мерзімді басылым беттерінде барлық тілдік деңгейлердің сөйлеу құралдары публицистиканың лингвостилистикалық бейнесін өзгерте отырып, әр түрлі жанрларда қолданылуда. Әдеби тілдің сөздері мен айтылымдары әдеби емес айтылымдармен қатар қойылып, қарым-қатынастың барлық саласында қарапайым және жаргон сөздер сияқты шектеулі лексикалық бірліктерде қолданылып, кітап тіліне тән құрылымдар сөйлеу тіліне тән құрылымдармен араласып берілуде.

Қазіргі тілдік дамудың тағы бір ерекшелігі – өзгетілдік элементтердің қолданылуы. Мысалы, *консенсус, менеджер, маркетинг, рейтинг, имидж, саммит* және т.б. Қазақ тіліне өзге тілдік сөздердің (негізінен ағылшын тілінен) жаппай енуі бүгінгі қоғамның ашықтығымен, жариялылығымен

және ықпалдастықпен байланысты болып отыр.

Қазіргі газет мәтініндегі бағалауды көрсету құралдары ретінде негізінен «бағалау», «экспрессивтілік», «эмоционалдылық» түсініктері аталады. Олар қазіргі газет мәтінінде бағалауды білдіретін негізгі құралдар ретінде қарастырылды. Бағалау категориясы лингвистика тұрғысынан тар және кең мағынада да қолданылады. Бірінші жағдайда «жақсы, жаман» деп бөлу қарастырылса, екінші жағдайда өзге қасиеттері бойынша «үлкен, кішкене», «тар, кең» деп бөлу қарастырылады. Газет мәтіндерін зерттеуде бағалаудың аксиологиялық табиғаты ғана емес, оған әсер етуші рационалды және эмоционалды факторлар да ескерілуі тиіс.

Біздің пікірімізше, И.В. Арнольд экспрессивтілік пен эмоционалдылыққа толық түсінік берген: «Экспрессивтілік түсінігі аясында біз мәтіннің немесе мәтін бөлігінің мағынаны күшті қарқындылықпен беретін қасиетін көреміз. Ол сөйлеушінің ішкі күйін береді, образды немесе образды болмауы да мүмкін, эмоционалды және логикалық күшейту болады» [4. 14], яғни, экспрессивтілік пен эмоционалдылық әрқайсысы өз алдына жеке құбылыс болып табылады.

Экспрессивтілік пен эмоционалдылықты газет мәтінінің айрықша қасиеті ретінде бөліп қарастыруға болады. Тілдік материалға жасалған талдау көрсеткендей, қазіргі газет мәтіндерінде жаңа экспрессивті және эмоционалды құралдардың, тәсілдердің сапалық және сандық қордалануы байқалуда, ал олар кейін «жеңіл прессада» кең қолданылыс табуда, оның ішінде троптар мен сөйлеу фигуралары, шебер каламбурлар, окказионализмдер белсенді қызмет атқарып жүр, «сен» қаратпасы бойынша адресілік қалыптасып, тұрақты сөз тіркестері, аллюзиялар, пародиялар ұтымды пайдаланылуда. Синтаксис ерекше экспрессивті, себебі мұнда парцелляция, эллипсис, т.б.

жиі қолданылады. Кейбір газет тақырыптары тіптен ерекше. «Жеңіл» прессаның ерекшелігі оның жарнамалық «қаруында», яғни, мағыналар ауыстыру ойынында. Тілдік ойынның мақсаты – оқырманның назарын әзіл, юмор, өткірлік арқылы тарту. Қазіргі публицистикалық мәтіндердің айрықша ерекшелігі прецедентті мәтіндерді жиі қолданудан және олардың оқырманда қосымша ассоциация қалыптастыру үшін дәйексөз келтіру, аллюзия, парафраз, пародия тәсілдерін қолдануынан көрінеді. Ирония қазіргі БАҚ тілінің жетекші қасиеті болып тұр, себебі барлық эмоционалды-экспрессивті құралдар газет мәтініне ирониялық бағалау береді.

Газет мәтіндеріндегі бағалаудың экспрессивті құралдары қабылдау тереңдігіне бағытталған, сондықтан да оқырманның жоғары белсенділігін, шығармашылық біліктілігін талап етеді. Қазіргі мерзімді басылым беттерінде оқырманның өзіне баға беру мүмкіндігі де беріледі. Қазіргі заман газетінің жалпы әдістемелік негіздері оқырманды бірігіп ортақ ойлауға шақырады деп қорытынды шығаруға болады. Антропоцентрлі үрдіс газет тілі қызметінің белгілі бір диалектикасына алып келеді: қазір ақпарат жеткізу қызметі мен қарым-қатынас қызметі бәсекелестікке түсіп отыр.

Ләззат Дүйсембекова «XX ғасырдың 80 жылдарына дейін адамдарға идеялық ықпал етуде, адамзат жасаған рухани қазына мен мәдени мұраны адам санасына сіңіруде, адам тәрбиелеуде, қоғам азаматын қалыптастыруда, жалпы қоғамдық сана қалыптастыруда негізгі қызметті көркем әдебиет атқарып, көркем әдебиет стилі әрқашан доминант стиль ретінде көрініп отырса, бүгін қоғамдық сана қалыптастыруда негізгі қызмет атқарушы – бұқаралық ақпарат құралдары болып, публицистикалық стиль доминант стиль ретінде көрініп отыр» деп жазады [5. 63].

Қазір еліміздің ақпараттық кеңістігіндегі ақпарат ауқымы

адам қабілеті қорыта алар мүмкіндіктен де асып кетіп отыр. Публицистикалық стильдің қоғам өмірінде маңызды қызмет атқаруына орай бұқаралық ақпарат құралдарының тарихы, тілі, стилі, рөлі, жанрлары, т.б. мәселелері лингвистикалық, философиялық, прагматикалық, тарихи, т.б. аспектіде терең зерттелуі, қазақ тіл біліміндегі баспасөз тіліне байланысты жасалған зерттеулер жаңа бағыттағы жаңа еңбектермен толығырақ түсуі тиіс.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Р.Сыздық. Сөз күдіреті. А., «Санат», 1997.
2. М.Серғалиев. Кейбір стилистикалық ұғымдар мен категориялар туралы // ҚазМУ Хабаршысы. Филология сериясы. А., 1997, №8.
3. В.Г.Костомаров. Русский язык на газетной полосе. М., 1971.
4. И.В.Арнольд. Интерпретация художественного текста: типы выдвижения и проблемы экспрессивности // Экспрессивные средства английского языка. Л, 1975.
5. Л.Дүйсембекова. Қазақ ресми-іс қағаздар тілі. А., «Ана тілі», 2005.

---

*Есепке мықты*

*Талайды жықты.*

### **ӘПЕНДІ «БАҒБАН»**

Бір рет тігіліп, қайтадан суырып алынған шыбықтар - барлық сатып алынған шыбықтың қақ жартысы. Есеп шарты бойынша осы «қақ жартының» жартысы, яғни, тоғыз шыбық көктемей қалған. Ендеше сатып алынған шыбық саны өспей қалғанынан төрт есе көп.

**Жауабы:** Барлығы отыз алты шыбық.

*(Қырық қазына. А., «Мектеп», 1987 жыл, 76-бет.)*

## БҰДАБАЙДЫҢ АЙТЫС ӨЛЕҢДЕРІ

Бұдабай ақын - Сыр өңіріне әйгілі тұлға. Ол туралы Сыр бойының белгілі шайырлары арнау сөз айтып, жоғары бағалап отырғанын айғақтайтын деректер аз емес. Ел ішінде Бұдабай жайлы естелік сөз де көптеп кездеседі.

Бұдабай ақын шығармашылығында оқиғалы дастан, арнау өлең, жоқтау өлең, әйелдер жайында жазылған өлеңдермен қоса айтыс жанры да кезігеді.

Қаңлы руынан шыққан Қарлығаш (*қайсыбір деректе Қоңырат руы делінген* – Қ.Ә.) қыздың ақындығынан хабардар болып жүрген Бұдабай ақын онымен ойда-жоқта ұшырасып қалады.

Арқадан Бұқара жағына саудамен бара жатқан керуенгерген Бұдабай Қаратау маңындағы бір елден жеңгесімен су алуға бара жатқан қызды көреді. Бұдабай оның Қарлығаш екенін әуелде білмей, қызға тиісе, қалжыңмен қағытып сөйлейді:

*Қамысы айдын көлдің буын-буын.*

*Арқаның атып алдым қаз бен қуын.*

*Қолында екі шелек, бір тобатай,*

*Келеді құртайын деп көлдің суын.*

**Қарлығаш іліп алып, тұқырта түйреп жауап береді:**

*Азбан мен мас болғанда бұқа бұға,*

*Бейпарасат ақымақ, тентек - дуға.*

*Шешеңнің күбіндегі айраны ма,*

*Кім қойды итаршы ғып қара суға?*

Кідіріп, мүдіріп қалған Бұдабайды Қарлығаш бастырмалай сөйлеп, онан әрі абыржытқан сыңайлы.

*Жүзіме күлімдеген қуанасың,  
Балаша жылап қойған жұбанасың,  
Сандалмай сен тезірек жөніңді айт,  
Қаңғырып қайдан жүрген диуанасың?*

Бұдабай бұл қыздың кім екенін, әрине, біле қояды. Өзін «Өлеңмен ерітемін қара тасты» деп таныстырып, Қарлығаштың кез болғанына қуана сөйлейді.

*Бұдабай - менің атым, түбім Шашты,  
Өлеңмен ерітемін қара тасты.  
Жарымай әріптеске жүргенімде,  
Құдайым кез келтірді Қарлығашты.*

Айтыс дәстүрлі үлгіде сөз қағыстыру, бір-біріне тиісе басталады да, әрі қарай тыңдаушыны қызықтыра, ынтықтыра түсіп, өрбіп отырады. Бұл жолы саудагер серіктері асығыс болған соң, Бұдабай айтысты үзіп: «Осы сапардан аман-есен оралсам, сен қызбен айлап айтыссам да келіп жатып айтысамын» деп кете барады. Айтыстың бірнеше рет өткені туралы мәселенің кілті осында жатыр.

Бұдабай сапардан оралған соң, өзі айтқанындай, Қарлығаштың ауылына арнайы іздеп барып айтысын жалғаған. Бұл жерде Біржан мен Сара айтысындағыдай, Бұдабай үй сыртынан дауыстап, сәлем айтып сөйлеп айтысқа шақырады.

*Әләйкүм ассалау ма, арма деймін,  
Қарлығаш ғашықтыққа зар ма деймін?!  
Сыртынан үйіңіздің мейман келді,  
Бір адам сөйлесуге бар ма деймін?*

Қарлығаш та үйден жүгіре шығып, наздана, менсінбегенсіп, паң сөйлейді.

*Көгім деймін, мен енді көгім деймін,  
Жарасар көк дөненге ерім деймін,*



*Талтүсте мейманмын деп келіп тұрған*

*Құдай-ау, меймансыған ол кім деймін?*

Әрі қарай айтыс дәрекілеу өрбиді. Бұдабайды қаңғып жүрген біреусің дегендей төмендете бергенінен де Бұдабай әйел затын сүріндірер ғайбат сөз, өсек-аяңға арқа тірейді. Жеке бас өмірінен сыр суыртпақтап қызды сөзден жаңылдырмақ болады. Қарлығаш қыздың осы айтыстағы батылдығы қыздың сөз додасына әбден қалыптасқандығын байқатады. Қыршаңқы сөзге бұл да қырсыға жауап қатады.

Қарлығаш уәжбен сөйлейді, ақталып, арылудан гөрі арасын, шынын тауып көр дегендей, көп жұмбақ тастап барып үзеді айтысты.

Осы айтыс жөнінде Бұдабай ақынның өлеңдер жинағын құрастырып бастырушы М. Аяпов пен М. Жармұхамедұлы мынадай ой түйеді: «Айтыс кәдімгі қайымдасу үлгісіне құрылған. Екі жақ та бір-бір ауыз өлеңмен жұптасып отырады да, көбінесе, алғашқы екі жол екі әріптеске ортақ болып келеді. Айтыс желісі қыз бен жігіттің жар тандау, тұрмыс құру жайттары мен әр алуан әзіл-қалжыңы түрінде жалғасып отырады. Ара-тұра әзіл-қалжыңнан асып, бұралқы сөздерге ұласып кететін тұстары да жоқ емес, бұлары жалындаған жастықтың қызулы сыр-сипатын танытары сөзсіз. Бұдан айтыс айтыста ел өмірінің кейбір көрініс сипаттамалары да жүр, бірақ бұл қосалқы мағынада алынған. Айтыс түйіні жастардың көңіл-күйіне сәйкес жарасымды әзіл, сыпайы қалжың, ілмелі тартысқа құрылады» [1. 10].

Бұдабай қайткенде қызды сөзбен ақыры тоспақ болып айтыс соңында тым қаттылау кетеді. Қарлығаш ақынның ығына жығылып, айт дегенін айтпайды. Оның соңғы сөзі айтыстың өтімділігін өсіре түскендей.

*Айтамын айта берсек, таңбалы көк,*

*Алғанның екі қатын жанжалы көп.*

*Бұдабай, бойжеткен қыз өсегі көп,*

*Біздерге кім айтпайды «бармадым» деп.*

Жалпы, айтыстағы мұндай дәстүрді айтыс өнеріне тән нәрсе деп қарауға болады. Бұл тұрғысында Ш. Ахметов, Б. Ысқақов құрастырған «Айтыс» жинағында «... айтыс үстінде, сол атсыз ақын, бала ақын, қыз ақын өзімен таласушы, жарысушы әріптесі не қандайлық қатты сөз, ащы сөз, тіпті бас мінесу сияқты айтыстарда болатын тұрпайы ауыр сөздер айтса да ол кінә болып, айып болып саналмайды. Қайта «сөз тапқанға қолқа жоқ» дейтін, айтыс турасындағы халық өзі құптаған нақыл бойынша, сөз тауып, қарсы ақыны жеңсе сол жеткілікті» делінген [2. 27].

«Бұдабай мен Дәмегөй айтысы» – ері өліп, жас қайнысына әмеңгерлік жөнімен бас қосқан қымыз сатушы әйелмен болған сөз тартысы.

Айтыс екі ауыз сөзбен біткен. Әйел Бұдабайдың қағыта сөйлеген қалжыңының басына салиқалы сөзімен су құяды. Қыпшақ руына тілі тиді деп іштей кінәләп жүрген Дәмегөйге Бұдабайдың жолы түсіп, Байсын болыс екеуі қосына келіп түседі. Қымыз ұсынған Дәмегөйге Бұдабай тиісе сөйлеп:

*Қонады көшіп аулым Жарқұмаққа,  
Дайын тұр жануарым қарғымаққа.  
Тақымың тай, құнанға толмай жүрсе,  
Көк қасқа мінгізейін арғымаққа, –* дегенде Дәмегөй жұлып алғандай былай дейді:

*Қонады көшіп аулың Жарқұмаққа,  
Дайын тұр арғымағың қарғымаққа.  
Тәуір ат болыс мінер олжа келді,  
Байысеке, біз байладық аруаққа!*

Бұдабай Байсын болысты «көкқасқа арғымақ» деп астарлай сөйлесе, Дәмегөй оны сөзден тосып, «арғымағын

аруаққа байладым» деп өлген күйеуін басы жерге тигенмен қастерлейтінін білдірген. Айтыс екі шумақтан тұрғанымен мәнді. Ел тұрмысы, ата салт, аруақ сыйлаған қазақы өмірдің таңбасы дейтіндей әсерлі. Қайымдасу түрінде айтылған. Ақынның бұдан басқа «Бұдабай мен Айсұлудың айтысы», «Бұдабайдың байдың қызымен жұмбақ айтысы», «Бұдабай мен құдаша қыз», «Молда Мұсамен айтыстары» - ел аузында сақталып қалған туындылар.

Біз Бұдабай ақынды мысал айтыс түрін дамытушы ақын десек, артық айтқандық емес. «Бұдабайдың сиырымен айтысқаны», «Бұдабайдың атымен айтысқаны» айтыс өлеңдері мысал айтыс түрінде туған, қызықты, күлкісі де, өмірдің жан шыжғырғандай ащы ақиқаты да бар өлеңдер.

Қашып кеткен сиырын іздеп тапқан иесі малына өкпесін айтады. Сиыры сонда былай деп жауап арызын айтқан.

*Кем емес бізге берген от пен суың,*

*Әйтеуір жаман емес сенің үйің.*

*Ұрғаның қабырғама жаман батты,*

*Көңіліме содан бері болды түйін.*

Сиыры иесі Бұдабайды «қу кедей» деп кеміткен. Бұдабайдың жауабында тиісе сөйлеген, қуақы астармен қапталған «қызық» оралым, тіркес мол. Сиыры иесіне жауап сөзінде «мал шашқышсың, алды-артыңа қарамайтын дарақысың» деп мін тағады. Берекесіз тіршілігін, кедейшілігін Бұдабай осылайша сиыры болып сөйлеп өз бетіне өзі басады.

*Шашасың мырза болып тапқаныңды,*

*Ісіріп қойғаның не қапталымды.*

*Кедейлік біз келген соң кетіп сенен,*

*Артыңды білмеймісің жапқаныңды.*

«Бұдабайдың атымен айтысқаны» айтыс өлеңі де осы мәндес.

Атына «Салған жемді неге жемейсің?» деген сылтаумен

тиісіп, екеуара айтысты бастап кеткен Бұдабай бұл айтыста өзінің жігітшілік жүрісін де іліктіре сөйлейді. Айтыс жұрттыңардай қитұрқы, арандата, алаңдата айтылған. Адамды елеңдетіп, еліктіріп, енді не айтады, қалай айтады, қандай қисын табады деп қызықтырып отырады. «Ұрып өлтірейін, жамандатқыр» деген иесіне аты мынадай базына айтыпты:

*Артыңа байлаушы едің таяу гана,  
Жатпайды барсаң қыздар ояу гана.  
Арасын екі ауылдың тозаңдатып,  
Жүрерсің мен өлген соң жаяу гана.*

Бұдабай «Шыр бітпейтін жылқысың» деп атын жазғырады. Аты болса «Елдің малын баққызып, мініс атқа беріп қинадың» деп өкпе артады. Бұдабай астындағы жалғыз атын аямаған, арғы-бергісін ойламаған өзіне осылай обал жоқ саған дегендей оймен ызасын айтып-айтып алған сыңайлы.

Десек те, бұл екі айтыстың басқа да мәні бар сияқты. Бұдабай ел тұрмысының бір шындығы – шаруа адамның бірін тартса біріне жеткізе алмай митындаған қу тірлігін, көпке ортақ, жалпақ елге мәлім жайылған шындықты, көптің басындағы күйді де айтқан деуімізге болады.

Бұдабай – өзі өмір сүрген қоғамдық ортаның кескін-келбетінің бет-пердесін өз өлең иірімдері арқылы ашып бейнелей білген суреткер ақын. Ол қоғамның ащы мен тұщы көріністерін ашып айтқан. Бұдабай Қабылұлы – қазақ әдебиеті тарихында өз қолтаңбасын қалдырған көрнекті ақындарымыздың бірі.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Бұдабай Қабылұлы. Шығармалары. А., «Мұраттас», 1994.
2. Айтыс / Құраст. Ш.Ахметов, Б. Ысқақов. А., ҚМКӘБ., 1964.

**Жамал ҚАҒАЗОВА,**  
**Тоғас батыр атындағы**  
**орта мектептің мұғалімі.**  
Шығыс Қазақстан облысы,  
Тарбағатай ауданы.

## «АБАЙТАНУ» ПӘНІ

«Абайтану» пәні оқушыларды ақыл-ой әрекетіне бағыттайды, мәліметтерді өздігінен жинауға итермелейді, оқушы шығармашылығын қалыптастыруға әсер етеді. Негізгі ерекшелігі – мектеп бағдарламасында қарастырылған материалдарды оқушылардың ізденімпаздықпен тауып, қарап, толықтырып, өз білімін байыта алуы.

№	Тақырыбы	Сағат саны
1	Абайдың туып өскен ортасы. Абай – лирик.	9
2	Абай – сатирик ақын. Абай – ағартушы ақын. Абай – аудармашы ақын.	7
3	Абай – сазгер. Абай – би, болыс, заңгер. Абай – дана ойшыл, философ.	9
4	Абайдың ақындық мектебі, шәкірттері. Абайтану ғылымы. Абай туралы ой-толғамдар.	9
5	<i>Барлығы</i>	34 сағат

# Күнтізбе жоспар

## I тоқсан

№	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Мақсаты	Сабақ түрі, әдіс-тәсілі	Қосымша материал	Пән-аралық байланыс	Мерзімі
1	Абай Құнанбайұлы өмірінен жалпы мәлімет.	1	Абай өмірі туралы жалпы түсінік беру.	Та-ным. Жорық. Әңгі-мелеу.	М.Әуезов. «Абайдың туысы мен өмірі» «Абай» журналы, №2, 1992. М. Әуезов «Абай жолы» романы. А., «Жазушы», 1989.	Қазақ-стан тари-хы. 8-сы-нып.	
2	Абай туып-өскен орта.	1	Абайдың туып-өскен ортасы. Әкесі Құнанбай қажы ту-ралы, ше-шесі Ұлжан туралы, әжесі Зере, ата тегі жайында таныту. «Тектіден текті туады, Тектілік тұқым қуады».	Саяхат сабақ. Әңгі-мелеу	Бейбіт Сапаралы. «Құнан-бай қажы» кітабы. «Абай» журналы. 1992. А. Януш-кевич. «Күнде-ліктер мен хаттар». М.Әуезов. «Абай жолы» романы.	Қазақ-стан тари-хы. 8-сы-нып.	

3	Абай – лирик. Лирикасын саралау.	1	Лирика туралы, оның эпостан айырмашылығы туралы білгізу. Абайдың үлкен сезім мен көңіл-күйдің ақыны екендігін таныту.	Жаңа тақырыпты таныстыру сабағы. Сын тұрғысынан ойлау. Венн диаграммасы.	З.Қабдолов. «Сөз өнері». А., «Жазушы», 1983. М.Әуезов. «Абай жолы» 458-бет. «Қазақ әдебиетінің тарихы». А., «Ғылым», 1967.	Әдебиет. 10-сынып.	
4	Абай – табиғат жыршысы. «Жазғы-тұры», «Жаз».	1	Табиғаттың төрт бірдей мезгіліне өлең арнаған ақын екендігін білу. Абайдың табиғат лирикасы көшпелі қазақ өмірінің жылнамасы екенін білу	Жаңа тақырыпты таныстыру сабағы. Сын тұрғысынан ойлау. «Білемін». «Білгім келеді». «Үйрендім».	«Абай» журналы. №3, 1992. М.Әуезов. «Абай жолы». М.Әуезов. «Уақыт және әдебиет»		
5	«Күз», «Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі ай».	1	Бай мен кедей арасындағы кереғар айырмашылықты көрсету арқылы Абайдың гуманист болғандығын, аяныш, әділет, ізгілік сияқты қасиеттерді қастерлегенін көрсету.	Жаңа сабақты меңгерту. Сипаттау, салыстыру.	М.Әуезов. «Абай жолы». «Қазақ әдебиетінің тарихы». «Ғылым», А., 1967.		

6	«Қыс» өлеңі.	1	«Қыс» өлеңінде кәрі құданы жанды адам бейнесінде алуы басты ерекшелігі екенін білу.	Аралас сабақ. Салыстыру. Сипаттау. Әңгімелеу.	Н.А.Некрасов. «Мороз красный нос».	Орыс әдебиеті. 10-сынып.	
7	Әлеуметтік-саяси лирикасы. «Қалың елім, қазағым» өлеңі.	1	Әлеуметтік-саяси лириканы түсіну. Сыншылдығы мен шыншылдығы туралы білу.	Жаңа тақырыпты түсіндіру. Сын тұрғысынан ойлау. «Б. Б. Ү.»	«Абай» журналы. № 5, 1993. Абайдың өлеңдер жинағы. А., «Жазушы», 1976.	Қазақ әдебиеті. 9-сынып.	
8	«Сегіз аяқ» өлеңі.	1	Абай жаңашылдығының бір көрінісі екенін білу. Абайдың қазақ өлеңінің құрылымына өзгеріс әкелгенін білу. Қоғамдағы келеңсіздіктерді сынаудағы Абай реализмінің көрініс беретін өлеңі екенін білу.	Аралас сабақ.	Ә.Дербісалин. Әдебиет туралы толғаныстары. А., «Ғылым», 1990.	Қазақ әдебиеті. 10-сынып.	
9	Қайталау. Қорытынды.	1	Абай өлеңдерін білу.	Поэзия сағаты.	Абай өлеңдерінің жинағы.	Әдебиет.	



## II тоқсан

№	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Мақсаты	Сабақ түрі, әдіс-тәсілі	Қосымша материал	Пәнаралық байланыс	Мерзімі
1	Абай – сатирик. «Болыс болдым, мінеки».	1	Сатира, сарказм, иронияны бір-бірінен айыру. Абайдың сатиралық өлеңдерін білу.	Аралас сабақ. Әңгімелеу, баяндау.	М.Әуезов. «Абай жолы». А., «Жазушы», 1989, 535-бет.	Қазақ әдебиеті. 10-сынып.	
2	Абай – ағартушы. «Әсемпаз болма әрнеге», «Ғылым таппай мақтанба».	1	Дүниенің кілті - білім мен ғылымда. Бес дүшпан, бес асыл істі білу.	Жаңа тақырыпты түсіндіру. Салыстыру. Венн диаграммасы.	«Абай» журналы, №4, 1994.	Әдебиет 9-сынып.	
3	«Интернатта оқып жүр», «Жасымда ғылым бар деп ескермедім».	1	Білімді болу, өнерді игеру қызмет кылу, шен алу емес екенін түсіну. Абайды ағартушы, гуманист ретінде тану.	Аралас сабақ. Салыстыру.	М.Әуезов. «Абай жолы», 563-бет. М.Әуезов. «Уақыт және әдебиет».	Орыс әдебиеті. 10-сынып.	
4	Абай – аудармашы. Абай және Пушкин.	1	Пушкиннен аударған шығармасы - «Евгений Онегин» екенін білу. «Татьянаның хаты» әні бар екенін білу.	Кіріктірілген сабақ. Салыстыру.	«Абай» журналы, №3, 1992. М.Әуезов. «Абай жолы», 564-бет.	Орыс әдебиеті. 10-сынып.	

5	Абай және Лермонтов.	1	Абайдың Лермонтовтан алған әсері, одан аударған өлеңдерін білу. Гете – Лермонтов – Абай. «Қараңғы түнде тау қалғып» әні бар екенін білу.	Кіріктірілген сабақ. Салыстыру.	А.С.Пушкин. Таңд. шығ. М., «Просвещение», 1993. «Абай» журналы, №1, 1992. М.Ю.Лермонтов. Таңд. шығ. Абай журналы, №5, 1993. Кавказ в жизни и творчестве Лермонтова.	Қазақ әдебиеті. 7- сынып. Ән-күй. 4- сынып.	
6	Абай мен Крылов.	1	Крылов мысалдарын аударушы екенін білу. «Шырылдауық шегіртке», «Қарға мен түлкі».	Кіріктірілген сабақ. Әңгімелесу, салыстыру.	М.Әуезов. «Уақыт және әдебиет».	Орыс әдебиеті. 9- сынып. Ән-күй.	
7	Қайталау.	1	Абай өлеңдерін жатқа оқу, білу. Абайдың ән өнері жайындағы өлеңдерін білу.	Поэзия сағаты.	Абайдың өлеңдер жинағы. А., «Жазушы», 1976.	Әдебиет.	

### ІІІ тоқсан

№	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Мақсаты	Сабақ түрі, әдіс-тәсілі	Қосымша материал	Пәнаралық байланыс	Мерзімі
1	Абай ән өнері жайында. «Құлақтан кіріп, бойды алар».	1	Әннің, саз өнерінің адамға берер әсері туралы Абайдың не айтқанын білу.	Аралас сабақ. Салыстыру.	«Абай» журналы. №6, 1993. Қ.Мұхаметханұлы. «Абайдың ақын шәкірттері». 2-кітап, А., 1994.	Ән-күй. 5-сынып. Қазақ әдебиеті. 10-сынып.	
2	Абай – сазгер. «Айттым сәлем, Қаламқас».	1	Абай ән жазған сазгер екенін білу. Әндерін білу. «Айттым сәлем, Қаламқас» әнінің туу тарихын білу.	Кіріктірілген сабақ. Баяндау, салыстыру.	Қ.Мұхаметханұлы. «Абайдың ақын шәкірттері». I кітап. А.Жұбанов. Замана бұлбұлдары. А., 1975.	Ән-күй.	
3	Абай әншілері. Абай әні – «Желсіз түнде жарық ай».	1	Абай әншілерінің кім болғанын білу. «Айттым сәлем, Қаламқас» әнінің сөзі мен әнін білу.	Кіріктірілген сабақ. Әңгімелеу, баяндау.	«Абай» журналы. №3, 1993. М.Әуезов. «Абай жолы».	Ән-күй.	

4	Абай – би, болыс, заңгер.	1	Абай билік айтумен, заң шығарумен айналысқанын, болыс болғанын білу. «Қарамолада жазылған ереже» заң жиынтығы бар екенін білу.	Жаңа тақырыпты меңгерту. Әңгімелеу.	«Абай» журналы, №1, 1994; №3, 1992. М.Әуезов «Абай жолы», 549-бет. Қазақ әдебиетінің тарихы. А., «Ғылым», 1967.	Қазақстан тарихы.	
5	Абай - дана ойшыл, философ. 17-қарасөзі.	1	Абайдың қарасөз жазумен айналысқанын білу. Даналық ойлар толы қарасөздерінің жалпы мазмұны не екенін білу.	Жаңа тақырыпты меңгерту. Салыстыру.	Абайдың қарасөздері.	Қазақ әдебиеті. 8-сынып.	
6	Абайдың 29, 31-қарасөздері.	1	Қарасөздеріндегі мақал-мәтелдерге айтқан сынын білу. Әдебиет зерттеушісі деп тану.	Қорыту сабағы. Реферат, ой-толғау жазу.	Қ.Мұхаметханұлы. «Абайдың ақын шәкірттері». Қазақ әдебиетінің тарихы. А., «Ғылым», 1967.	Қазақ әдебиеті. 6-сынып.	
7	Абай афоризмі.	1	Абайдың афоризмге айналып кеткен сөздерін ажырату.	Аралас сабақ. Салыстыру, ой-толғау жазу.	Абай афоризмі.	Қазақ әдебиеті. 10-сынып.	
8	Сөзжұмбақтар құрастыру және оны шешу.	1	Өтілген барлық тақырыптардан алған білімді тексеру.	Білімді тексеру сабағы. Ойын. Әңгімелеу.			

9	Қайталау.	1	Қорытындылау.	Білімді қорытындылау. Ой-толғау, шығармашылық жұмыс, сөз-жұмбақ құрастыру.			
---	-----------	---	---------------	--	--	--	--

#### IV тоқсан

№	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Мақсаты	Сабақ түрі, әдіс-тәсілі	Қосымша материал	Пәнаралық байланыс	Мерзімі
1	Абай сөз өнері жайында. «Өлең – сөздің патшасы...»	1	Абайдың сөз өнері жайында жазылған өлеңдерін білу. Абайдың өлеңге, ақын адамға қойған талабы қандай екенін білу. Абай ақын болумен қатар әдебиет сыншысы болғанын білу.	Жаңа тақырыппен таныстыру. Салыстыру (Венн диаграммасы арқылы).	«Абай» журналы. №6, 1993.	Қазақ әдебиеті. 10-сынып.	
2	Абайдың ақындық мектебі. Көкбай Жаңатайұлы туралы.	1	Абайдың айналасында одан үлгі-өнеге алып ақындық жолға түскен рухани шәкірттері болғанын білу. Ақын шәкірттерінің кімдер	Жаңа тақырыппен таныстыру. Әңгімелеу, баяндау.	Қ.Мұхаметжанұлы. «Абайдың ақын шәкірттері». Абай журналы. №5, 1993. М.Әуезов. 489, 531-б.	Қазақстан тарихы.	

			екендігін білу. Көкбай Жанатайұлының өмірі мен шығармашылығын білу.				
3	Уәйс Шондыбайұлы.	1	Уәйстің кім болғанын, өмірі мен шығармашылығын білу.	Аралас сабақ. Әңгімелеу, салыстыру.	Қ.Мұхаметханұлы «Абайдың ақын шәкірттері». А., 1994.	Тарих. Әдебиет.	
4	Шәкәрім мен Мағауия.	1	Шәкәрім мен Мағауияның Абайдың үлгісімен, ақыл-кеңес беруімен шығармалар жазғандығын, оны Абайға оқытып, сын ескертпелерін тыңдап, одан нәтиже шығарып, ақындық жолға түскендігін білу.	Жаңа тақырыппен таныстыру. Әңгімелеу, реферат жазу.	Қ.Мұхаметханұлы. «Абайдың ақын шәкірттері». 1 кітап. М.Әуезов. «Абай жолы». А., «Жазушы», 1989. 576-бет. Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармалары. А., «Жазушы», 1988.	Қазақ әдебиеті. 10-сынып Қазақстан тарихы. 9-сынып.	
5	Әнші Әсет пен Әріп ақын.	1	Әнші Әсет Найманбайұлы мен Әріп Тәңірбергеновтің Абай айналасында болғандығын, одан өз шығармашылықтарына қажетті ақыл-кеңестер алып отырғанын білу.	Жаңа тақырыппен таныстыру. Салыстыру.	Қ.Мұхаметханұлы. «Абайдың ақын шәкірттері». Әсет Найманбайұлы шығармалары. А., «Жазушы», 1988.	Қазақстан тарихы. Әдебиет.	

6	Абайтану ғылымының басы. Әлихан Бөкейхан. Ахмет Байтұрсынұлы. «Қазақтың бас ақыны» мақаласы.	1	Абайтану ғылымы туралы, оның бастауында кімдер тұрғанын білу. Зерттеу мақаласының мазмұнын білу.	Аралас сабақ. Реферат жазу, талдау.	Ахмет Байтұрсынұлы. «Қазақтың бас ақыны».		
7	М. Дулатов. «Абай». М. Әуезов. «Абайдың туысы мен өмірі». Қ. Мұхаметханұлы еңбектері.	1	Абайтану ғылымындағы аталған авторлардың еңбектерін, зерттеулерін, мақалаларын білу.	Бекіту сабағы. Салыстыру.	Міржақып Дулатов. «Абай». №3, 1992. М. Әуезов. «Абайдың туысы мен өмірі». «Абай» журналы. №2, 1992. Ұлы ақынның қайраткерлік қызметі. «Абай» журналы, №1, 1992.	Қазақ әдебиеті 10-сынып.	
8	Абай туралы ойтолғамдар, ақындар жырлары.	1	Абай туралы жазылған қазақтың шетелдің ақын-жазушыларының айтқан пікірлерін, ойларын, өлеңдерін білу.	Бекіту және бағалау сабағы. Талдау, жаттау, ойын, сөзжұмбақ.	Әр түрлі әдебиеттер.	Әдебиет.	
9	Қайталау.	1	Өткен барлық тақырыптар бойынша қайталау.	Білімді қорытындылау.		Әдебиет.	

**Рахат ЕЛУБАЕВА,**

**Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінің  
филология кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к.**

## **КЕМЕЛ ҰСТАЗДАРДЫҢ БІРІ**

Ұстаз – ұлағатты есім. Мектеп қабырғасын алғаш аттаған балалық шағымыздан бастап бүгінге дейін бірталай ұстаздардың алдынан білім нәрімен сусындадық. Дегенмен, ұстаздың да ұстазы бар. Белгілі педагог К.Д.Ушинский «Егер мұғалім өз бойына ісі мен шәкірттеріне деген сүйіспеншілікті жинақтаған болса, ол - кемел ұстаз» деген екен. Көрнекті педагог атап көрсеткен кемел ұстаздардың саны сирек келеді. Шын мәніндегі кемел ұстаз шәкірттерінің санасында мәңгі сақталады. Осындай кемел ұстаздардың бірі – Исмадова Сейсекүл Молдабекқызы. «Нағыз ұстаз өзінің білімділігімен, жүріс-тұрысымен, жайдары мінезімен, тіпті, сырт пішіні, киген киімімен де шәкіртіне жақсы мағынада қатты әсер етеді» деген Мәлік Ғабдуллиннің ұлағатты сөзі Сейсекүл Молдабекқызындай ұстаздарға арналғаны анық.

Терең білімі, өресі биік талғамымен, өзге ұстаздардан гөрі оқ бойы озық тұрар өрелі ойымен, алғыр да аңғарымпаз ақылдылығымен, жақынға да, жатқа да әділ, жұрттың бәріне жақсылықпен қамқорлық көрсетсем деген ізгілігімен, жылы жүректі сезімталдығы, адалдығы әрі шыншылдығымен, тіптен, сұлу бітім-болмысы, ырғақты әуезді үнімен, мейірімге толы жүзімен ұстаз Сейсекүл Молдабекқызы жоғары оқу орнының табалдырығын алғаш аттаған, өзінен дәріс алған сәттерден бастап шәкірттерінің жүрегін бірден жаулап алады. Ол – өзінде бар жақсы қасиеттері мен жинап-



терген білімін білімгерлердің бойына дарыта білу қабілеті ерекше, ел құрметіне бөленген беделді ұстаз.

Сейсекүл – төрт бала өсірген аяулы ана, сүйкімді жар, тәлімгер, ізденімпаз ғалым, өнерді жүрегімен сезінетін, деректі хикаятты әдемі өре білген прозаик.

«Өнер өркен жайып, өсіп жетілуі үшін оған күтім керек. Әйтпесе, дарағы жаңа көктеген өркендей жас дарынның үсікке ұрынған гүл секілді қурап қалуы да ғажап емес» деп жазған тәлімгер-ұстаз әдебиетке жаны жақын дарынды білімгерлерді топтастырып, шығармашылыққа баулитын түрлі іс-шаралар ұйымдастырды. Қабілетті, өнерлі жастардың рухани дамуына өз үлесін қосып, олардың болашағына нық сеніммен қарады. Өнердің құдіретін жанымен түсініп, жүрегімен қабылдай білген Сейсекүл Молдабекқызы күнделікті күйбеңге бой алдырмай, өзі тәрбиелеген білімгер жастардың шығармашылығынан «Жастық дәурен өрнектері» атты жинақты (Тараз, ТарМУ баспасы, 2002) жарыққа шығарды.

Тәлім-тәрбие жайына терең бойлап, құнды пікірлер қозғап, түйінді ой қорыта білген Сейсекүл Молдабекқызының ғылыми ізденіс жолы да жемісті. Ұлағатты ұстаздың қаламынан ұрпақ тәрбиесі, әдебиет әдістемесі турасында, түрлі әдеби тақырыптарды қамтитын еңбектер туды. Жеке кітап болып шыққан еңбектерінің ішінде «Сауытбек ақын» атты көлемді монографиясы (Тараз, 2003) мен профессор Қ.Тасболатұлымен авторлық бірлестікте жазған «Орталау мектепте әдебиетті оқыту» атты оқу құралының (А., «М-Талант», 2003) жөні бір бөлек.

«Орталау мектепте әдебиетті оқыту» атты оқу құралы орта мектептің әдебиет пәнінің жаңа бағдарламасына сай жазылған. V сынып оқу құралына ендірілген жаңа тақырыптарды оқытудың оңтайлы әдіс-тәсілдерін саралап, тақырыпқа сай көрнекіліктердің де үлгісін ұсынады.

Болашақ ұрпақ бойында белсенді өмірлік ұстанымды, сөз бен істің бірлігіне негізделген адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруды мақсат тұтқан тәжірибелі ұстаз оқушының білімді саналы түрде игеруіне жол көрсетіп, шығармашылықпен жұмыс істеуіне, жан-жақты ізденуіне мол мүмкіндік туғызатын амал-тәсілдерді жан-жақты талдап береді. Сондай-ақ әдебиетті оқыту әдістемесінде баланың танымдық әрекеттерін арттыруға баса назар аударады.

2003 жылы қажымай, талмай ізденістің нәтижесінде Сейсекүл Молдабекқызының «Сауытбек ақын» атты монографиясы жарыққа шықты. Еңбекте ғалым ХІХ ғасырдың басында Шу өңірінде өмір сүрген атақты айтыскер ақын, сыршыл лирик, әнші, сазгер Сауытбек Ұсаұлының өмірі мен шығармашылығын жан-жақты қарастырған. Кезінде Жамбыл, Сәкен Сейфуллин, Кенен Әзірбаев сынды тұлғалардың ыстық ілтипатына бөленген Сауытбек Ұсаұлының ақындық ортасы, мұраларының зерттелу жайын зерделей келе, қазақ әдебиетінде өзіндік стильдік өрнегі бар эпик, лирик, айтыскер ақын екендігін нақты мысалдармен дәлелдейді. Аталмыш еңбекке белгілі ғалым З.Бисенғали «Еңбекте ақынның жарық көрген, ел аузынан жазылып алынған, Қазақ Ұлттық Ғылым Академиясының Әдебиет және өнер институтының қорынан алынған шығармалар, Сауытбектің ақындығы туралы зерттеу мақалалар зерделеніп, жүйеге келтіріліп, ғылыми талдау жасалған. Бұған дейін баспа бетін көрмей, белгісіз болып келген Сауытбек туралы белгілі халық ақыны, Сауытбек Ұсаұлын өмірлік ұстаз тұтқан әдебиет жанашыры Белгібай Бектұрғанұлының жазып қалдырған жыр-баянына алғаш рет ғылыми сараптама жасалып, оның Сауытбек мұрасын айқындай, түгелдей түсудегі мәнін анықтаған. Осындай көп іздену арқасында монографияда С.Ұсаұлының өз заманының сыншыл реалист ақыны болғаны дәйектеледі. Еңбек Сауытбек Ұсаұлының

казак әдебиеті тарихындағы орнын айқындауда құнды дерек көзі бола алады» деп баға береді.

Сейсекүл Молдабекқызының «Сағыныш» атты деректі хикаятын көзіңе жас алмай оқу мүмкін емес. Керемет сезіммен сырға толы, тәрбиелік мәні мол, мазмұны бай, көркемдігі келісті, өресі жоғары, мағынасы терең, ойлы да оюлы тілмен жазылған туынды. Мұндай кісілікке, парасатқа, елдікке бастар алтын тұғыр туынды үлкен жүректен, алысқа көз тіккен тілектен туары анық.

Бойынан кеңдік те, кішілік те, ірілік те, талғампаздық та, сыншылық та табылатын ұрпақ тәрбиелеу ісінде өмір бойы талмай, жалықпай еңбек етіп келе жатқан, бүгінде «Әз әже» атанған Сейсекүл Молдабекқызына мәнді өмір тілеп, әр ісіңізде Аллаһ жар болсын демекпін.

---

*Күлгіңіз келсе - күліңіз*

---

### **«БӘЛЕНІҢ БАСЫ КҮШІКТЕН...»**

Екі жігіт дос болыпты. Бір күні екеуі сырласып отырып, бір-бірінен неден қорқатындықтарын сұрапты.

- Сен дүниеде неден қорқасың? - депті біріншісі.

- Мен кедейліктен, аурудан, ажалдан қорқамын. Ал, өзің неден қорқасың? - деп сұрапты екіншісі.

- Мен иттің күшігінен қорқамын.

- «Қорықпас келін қой басынан қорқады» деп, иттің өзі тұрғанда кісі күшіктен де қорқа ма екен? - дейді екінші жігіт.

- Ойбай-ау, бәленің басы сол күшіктен шығады ғой. Үйге жақындағаныңда күшік шәуілдеп үреді, сөйтіп басқа иттерді дүрліктіреді емес пе? - депті бірінші жігіт.

*(Күлдіргі әңгімелер. А., «Жазушы», 1987 жыл, 210-бет.)*

## ЕСІМДЕР ЕЛІНДЕ

(Ойын элементтері енген танымдық сабақ, VI сынып)

**Сабақтың мақсаты:** 1) «Жалқы есімдер» тақырыбынан алған білімдерін тереңдету, бекіту, қорыту; 2) оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру, шығармашылықпен жұмыс істеуін дамыту; 3) адамгершілік (туған елін, ана тілін сүю, топпен жұмыс істеу) қасиеттерін қалыптастыру.

**Әдісі:** дәріс, ойын, сұрақ-жауап, пікірталас. **Көрнекілік:** интерактивті тақта (слайд, сызбалар), үлестірме қағаздар.

### Сабақ барысы

№	Сабақ барысы	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушы іс-әрекеті	Әдіс-тәсілі
1	Ұйымдастыру.	Сабақтың өтуіне қолайлы жағдай жасау.	Оқу құралдарын алып сабаққа әзірленеді.	Байқау, хабарлау.
2	Мұғалімнің кіріспе сөзі.	Ономастика, оның ішінде антропонимика саласы туралы мәлімет беру.	Оқушылар тірек-конспект жазады.	Түсіндіру
3	«Кел, ой бөлісейік».	Жедел сұрақтар қою, жауап алу.	Сұрақтарға өз пікірлерін айтады.	Сұрақ-жауап, пікірталас.

4	«Қазақ есімдерінің тілдік сипаты».	Қазақ есімдерінің тілдік ерекшеліктерімен, қалыптасу тарихымен таныстыру.	Антропонимдер жайлы қосымша деректер алады.	Дәріс, сұрақ-жауап.
5.	«Есімді тап» ойыны.	Оқушыларға сұрақ қою арқылы ойнату.	Ойнайды.	Ойын.
6	Сөздікпен жұмыс.	Кейбір есімдердің мағынасымен, шығу төркінімен таныстыру.	Араб-парсы тілдерінен енген есімдердің мағынасымен танысады.	Іздендіру.
7	«Кім жылдам?» ойыны.	а) Оқушыларды топқа бөліп, үлестірме қағаздарды тарату, ойынды ұйымдастыру; ә) үлестірме қағаздарды таратып, ойынды ұйымдастыру.	Оқушылар үш топқа бөлініп жұмыс істейді.	Топтық.
8	Мұғалімнің қорытынды сөзі.	Сабақты қорытындылау.		

Жалқы есімдерді зерттейтін тіл білімінің саласы ономастика деп аталады. «Ономастика» көне грек тілінен аударғанда «есімдер туралы ілім» дегенге саяды. Бұл ғылым зерттеу нысанына байланысты бірнеше топтарға жіктеледі: антропонимдер – адам есімдері, топонимдер – жер-су, елді мекен атаулары, зоонимдер – мал-құс, жан-жануарлардың атаулары, космонимдер мен астронимдер – аспан денелерінің атаулары, урбанонимдер – көше, алаң атаулары, т.б. Жалқы

есімдердің қоғам өміріндегі маңызы өте зор. Ұлттық ономастика ұлттың тарихи, рухани, мәдени өмірімен тығыз байланыста. Біз бүгін ономаст ғалымдар Т.Жанұзақов, Г.Мәдиева, М.В.Горбаневский, Л.Успенский, Ф.Әшімжанова еңбектеріне сүйене отырып, ономастиканың іргелі де ауқымды саласының бірі антропонимика мәселелерін қарастырмақпыз. «Антропонимика» – гректің *antropos* – «адам» және *онума* («есім, ат») деген сөздерінен пайда болған термин. Адам есімдері өз ішінде ресми есімдер және бейресми есімдер деп екіге бөлінеді. Адамның есімі, тегі, әкесінің аты ресми есімдерге жатады.

**«Кел, ой бөлісейік»** бойынша сұрақтар:

1. Сіздерге өз есімдеріңіз ұнай ма? Не себепті?

2. Ата-аналарыңыз сіздерге неге осы есімді қойды деп ойлайсыздар?

3. Өз есімдеріңіздің шығу төркіні жайлы не білесіздер?

**Қазақ есімдерінің тілдік сипаты.**

Әр халықтың балаға ат қоюы сол этностың дүниетанымымен, салт-дәстүрімен, наным-сенімдерімен, ізгі арман-тілектерімен сабақтастықта болады. Қазақ халқының *Әділет, Мақсат, Нұрлан, Айгүл, Азамат, Айбек, Дәулет, Бексұлтан, Айнұр, Күнсұлу, Гүлім, Сұлушап, Гүлнәр, Айдана*, т.б. көптеген есімдері баланың бойында осы сөздердің мағынасында бар жақсы қасиеттері мол азамат болсын деген тілекпен қойылады. Кейбір есімдер баланың өмірге келген уақытымен байланысты беріледі. Мысалы: *Наурызым, Майгүл, Маусымжан*, т.б. Ал *Меңгүл, Меңсұлу, Қалдыгүл, Қалдыбек* сияқты есімдердің меңі, қалы бар нышанды балаларға қойылатыны белгілі. Адамның туған жерінің атаулары да кей жағдайда адам есімдеріне айналып отырған: *Аякөз, Еділ, Алтай, Ертіс, Орал*, т.б. Қымбат металдарға, асыл тастарға байланысты қойылған есімдер де «есім иесі біз үшін бағалы, қымбатты» деген

ата-анасының жақсы тілегінен туындаған: *Алтын, Күміс, Моншақ, Маржан, Гауһар*, т.б. Бала ұзақ өмір сүрсін, көз тимей аман болсын деген мағынадағы аттар: *Аман, Тұрар, Өмірзақ, Жасұзақ, Мыңжасар, Ұлтарақ*, т.б. Адам есімдері – халықтың дүниетанымымен, ой-арманымен тығыз бірлікте қалыптасқан атаулар.

Қай тілдің болсын антропонимиялық қазына байлығын тек төл есімдер ғана емес, басқа тілден енген есімдер де құрайды. Түркі (қазақ) әлеміне IX-X ғасырларда мұсылман дінінің тарала бастауына байланысты қазақ есімдерінің құрамында араб тілінің әсерімен қалыптасқан аттар пайда болды. Бұл дәуірде әдебиет, мәдениет, әкімшілік, әсіресе, діни ұғымдарды білдіретін сөздер кісі есімдеріне айнала бастады. Құран-кәрімдегі пайғамбарлар аттары, Алланың 99 көркем есімдері қазақ халқының есімдері құрамынан орын алды. Мысалы: Рахман – мейірімді, Әзім – ұлы, Уәли – басқарушы, Расул – елші, уәкіл, Рақым – қайырымды, т.б.

Есімдерде халықтың тарихи өміріндегі басқа халықтармен арада болған қарым-қатынастары көрініс тауып отырған. Сол себептен де әрбір есім өзі қолданыста болған қандай да бір дәуірдің ізі іспетті. Қазіргі қоғамымызда қолданылып жүрген «есім + әкесінің есімі + тегі (фамилия)» үлгісі қазақ еліне орыс халқымен болған тарихи қарым-қатынастар нәтижесінде енген. Қазір бұл үлгі төлқұжаттар мен ресми құжаттардың талабы болып отыр. Олар бүгінгі таңда әлеуметтік қызмет атқаруда. Адамның есімі таныс адамдардың немесе туыстардан құралған шағын ұжымдарда адамды басқалардан ажырату үшін қолданылса, адамның тегі бір отбасының мүшесін екінші бір отбасынан ажырату үшін қолданылады.

Адам есімдері – ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын құнды жәдігер, ұлттық ерекшелігімізді танытып, дәйектей түсетін рухани мұра. Олар халықтың тарихынан хабардар етіп,

ұлттың таным әлемімен, талғамымен сабақтасып жататын тілдік жүйе болып табылады.

### **«Есімді тап» ойынының сұрақтары:**

1. Бірінші сыңары аспан денесі, екінші сыңары «хан, төре» сөздерінің синонимі болып келетін сегіз әріптен тұратын есім (Айсұлтан)

2. «Тілек, мақсат» сөздерінің синонимі болатын есім (Арман)

3. Жүсіпбек Аймауытұлының романының атауындағы есім (Ақбілек)

4. Бірінші сыңары – түсті білдіретін сын есім, екінші сыңары – матаның бір түрі (Ақжібек)

5. Бірінші сыңары – «сұра, қала» мәніндегі етістік, екінші сыңары – есімше жұрнағы (Тілеген).

### **«Кім жылдам?» ойыны**

1. Үлестірме қағаздарда жазылған күрделі құрамды есімдердің сыңарынан басталатын немесе аяқталатын есімдер құрау. Мысалы: ай – Айсұлу, Айбек, Айдана; нұр – Нұрбек, Нұрдәулет; ер - Ержан, Ерболат, Ерназар, т.б.

2. Үлестірме қағаздарда жазылған әріптерден сабақтастығына байланысты терминдер (сөз немесе сөз тіркесін) құрау (Ономастика, антропоним, ресми есімдер).

**Сөздікпен жұмыс** (Ұсынылған әдебиеттер бойынша есімдердің мағыналарын анықтау)

1. Т.Жанұзақов. Есіміңіз кім? Ваше имя? А., «Ана тілі», 2008.

2. Т.Жанұзақов, К.Есбаева. Қазақ есімдері. Казахские имена. А., «Ғылым», 1988.





**Анар ҚҰРМАНҒАЛИ,  
Илияс Жансүгіров атындағы  
Жетісу мемлекеттік  
университетінің магистранты.**

## **«АЛАСАПЫРАН» РОМАНЫНДАҒЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР**

Көркем шығарма тілінде фразеологизмдердің алатын орны ерекше. Образды фразеологизмдер жалпы айтылар сөздің көркі болып табылады. Сонымен қатар фразеологизмдер тілдің шұрайлы қабатын құрай отырып, ұлттық ой өрнектерін таныта алады.

Зерттеуші-ғалым Әбдуәли Қайдардың тұжырымдауы бойынша, «Фразеологизмдер – өте күрделі лингвистикалық жасалымдар. Олардың күрделілігі осы тіл бірлігінің құрылымдық типтерінің көптігімен де, синтаксистік модельдерінің молдығымен де, тақырыптық және семантикалық көпқырлылығымен де танылады. Сол көпқырлылықтың арасында ойдың түрлі эмоционалдық-экспрессивтік реңктері айқындалады» [1. 202]. Академик Рәбиға Сыздықтың пайымдауынша: «...белгілі бір қаламгердің жалпы тілдік қазынасын және көркемдік байлығын зерттеуде оның фразеологиясын тауып-тану ерекше орын алады» [2. 95].

Зерттеуші-ғалымдардың осындай пікірлерін басшылыққа ала отырып, «Аласапыран» тарихи романындағы фразеологизмдерді тану және сол арқылы Мұхтар Мағауиннің жазушылық зертханасынан орын алған фразеологияның көркемдік ой өрнектеріне талдау жүргізу – мақсатымыз.

«Аласапыран» романында фразеологизмдер өте мол ұшырасады. Романнан фразеологизмдердің мынадай тақырыптық-мағыналық топтарын анықтадық.

**Көңіл-күйді білдіретін фразеологизмдер.** Абалақ сұлтанның батылы бармас. Құдай аты аталған қалың малы және төленген. Сол сұрықсыз өмір ортасында батпаққа белшесінен батып отырған адамның ауыр тағдырына *қабырғасы қайысқаннан*. Осындай халде күн кешіп жатқан жұрт бар деген ой қаперіне келмепті [3. 90]. Тек *көңілі дықты* [3. 23]. Тіпті, туған анасы мен қарт әжесін де. Бірақ ... *көңілі күпті* еді [3. 324]. Малшы сатылып шартарапқа тарағалы тұрған тумалас бауырларын көргенде *жүрегі қан жылаған* [3. 165]. *Көңілге жел бітірген* екі-үш тостағаннан соң-ақ Ораз-Мұхамед Петрдің мұртының ұшы жыбыр ете түскенін аңғарды [3. 256]. Қайткенде де Ораз-Мұхамедтің *жүрегі дауаламады* [3. 275]. Таң атқанша *жүрегімді қан жуды*. Қарт жауынгердің *көңілі босағаны* бүкіл қимыл-қозғалысынан айқын танылады [3. 18].

**Өлшем бірлік мағынадағы фразеологизмдер.** Қу медиен далада шеңбердің екі басы түйіскені туралы сүйінішті хабар алып көгенде тұрған қырық мың адамның бірінен біріне көшіп, *сүт пісірім уақыт* өтер-өтпесте, осы даланың бір шетінде...[3. 111]. *Қас қағым* ғана *сәт* маған соншама ұзақ көрінді [3. 98]. Онсыз да дегбірі түгесіліп келе жатқан Томаға-Көз адырнадан атылған оқтай ытқып, *қас қаққанша* арқан бойы кетіп қалды [3. 80]. Түс алысады – төңірек топыр болады, кеш алысады – *көз көрім жер* қызыл қан болады [3. 155]. Сейтектің бәйбішесі *таяқ тастам жерге* жүруге қаншама әзірленіп, ақ бас атан қомдатып, балахана артқызып, басын бір қызға жетектетті [3. 179].

**Адамның түрлі қалпын сипаттайтын фразеологизмдер.** *Бесіктен белім шықпай* жатып жалаң қылышқа жүгіндім [3. 269]. Талмаусырап талықсып жатқан

екі тәуліктен соңғы үшінші түнді *көз ілмей, кірпік қақпай* өткізіп еді [3. 230]. – Біледі. Білмесе бағы асып алаш ұлын тегіс *аузына қаратар* ма еді [3. 63]. Қымыз ұсынылған бек орнынан тұрып, *қол қусырып* құрмет көрсетеді де, шара толықымызды сол арада дем алмастан түбіне дейін төңкере ішеді [3. 47]. Жүзі өктем, жанары қайтпаған үлкен қара *көздері өңменінен өтердей* суық [3. 43]. Қорғанның іші жыпырлаған атты жасауыл. Қабырғаларды жағалай, қатар-қатар тізіліп, *мұз құрсана түнеріп тұр* [3. 18]. Аласа сандал тақтың үстінде малдасын құра *тұнжырап отырған қалпынан жазбады* [3. 12]. Сол сәтінде-ақ сұлтан өзінің қарны ашып, *іші иттей ұлып* бара жатқанын аңдады [3. 226].

**Сөйлеу мәнді фразеологизмдер.** Василий Шуйский сығырайған көздері жарқ етіп, Урусовқа ризашылықпен қарады да, *сөзін сабақтады* [3. 276]. Әрқайсысына бір бажайлай тесіле қарап алды да, даусын сәл көтере, әр сөзін *шегелей сөйлеп кетті* [3. 14]. Бүкіл өмірін жорық жолдарында өткізген Ел-Тұтар сұлтан *дат сұрап, сөз алды* [3. 11]. Аттанысқа әзірлік туралы жарлық берді. Қайда, қалай – *тіс жармаған* [3. 789]. Ұзамай, көп алдында да, оңашада да жүздескен сайын *сыр тартатын* болды [3. 704].

**Түрлі қимыл, іс-әрекеттерді сипаттайтын фразеологизмдер.** *Ат жалына жабысуға* жарар бала-шаға тегіс тай-құнанға мінген [3. 109]. *Бүйректен сирақ шығарса*, ер ұялар іс болмақ [3. 106]. Толқынды, ұзын ақ сары шашы мойнына төгіліп, оңды-солды, шатырдың екі жақ қапталында *шін тіресіп* отырған қауға сақалсыз, тегін ықшам киінген тәкәппар паңдарды жіті шолып шыққан [3. 778].

**Ой-сезімді білдіретін фразеологизмдер.** Хан-Керменде жол шетіне жеткен Қаламгер өзі қаншама жыл тынымсыз тексерген, талай тереңіне батып, талай тұйығына тірелген көне тарихқа *ой жүгірте* отырып, осы қилы кезең хикаясының Ораз-Мұхамедтен соңғы ұшығын күрмепті [3.

824]. Керек десеңіз, Ораз-Мұхамед *өз құлағына өзі сенбеді*, - «Ертегіден келген екі басты самрұқ күрең ту бетіндегі қара бүркітпен алмасуы қажет!» [3. 704].

Жалпы, зерттеуші-тілші ғалымдарымыз фразеологизмдерді көркем шығармада қолданудың екі тәсілі бар дейді: 1) жалпы халықтық формада қолдану; 2) өзгертіліп, авторлық өңдеуден өтіп қолдану.

Сонымен қатар, біздіңше, осы тәсілдерге үшінші тәсілді де қосқан жөн деп білеміз: 3) жазушы өзі тудырған фразеологизмдер.

Академик Рәбиға Сыздықтың айтуы бойынша: «Фразеологизмдердің қолданыстағы (орысша речевой) белгілеріне келгенде «тұрақты» деген анықтама әрдайым күшін сақтай бермейді. Дәлірек айтсақ, тіркестердің тұрақты деп танылатындығы – жалпы халықтық тілде, көпшіліктің тәжірибесінде (сөзінде, аузында) сол қалыптасқан түрде қолданылатындары. Ал осы қалыпты (жалпытілдік) фразеологизмдер көркем әдебиетте, әсіресе, поэзияда әр алуан мотивтермен (қажеттіліктерден) азды-көпті өзгеріп қолданылуы аз кездеспейді. Бұл өзгеріс құрылымдық жағынан да, мағыналық жағынан болуы мүмкін. Әрине, бұл өзгерістердің қайткенде де себебі (мотиві) болуы тиіс, әйтпесе, ешбір зәруліксіз әр жазушы не ақын өз қалауынша қолданса, ол – нормадан ауытқушылық, тілге деген жауапсыздық болмақ» [4, 128].

Мұхтар Мағауинде авторлық өзгеріске түскен фразеологизмдер бірталай кездеседі және олардың әрқайсысы өзіне тән стильдік жүк арқалап, қызмет атқарып тұрғаны белгілі. Мысалы: Айқас десе қаны қызатын, *төбесінен торғай асырып көрмеген* Абалақ сұлтанды басып, сабасына түсіріп, иіп, бері бұру, араздың болуынан татулық жолына көшіру оңай емес... [3. 122]. – Батыр, *жыныңды шүберекке түй!* - деген, басына жалаулы дулыға, үстіне ауыр

бадана киген, өңі түнерген Шәш бекке – Аламан ойынға бізде кірейік [3. 301].

*Төбесінен торғай асырып көрмеген* деген тұрақты тіркес кейіпкер бейнесін беруге қызмет етіп тұрғаны белгілі, яғни, бұл тіркес автор тарапынан өзгертіліп берілген. Халықтық тілде бұл тіркес *басынан сөз асырмау* түрінде қолданылады. Тіліміздегі *жанын шүберекке түйді* тіркесі шығармада *жазыныңды шүберекке түй* түрінде қолданылған. Жалпы, *жанын шүберекке түйді* тіркесі қауіп-қатерге, өлімге бас байлады, тәуекелге бел байлады деген мағынаны беретіні белгілі. Ал мұнда кейіпкер тілін трансформациялау арқылы мағыналық бояуын қалыңдата жеткізеді. Жалпы, романда фразеологизмдерді өзгертіп, трансформациялап қолдануда осы үдете, бояуын қалыңдата беру тәсілі ерекше көзге түскен.

Лингвистикалық еңбектерде фразеологизмдердің өзгертіліп қолданылуы былай түсіндіріледі: «Фразеологическое творчество писателей имеет прямое отношение к развитию общенародного языка. Каждый писатель принимал участие в творческом обогащении и развитии речевых средств. При этом он не только изыскивал новые способы использования общеизвестной фразеологии, но и вносил свою долю в сокровищницу удачных выражений и оборотов общенационального языка» [5. 197].

Айтайын деген ойдың әсерлігін күшейту - кез келген жазушының стильдік тәсілі. Автор қаламынан туындаған окказионал фразеологизмдер бар. Бұл тіркестердің ерекшелігі – олар жалпыхалықтық сипат алмағанымен де, жазушының өзіндік сөз саптауын, тіл элементтерін жандандыра қолдана білу шеберлігін, жазушының тіл шұрайлылығын, сөздік қорының байлығын көрсетеді. Сонымен қатар шығармаға ерекше өң беріп тұрғанын аңғартады.

Күні кеше ғана хан иемнің *үзеңгісіне ілесіп*, бүкіл түстікті тітіретті [3. 13]. – Бауырлар! – деді қалған топқа *бет беріп*. – Жер дауы жойқын ұрыссыз бітпейді [3. 15]. *Тәңірі төбесіне тұтып*, Тәуеккелдің бағын асырды [3. 8]. Басына *тентек ой* келген [3. 25].

Бұл тәсіл – М.Мағауиннің тілімізді байыту, көркейту, қырлап айшықтау әлемін туғызған шеберлік сырының бірі.

«Аласапыран» тарихи романында фразеологизмдердің қолданыс аясы өте кең, ал тілді байыту, көркемдеу тәсілін жетілдіріп, оны жан-жақты игере, халық тіліндегі сөз қолданыстарын өз мақсат, мүддесіне орай дамыта, айшықтандыра қолданғандығын Мұхтар Мағауиннің «Аласапыран» романындағы фразеологизмдердің қолданысынан еркін аңғаруға болады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Ә.Қайдар. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. А., 1998.
2. Р.Сыздық. Сөз өрнегі. А., 1995.
3. М.Мағауин. Аласапыран (тарихи роман). А., «Жазушы», 1988.
4. Р.Сыздық. Абайдың сөз өрнегі. А., «Арыс», 1994.
5. А.И.Ефимов. О языке художественных произведений. М., 1954.



## САН ЕСІМНІҢ ТҮРЛЕРІ

(6- сынып)

**Сабақтың мақсаты: білімділік** – мысалдар арқылы сан есімнің түрлерін ажырата білуді меңгерту; **дамытушылық** – өз ойларын дұрыс айта білу дағдыларын қалыптастыру, оқушылардың байқампаздығын, іскерлігін, шығармашылық қабілеттерін дамыту; **тәрбиелік** – инабаттылыққа, сауаттылыққа тәрбиелеу, әдемі, таза жүруге баулу. **Түрі:** жаңа сабақты оқушы өздігінен меңгеруі, ізденуі. **Әдісі:** сұрақ-жауап, талдау, топтастыру. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет.

**Сабақтың барысы.**


**Ұйымдастыру.**

Балалармен амандасу, түгелдеу, зейіндерін сабаққа аудару.

Үй тапсырмасын тексеру:

1. Үйге берілген жаттығуды талдау;
2. Сан есімдерді тауып астын сызу;
3. Сан есімдерге байланысты жұмбақ, жаңылтпаштарды айтқызу.

Төмендегі сан есімдерді дара, күрделі сан есімдер деп бөлек жазу.



## Жаңа сабақ.

### САН ЕСІМ

Мағынасына (нені білдіруіне) қарай

Есептік Реттік Жинақтық Болжалдық Топтау Бөлшектік

Жаңа сабаққа жаттығу жұмысын орындату. 162-жаттығу.

Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыру мақсатында «Сергіту сәті» ойналады.

«Сиқырлы сандық» (жеке жұмыс)

Нөмірлері бар тапсырмаларға жауап береді.

1. Қазақ тілінде қанша әріп бар?
2. Қазақ тілінде қанша сөз табы бар?
3. Қазақ тілінде жалғаудың қанша түрі бар?
4. Қазақстан БҰҰ-ға қашан мүше болды?
5. Қазақстанның рәміздері қай жылы қабылданды?

«Ойлан, ізден, тап». Бір үйде әкесі баласымен және атасы

немересімен отыр. Осы үйде неше адам отыр?

Көп нүктенің орнына тиісті сан есімдерді қойып жаз.

... ауыз сөздің тобықтай түйіні бар. ... саусақ бірдей

емес. ... ақшаң болғанша, ... досың болсын.

Білекті ... жығады, білімді ... жығады.

Төмендегі сан есімдерді мағынасына қарай топтап, сызбаны толтыр

Сексен. Тоқсандай. Он-оннан. Алпыс-жетпіс. Он бір.


Елу-алпыс. Алтау. Жетпістей. Мыңыншы. Біреу. Бес-



*Бестен. Екі жүз қырық екі. Бірер. Қырықтан. Отыз шақты.  
Бес жүз. Бір мың тоғыз жүз жиырма төрт. Жетінші. Екеу.  
Бір бүтін оннан бес. Онға тарта. Екі бүтін оннан жеті.*

**Сөзжұмбақ:**

1. Көкөніс (сәбіз).
2. Жеміс (алма).
3. Ас атасы (нан).
4. Жыл мезгілі  
(көктем).
5. Кір жуатын зат  
(сабын).
6. Етікші құралы  
(біз).
7. Мұзбалақ ақын (Мақатаев).



**Қорытындылау.** Сан есімнің түрлері туралы түсінгенін сұрау

**Бекіту.** «Роунд-робин» әдісі. Оқушылар сан есім, оның түрлері туралы бір сөз немесе бір сөйлем айтуы керек. Бірінің айтқанын бірі қайталамауы керек. Сыныптағы оқушылар түгел сөйлейді.

**Үйге тапсырма:** 163-жаттығуды орындау.



## ІЛИЯСТЫҢ «АҒЫНДЫ МЕНІҢ АҚСУЫМ» ӨЛЕҢІ

(7-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** а) оқушыларға өлеңді мәнерлеп оқу, өздеріне оқыту, мазмұнын түсіндіру, білім дәрежесін арттыру; ә) өлең құрылысына талдатып, әдебиет теориясы бойынша жүргізіп, ой-өрісін, қызығушылығын ояту, эссе жазу арқылы ой ұшқырлығын, тіл байлығын дамыту; б) туған жерін сүйуге, табиғатты аялауға, эстетикалық талғаммен сезімге баулу. **Әдісі:** талдау, ой дамыту, шығармашылық. **Пәнаралық байланыс:** география, саз. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, слайдтар, электрондық оқулық.

### **Сабақтың барысы.**

**Ұйымдастыру.** Күтілетін нәтиже, бағалау айтылады, сабақтың мақсаты түсіндіріледі.

Үй тапсырмасы сұралады.

**Сабақтың эпиграфы:** «Білімді болу деген сөздің мағынасы – белгісіз нәрсені ашуға қабілетті болу деген ұғым». (Әбу Насыр әл-Фараби).

а) Өнер туралы шығарма жазу (Өздерінің сүйікті әншісі жайлы жазып, суреттерін алып келу).

б) Кішкентай кезінен естелік жазу (Жас кезіндегі фотоларын алып келу).

### **Жаңа сабақ.**

а) Тірек сөздер слайд арқылы көрсетіледі.

Өзен. Ай. Қайың. Сұлу (тірек сөздерді пайдалана

отырып сөйлем құрастыру керек).

ә) «Туған жер – тұғырым» туралы электрондық оқулықтан тыңдау.

б) Жаңа тақырып тақтаға жазылады.

в) Ақсу туралы слайдтар көрсетіледі. (Ақсу өзені, шатқалы, Ақсу-Жабағылы қорығы жайлы түсіндіру, мағлұмат беру).

г) Слайдтан сөздерді көрсетіп, мағынасын түсіндіру. (Саба, торғын, құди, тарпу, шарпу, құрақ, итмұрын, нысабы)

ғ) Өлеңді мұғалім мәнерлеп оқиды.

### Сынып жұмысы.

а) Оқушылар өлеңді шумақ-шумаққа бөліп оқиды.

ә) Интерактивті тақтада өлеңнің соңғы шумағын өлең құрылысына талдайды.

б) Кітаппен жұмыс. Әдебиет теориясына талдайды (эпитет, кейіптеу, пейзаж, т.б.)


в) Тақырып таңдау. 1. «Табиғатты қорғау – қасиетті іс»

2. «Ақжайық – ару мекенім»

3. «Туған жер – тұғырым» (Осы тақырыптардың біреуін таңдап алып эссе жазады).

Ақжайық туралы өлең дискіден қосылып көрсетіледі.

**Бекіту.** (Интерактивті тақтада орындайды).



**Үйге тапсырма.** а) өлеңнен үзінді жаттау; ә) сурет салып келу; б) туған жер, табиғатқа байланысты бес мақал жазып келу.

**Бағалау.**

## ШЫҢҒЫСТЫҢ «НАЙМАН – АНАСЫ» (8-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – оқушыларға жазушының ұлылығын ұғындыру, романнан берілген үзіндінің мазмұнын меңгерте отырып, білімдерін кеңейту; **тәрбиелік** – әрбір жеке тұлғаны туған жерін, Отанын, елін сүйуге, оны жаудан қорғауға тәрбиелеу, адамгершілікке, ананы құрметтеуге, адамның ішкі жан дүниесін түсіне білуге баулу; **дамытушылық** – оқушылардың өз бетінше зерттеушілік, салыстыра білу, қорытынды тұжырым жасау, проблемалық жағдайдан шыға білу әрекеттерін жетілдіру. **Түрі:** зерттеу сабақ. **Әдісі:** СТО технологиясы. **Пәнаралық байланыс:** тарих, география, музыка, қазақ тілі. **Көрнекілігі:** Сарыөзектің картасы, таспадағы ана монологы, мұндықобызбен ойнаған саз, интерактивті тақтада жазылған сөздер.

«Мәңгүрттік – садизмнің улы бұтағы». «Жұмақ – ананың табанының астында». «Ананың алақаны әлемді әлдилейді».

**Сабақтың барысы. Ұйымдастыру.**

Оқушылар топқа бөлінеді.

**Қызығушылығын ояту.** «Түртіп алу» стратегиясы.

Оқушыларға Шыңғыс Айтматов туралы не білетіндіктерін, қандай әңгіме білетіндіктерін, шығармаларында қандай мәселе көтеретіндігін, «мәңгүрт, садизм» деген сөздердің мағынасын қалай түсінетіндерін сұрау.

Не білемін?	Не білгім келеді?	Негі білдім?
«Адамзаттың Айтматовы» екендігін, «Ғасырдан да ұзақ күн» романынан үзінді туралы білемін. Жазушы жазған роман өмір мен өлімді, қадір-қасиет пен қатігездікті, табиғатқа адамдардың қарым-қатынасын суреттейді.	Мәңгүрт туралы білгім келеді, қазіргі біздің өмірімізде мәңгүрттер бар ма? Олардың Жоламанмен ұқсастығы және айырмашылығы қандай? Адамды мәңгүртке айналдыру қай ғасырдан бері бар екендігін білгім келеді.	Шыңғыс Айтматов қазақтар туралы жаза отырып, әлемдік мәселе көтергендігін білдім. Найман-Ана туралы толығырақ білдім. Шығарманың адамның жан-дүниесіне әсер ететін туынды екенін білдім.

(Әр топ оқушылары осы кестені толтырады. Оқу, талдау жасау.)

### Мағынаны ашу.

Оқушыларға интерактивті тақтамен жұмыс жоспары көрсетіледі.

1. Жуан-жуандардың жан түршігерлік айуандығы.
2. Мәңгүрт атандыру.
3. Жолаушылар әңгімесі.
4. Ананың үміті мен күдігі.
5. Ана шешімі: «Бір көрсем».
6. Боздаған ана.
7. Бесік жыры.
8. Түйелі жуан-жуан.
9. Соңғы шешім: «Мәңгүрт те болса – перзентім».
10. Сарыөзектегі қасіретті оқиға.
11. Құсқа айналған ақ жаулық. Үнтаспадан ана монологы оқылады.

**«Кубизм» әдісі.** (Топтарға тапсырма беріледі).

**I топ. Зерттеңіз.** Шығарманың алтын қазығы болып неге Ана алынған? Үзінді не себепті «Найман-Ана» деп аталған?

**II топ. Талдаңыз.** Жуан-жуандардың зұлымдығын

ашатын сөйлемдерді табыңыз.

**III топ. Салыстырыңыз.** Шығармадағы Найман-Ананың үміті көп пе әлде күдігі басым болды ма? Салыстырып айтыңыз.

**IV топ. Талқылаңыз.** Әңгімедегі ұнаған сөз тіркестерін, қанатты сөздерді белгілеңіз, түсіндіріңіз.

**V топ. Дәлелдеңіз.** Мәңгүрт бейнесін шығармадағы қандай оқиға ашады деп ойлайсыздар? Шығармадан тауып дәлелдеңіз.

**VI топ. Ұсынысыңыз.** Найман-Ана бейнесіне тоқталыңыз. Ананың баласы үшін жасаған іс-әрекетін қалай бағалайсыз? (Қобыздың мұңды сазы ойналады.)

**Ой-толғаныс.** Оқушыларға тапсырма. Бес жолды тұжырым құрастыру, мысал келтіру.

**Үйге тапсырма:** «Ботасы өлген боз мая» (эссе жазу).

---

---

Дана қарттың даналығы

## АҚСАҚАЛ МЕН ЖІГІТ

Ертеде бір данышпан қария болыпты. Бір күні қартқа бір жігіт келіп:

- Ақсақал, осы мен қандай жігітпін, сынаңызшы,- депті. Қарт әуелі жігіттің жолдасын шақыртып алып, әр түрлі істермен сынап, ақырында жігіттің өзін шақыртады. Жігіт келген соң:

- Шырағым, жаман жігіт көрінбейсің, адамшылығың да, ақылың да мол екен,- депті.

- Қалайша олай дейсіз, мені сынап, байқап та көрген жоқсыз ғой,- десе, қарт күліп:

- «Жігітті жолдасына қарап бағала» демей ме халық,- деген екен.

(Күлдіргі әңгімелер. А., «Жазушы», 1987 жыл, 210-бет.)

## ЕТІСТІКТЕН ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

(11-сынып)

**1. Етістіктің бұйрық рай түрінде тұрған сөзін табыңыз.**

- A) Тақтайды шегелеңіз. B) Үйге келу керек.  
C) Ауылға барғысы келеді. D) Жаңбыр жауса игі еді.  
E) Бұл емтиханды тапсыру оңай емес.

**2. Шартты райлы сөзді табыңыз.**

- A) Мен азамат атын ардақтап өтемін.  
B) Грамматикалық заңдылықты дұрыс түсіңсең, қате жазуға тиісті емессің.

- C) Дарын – жанып тұрған жалын.  
D) Оқыған – білгір, оқымаған – ділгір.  
E) Мен Отанымды сүйемін.

**3. Көсемшелі тіркесті табыңыз.**

- A) Оқығалы жүр. B) Көрген жер.  
C) Гүл еккен. D) Қаптаған мал. E) Жайлауға барам.

**4. Көсемше тұлғалы етістіктің жіктеліп тұрған түрін табыңыз.**

- A) Көмектесемін. B) Барарсыңдар.  
C) Білсе болды. D) Көрмеспін. E) Болмады.

**5. Өздік етіс жұрнағы жалғанып тұрған сөзді көрсетіңіз.**

- A) Отырғызылды. B) Жыламады.  
C) Жуынды. D) Айтты. E) Уәделесті.

**6. Ырықсыз етіс жұрнағы жалғанып тұрған сөзді табыңыз.**

- A) Бақты.                      B) Бағысты.  
C) Бағынды.                  D) Бағылды.      E) Таранды.

**7. Өзгелік етіс жұрнағы жалғанып тұрған сөзді табыңыз.**

- A) Сөйлемді.                      B) Сөйлесті.  
C) Сөйленді.                      D) Сөйлеттір.      E) Сөйлеседі.

**8. Ортақ етіс жұрнағы жалғанып тұрған сөзді табыңыз.**

- A) Қазды.                      B) Қазылды.  
C) Қазғызды.                  D) Қазысты.                  E) Қазады.

**9. Дара етістік сөйлемді көрсетіңіз.**

- A) Марат жаңа келді.              B) Балалар ойнап жүр.  
C) Төрт жердегі төрт - он алты.      D) Оның түсі сары.  
E) Оның киімі әдемі.

**10. Күрделі етістікті сөйлемді көрсетіңіз.**

- A) Мал жайлауда еді.              B) Сәуле кеше келген.  
C) Егіншілер қос басында.      D) Омар хат жазып отыр.  
E) Дала ақ көрпеге ораған.

**11. Етістіктің нақ осы шақ түрін көрсетіңіз.**

- A) Келіп еді.                      B) Айтқан болатын.  
C) Оқып отыр.                  D) Ойнап кетер.      E) Білмек болды.

**12. Етістіктің ауыспалы осы шақ түріндегі сөзді көрсетіңіз.**

- A) Жазатын еді.                  B) Жазарсыз.  
C) Жазбассың.                  D) Жазамын.                  E) Жазасыз.

**13. Етістіктің болжалды келер шақ түрінде тұрған сөзді көрсетіңіз.**

- A) Келеді.                      B) Келермін.  
C) Келмейді.                  D) Келіп кетті.                  E) Кетесің.

**14. Етістіктің мақсатты келер шақ түрінде тұрған сөзді көрсетіңіз.**



- A) Жолыққысы келді. B) Жолыққан еді.  
C) Жолықпақпын. D) Жолықпады. E) Жолықшы.

**15. Баяндауышы ауыспалы келер шақ етістіктен болып тұрған сөйлемді көрсетіңіз.**

- A) Ол ерте тұрады. B) Ол ертең келеді.  
C) Сәуле келмек еді. D) Менің келгім келді.  
E) Орал кетпек еді.

**16. Етістіктің жедел өткен шақ түрінде тұрған сөзін көрсетіңіз.**

- A) Жаздырдым. B) Жаздырған еді.  
C) Жаздырған болатын. D) Жаздырғысы келді.  
E) Жаздырады.

**17. Етістіктің бұрынғы өткен шақ түрінде тұрған сөзді көрсетіңіз.**

- A) Көрдік. B) Көріп тұр.  
C) Көріппін. D) Көрмедік. E) Көреді.

**18. Етістіктің ауыспалы өткен шақ түрінде тұрған сөзді көрсетіңіз.**

- A) Жиналды. B) Жиналатынбыз.  
C) Жиналған еді. D) Жиналған емес. E) Жиналады.

**19. Етістіктің ашық рай түрінде тұрған сөзін табыңыз.**

- A) Кездескен болатын. B) Ауылға бару.  
C) Көмектесу. D) Орманға бару. E) Билеу.

**20. Етістіктің бұйрық рай түрінде тұрған сөзін табыңыз.**

- A) Колхозға барыңдар. B) Көрген болар.  
C) Айтып кеткен еді. D) Көшіп кеткен болатын.  
E) Сабаққа келді.

**21. Етістіктің шартты рай түрінде тұрған сөзін табыңыз.**

- A) Емделсе B) Айтқан-ды  
C) Отырып кеткен D) Жазып алған E) Келді

**22. Етістіктің қалау рай түрінде тұрған сөзін табыңыз.**

- A) Бел асып кетті. B) Құшақтағым келеді.  
C) Ойнап еді. D) Көріп қайтты. E) Тапсырды.

**23. Баяндауышы етістіктің қалау райынан болып тұрған сөйлемді көрсетіңіз.**

- A) Марат осында қалды. B) Күн ашылса игі еді.  
C) Ол орнынан қозғала қоймады.  
D) Омар досына құпия сырды ашты.  
E) Қар көп түсті.

**24. Тұйық етістіктің жұрнағы жалғану арқылы заттық мағынаға ие болып тұрған сөздің қай сөйлемде тұрғанын көрсетіңіз.**

- A) Көрмегенге көсеу таң. B) Ол бүгін келу керек.  
C) Оған сенуге болмайды. D) Мына ағаш қисықтау өсіпті.  
E) Демалысқа келді.

**25. Тұйық етістіктің жұрнағы жалғанғанда соңғы дыбысы өзгеріске ұшырайтын сөзді көрсетіңіз.**

- Ф) Кел. И) Бар. C) Тап.  
D) Айт. E) Жүр.

**Қорытынды.** Әр оқушы тест жауабы бойынша өзін-өзі бағалайды.

Бағалау нормасы: «5» – 21-25; «4» – 14-20; «3» – 4-13; «2» – 0-3.



## ШӘКӘРІМ. «ТАЛАП ПЕН АҚЫЛ»

**Сабақтың мақсаты:** білімділік - Шәкәрім Құдайбердіұлының «Талап пен ақыл» өлеңінің мағынасын аша отырып түсіндіру, адам бойындағы асыл қасиеттерді аңғарту, өлең талдау машығын жетілдіру, өлеңнің идеясын ашу; **тәрбиелік** - өлеңнің тәрбиелік жақтарын жас ұрпақтың бойына ұялату, ақылды болуға талаптандыру, поэзия құдіретін сезіндіру; **дамытушылық** - өлеңге жан-жақты талдау арқылы ой белсенділігін арттыру, шапшаңдыққа, тапқырлыққа, мәнерлеп оқуға дағдыландыру, ізденімпаздыққа баулу.

**Типі:** жаңа тақырыпты меңгерту.

**Түрі:** дамыта оқыту элементтерін пайдалану.

**Әдісі:** сұрақ-жауап, талдау, пікірталас, дәлелдеу.

**Көрнекілігі:** интерактивті тақтаға дайындалған көрнекіліктер мен сызба тапсырмалар, тест сұрақ.

**Пәнаралық байланыс:** тарих, қазақ тілі, әдеп.

**Сабақтың барысы:**

**1. Ұйымдастыру:** назарларын сабаққа аудару; оқу құралдарын даярлау.

**2. Үй тапсырмасын сұрау.** Шәкәрім Құдайбердіұлының өмір жолы, шығармашылығы туралы сұрақтар:

Тест (интерактивті тақта арқылы).

1. Шәкәрім Құдайбердіұлы қай жылы дүниеге келді?

а) 1904; ә) 1858; б) 1931.

2. Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармасын ата.

а) «Ғылым таппай мақтанба»; ә) «Бір адамға»;

б) «Адамдық борышың».

3. Шәкәрім Құдайбердіұлының поэмасын ата.

а) «Медғат-Қасым»; ә) «Қалқаман-Мамыр»;

б) «Айман-Шолпан».

4. «Мұтылғанның өмірі» кімнің поэмасы?

а) Абай Құнанбайұлы; ә) Міржақып Дулатов;

б) Шәкәрім Құдайбердіұлы.

5. Пушкиннің «Дубровский», «Боран» повестерін

өлеңмен аударған кім?

а) Сұлтанмахмұт Торайғыров;

б) Шәкәрім Құдайбердіұлы; б) Абай.

6. Шәкәрім Құдайбердіұлы неше жыл өмір сүрді?

а) 70жыл; ә) 71жыл; б) 73жыл.

7. Абай Құнанбайұлы Шәкәрімге кім болады?

а) досы; ә) немере ағасы; б) немере інісі.

8. Шәкәрім Құдайбердіұлы қай жылы өмірден өтті?

а) 1904жыл; ә) 1930жыл; б) 1931.

### **Жаңа сабақты түсіндіру.**

- Балалар, біз бүгін Шәкәрім Құдайбердіұлының «Талап пен ақыл» өлеңімен танысамыз.

Өлеңді мәнерлеп оқу.

«Өлең сендерге ұнады ма? Неге «Талап пен ақыл» деп атаған?» деген сұрақтар қою арқылы оқушылардың ойын тыңдау.

-Адамның өзін-өзі тануы оның ақылы, іс-әрекетімен анықталады. Ақыл мен талап адам бойындағы табиғи бастаудың адамгершілік жағынан реттеушісі болып табылады. Ақыл мен талап бағдарында жүрген адам нағыз шешім қабылдай алады, бұл шешім арқылы адам белсенді іс-әрекет жасай отырып, өзінің өмірінің мәні мен мағынасын ұғынады.


### **Мәтінмен жұмыс.**

1. Ақын «Талап пен ақыл» өлеңінде не туралы ой қозғайды?

2. Ақын талап пен ақылдан басқа тағы қандай ұғыммен үйлестіріп отыр?

3. Шәкәрім орынсыз іске нөқта саларлық, тоқтау қоярлық талаптың қандай алты түрлі қасиетіне тоқталды?

### Интерактивті тақтамен жұмыс



Өлеңнен Шәкәрім айтқан қасиеттерді тауып, кестеге түсіріп, мағынасын ашайық.

Мәтіннен үзінді	Мағынасы
Анық ақыл адымын ашырмайды, Еш нәрсе одан құтылмас жетпей қалып.	Ұғымдылық пен тапқырлыққа байланысты қасиет.
Талап деген ыңдымен ентелемек, Ойға алып қызыққанын қылсам демек.	Ынта, ықылас, жігер, іздену, ниет, ұмтылу.
Ынсап деген аспайды, кем қалмайды, Орын таппай ол, сірә, қозғалмайды.	Тойым, қанағат.
Рақым жақсы көреді аяғанды, Адамға қаттылықты ойға алмайды.	Мейірім, қайырым, адамгершілік, шапағат.
Ар демек – адамшылық намыс деген.	Адамның ішкі сезімі һәм абыройды қорғайтын қасиет.

«Ұят күшті өлімнен» дегендей-ақ.	Әдепсіздік, бейбастақтық іс.
Сабыр деген - әр іске шыдамдылық.	Шыдам, тағат, төзім.
Сақтық деген – әрқашан байқап жүрмек.	Байқап, сақтанып жүру.

- Өлеңде ақын қандай ой тұжырым жасап отыр?

- Аталған қасиеттер болмаса, адамның күні хайуаннан да төмен. «Дүниені былғап жүргенше , өлгені артық» деген философиялық тұжырым айтады.

Шәкәрім мұраты – адам бойына талаптың нәрін сіңіру, өйткені талапты адам бәріне қол жеткізе алады. Өлеңнің тәрбиелік маңызы айрықша. Тіпті, қандай тарихи дәуірде де өз мәнін жоймайтын ғибрат. Кемеңгер ақындарды, ғалымдарды келешек ғасырлармен жаластырып жататын да - осы қасиеттер. Өлеңде айтылған қасиеттерді кім болса да өз табиғатына дарытып сіңіре білу қажет дегенді айтады. Жастардың алдағы өміріне өшпестей ғибрат боларлық жөн сілтейді.

### **Бекіту сұрақтары.**

Шәкәрім атаған адам бойындағы асыл қасиеттерді қандай мақал-мәтелдермен тұжырымдауға болады?

Талантты өсіретін - талап.	<i>Талап</i>
Ұяты жоқтың ақылы жоқ.	<i>Ұят</i>
Рақымы бардың бағы жанар.	<i>Рақым</i>
Ақылы асқанды аға тұт.	<i>Ақыл</i>
Сабыр түбі – сары алтын.	<i>Сабыр</i>
Ынсап – денсаулық көзі.	<i>Ынсап</i>

Өлең қай ақынның өлеңімен үндеседі?

- 1.«Ғылым таппай мақтанба».
- 2.«Сап-сап,көңілім,сап, көңілім».
- 3.«Талаптың мініп тұлпарын».

Абай	Шәкәрім
Талап, еңбек, терең ой, Қанағат, рахым, ойлап қой - Бес асыл іс, көнсеңіз.	Ынсап, ұят, ар, сабыр, сақтық, Талапқа алты түрлі нөқта тақтық.
Талаптың мініп тұлпарын, Тас қияға өрледің.	Талап деген бір жүйрік тұлпар сынды, Бабын тап- пай мінгенді қылар жынды.
Сап-сап,көңілім,сап, көңілім! Сабыр түбі-сары алтын.	Сабыр деген - әр іске шыдамдылық, Қатты керек адамға бұл - бір қылық.

**Үйге тапсырма:** өлеңді жаттау.

---

... Деген екен!

### **АБАЙ - МҰХИТ**

Режиссер Асқар Тоқпанов бірде Мұхтар Әуезовтен:

- Мұха, Абайды сарықтыңыз ба? - деп сұрапты.

Сонда Мұхаң:

- Пәлі, Абай мұхит емес пе? Мұхитты кім сарқады?!-

деген екен.

### **БІЛІМ МЕН БІЛІК**

Бірде жиын басқарып отырған Ғабит Мүсірепов:

- Бар білімі үш кластық, қазақ кеңес жазушысы Ғабиден

Мұстафинге сөз беріледі! - деп оған сөз беріпті. Сонда Ғабен  
мінбеге шығып:

- Әй, Ғабит-ай, сен мені мақтап, көпшік қоя сөйлеуді  
қоймай қойдың-ау! Менің бітіргенім екі-ақ класс қой, үш  
класс бітіргенде сенің сорыңды қайнататын едік қой,- деген  
екен.

(... Деген екен! Астана, «Аударма», 2003 жыл, 117-бет.)

Тамара НҰРҒАЛИЕВА,  
Семейдің Мұхтар Әуезов атындағы  
педагогикалық колледжінің  
аға оқытушысы,  
білім беру ісінің үздігі.

## ЗИЯТКЕРЛІК ОЛИМПИАДА

Семейдің Мұхтар Әуезов атындағы педагогикалық колледжінде Қалалық білім беру департаменті мен педколледж бірлесіп өткізген қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен қала мектептерінің 9-11-сынып оқушылары арасында олимпиада өтті.

Мақсаты: сауатты, шешендікпен сөйлей білетін дарынды оқушыларды іріктеу, оқушылардың шығармашылық, логикалық ойлау қабілетін дамыту.

**Әдебиет пәнінен өткен зияткерлік олимпиада  
материалдары  
(10-сынып бойынша)**

**I тур. XIX ғасыр әдебиеті бойынша тест  
тапсырмалары**

**I нұсқа**

**1. Абай ақындық жолға қай жылдан бастап ден қойды?**

- A. 1902;                      B. 1988;                      C. 1886.  
D. 1880;                      E. 1883;

**2. «Тәңірі қосқан жар едің»... Кімнен аударған?**

- A. Лермонтовтан;      B. Крыловтан;  
C. Пушкиннен;      D. Байроннан;              E. Гетеден.

**3. «Бас-басына би болған өңкей қиқым**

**Мінеки, бұзған жоқ па елдің сиқын?» деген жолдар**



қай өлеңнен?

А. «Адасқанның алды – жөн, арты – соқпақ»;

В. «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым»;

С. «Бай мен кедей»; Д. «Күз»;

Е. «Мәз болады болысың».

**4. «Тегінде адам баласы бір-бірінен ақыл, ғылым, ар деген нәрселермен озады». Қай қарасөзінен?**

А. 5; В. 20; С. 14.

Д. 18; Е. 36;

**5. Махамбеттің қай өлеңі Исатай жайында?**

А. «Ереуіл атқа ер салмай»; В. «О, Нарын»;

С. «Қызғыш құс»; Д. «Бағаналы терек...»;

Е. «Тарланым».

**6. Махамбеттің аза жырын көрсет.**

А. «Мұнар күн»; В. «Тар қамау»;

С. «Ұл туса»; Д. «Қызғыш құс»;

Е. «Қарағай шаптым шандоздап».

**7. «Байғыз қарт» кімнің прототипі?**

А. Сүйінбай; В. Мұрат;

С. Шортанбай; Д. Ыбырай; Е. Дулат.

**8. «Азған елдің бектері, Қан шықса елін жұлмалар, қасқырменен аралас.» Кімнің шығармасынан үзінді?**

А. Мұрат; В. Дулат;

С. Абай; Д. Ыбырай; Е. Сүйінбай.

**9. Аягөз өңірі жайлы өлең жазған ақын**

А. Сәкен; В. Шортанбай;

С. Дулат; Д. Ілияс; Е. Мұрат.

**10. «... – айтыс өнерінің алтын діңгегі». (Мұхтар Әуезов). Кім жайында?**

А. Абай; В. Сәбит;

С. Сүйінбай; Д. Шортанбай; Е. Мұрат.

**11. Атақты Тезек төремен айтысқан кім?**

А. Сүйінбай; В. Дулат;

С. Сәкен; Д. Бейімбет; Е. Мұрат.

**12. «Сауып ішер сүті жоқ, Мініп көрер күші жоқ ...» деген мал шықты». Шортанбай нені айтады?**

А. Алтын; В. Самаурын;  
С. Өгіз; Д. Егін; Е. Ақша.

**13. Мұрат Мөңкеұлының шығармасын көрсет.**

А. «Үш қиян»; В. «Үш жігіт»;  
С. «Опасыз жалған»; Д. «Қатаған сөзден жаңылды»;  
Е. «Еспенбет».

**14. «Ағын жесең, ақылың жаннан асар, Сары жесең, дәулетің судай тасар». Абайдың қай шығармасынан үзінді?**

А. «Ескендір»; В. «Масғұт»;  
С. «Әзім әңгімесі»; Д. «Сегіз аяқ»;  
Е. «Болыс болдым...».

**15. «Шайтанның ісі» дегенге тойтарыс беріп, домбыра өнерін қорғап шыққан, ХІХ ғасырдың аяғында жыр төккен атақты ақын.**

А. Қашаған Күржіманұлы; В. Шәңгерей Бөкейұлы;  
С. Нарманбет Орманбетұлы; Д. Балуан Шолақ;  
Е. Абай.

**16. Шоқан қазақтың қай жырына пікір айтқан?**

А. «Қыз Жібек»; В. «Қозы-Көрпеш-Баян сұлу»;  
С. «Айман-Шолпан»; Д. «Қобыланды»;  
Е. «Алпамыс».

**17. Қазақ өлеңдерін Шоқан нешеге бөлді?**

А. 5; В. 7; С. 6; Д. 2; Е. 3.

**18. «Қырғыз хрестоматиясы» нешінші жылы жарық көрді?**

А. 1889ж.; В. 1891ж.; С. 1879ж.; Д. 1888ж.; Е. 1890ж.

## 19. Ыбырай аудармалары көбінесе кімнен?

- A. Паульсоннан; В.Пушкиннен;  
C. Толстойдан; Д. Лермонтовтан;  
E. Гетеден.

## II тур. 1. Іріктеу тапсырмалары (жалпы әдеби-мәдени, рухани ой-өрісін бағдарлау)

1. Бағлан серке, марқасқа, .....(не?) бастайды.  
Құтты тойға кез болған жолды жігіт  
Бұрынғының жолымен .....(не?) бастайды. (қой, той)
2. Жақсы неге жолдас,  
Жаман неге жолдас? (жаныңа, малыңа)
3. «Ер Тарғын» жырында қай жырау кездеседі?  
(Сыпыра жырау)
4. «Диуани хикмет» кімнің шығармасы? (Ахмет Иассауи)
5. Абайдың неше қарасөзі бар? (45)
6. Жамбылдың атақты айтысы (Құлманбетпен айтысы).
7. Ақан серінің Құлагері қай ақын поэмасына арқау болды? (Ілияс Жансүгіров. «Құлагер»)
8. Мақалды жалғастыр. «Ел іші - ..... (алтын бесік)
9. Айт, келін-ау, айт, келін,  
Атыңның басын тарт, келін.  
(Неден) сақ келін,  
(Неден) ақ келін»? (сауысқаннан, жұмыртқадан)
10. Жалғастыр. «Аузында әзілі жоқтың қолында ..... бар».  
(шоқпары)
11. «Адамға табын, жер, енді» поэмасының авторы  
(Олжас Сүлейменов)
12. «Қарға бойлы» атанған жырау. (Қазтуған)
13. «Шығамын тірі болсам адам болып» өлеңінің авторы  
(Сұлтанмахмұт)
14. Өз поэмасында Абылайға «Дана Абылай, дара Абылай» деп баға берген ақын? (Мағжан)

15. Семей өңірінің Абай ауданында жерленген жырау (Ақтамберді)
16. «Кұстар әні» өлеңінің авторы (Тұманбай Молдағалиев )
17. «Оғыз наме» жырындағы Оғыздың балаларын ата. (Күн, Ай, Жұлдыз, Көк, Тау, Теңіз)
18. Тек қана Наурыз мейрамы күні берілетін сыйлық атауы (Селтеткізер, Ұйқыашар)
19. «Балталы, бағаналы ел аман бол». Қай жырда кездесетін қоштасу? ( «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры)
20. Ақан серінің құсының, итінің, атының атын ата. (Қараторғай, Базарала, Құлагер)
21. Арал балықшылары туралы трилогия қалай аталады? («Қан мен тер»)
22. Семей мұғалімдер семинариясында оқыған атақты жазушыларды ата. ( Мұхтар Әуезов, Жүсіпбек Аймауытов)
23. Мәңгілік өмір іздеген кім? (Қорқыт)
24. «Алдар көсе мен Шығайбай» аңызында Алдар кіріп келгенде, кім не істеп отырды? (Шығайбай қазы айналдырып, бәйбішесі нан илеп, тоқалы бас үйтіп, қызы тырнаның жүнін жұлып отырады)
25. Қарғыстың ең жаманы («Өзің білме, білгеннің тілін алма»)
26. 1941-1945 жылдары соғыс тақырыбына жазылған ақынның ақын туралы поэмасы (Қасым Аманжолов. «Ақын өлімі туралы аңыз»)
27. Наурыз күні айтылатын тілек («Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!»)
28. Жыраулар әдебиеті қай кезенді қамтиды? (XV-XVIII ғасырлар)
29. «Келін, келін келіп тұр,  
Келіп үйге еніп тұр.  
Қайын жұрты, халқына

Не істеп тұр?» (Иліп сәлем беріп тұр)

30. «Аяз би» ертегісіндегі Жаманның қалыңдығының есімі (Меңді)
31. Партизан жазушыларды ата.  
(Әди Шәріпов, Қасым Қайсенов)
32. Абайдың «Сегіз аяғындағы» қай өлең жолдары мақалға айналып кеткен?  
(«Еңбек етсең ерінбей, Тояды қарның тіленбей»)
33. Дворян атағы бар ақын кім? (Шәңгерей Бөкеев)
34. Шоқанның шын аты (Мұхаметқанафия)
35. Абайдың шын аты (Ибраһим)
36. Шоқан қай оқу орнын бітірді?  
(Омбыдағы кадет корпусы)
37. Кім күлкіге, кім ұйқыға тоймайды?  
(Ақымақ, жалқау)
38. Мыңмен жалғыз алысқан қай ақын? (Абай)
39. «Мен қазақпын» деп жар салған ақын  
(Жұбан Молдағалиев)
40. Шоқан қай орыс жазушысымен дос болды?  
(Ф.М.Достоевский)
41. Махамбеттің Исатай өлген күніне шығарған аза жыры қалай аталады? («Мұнар күн»)
42. Желмаяға мініп жерұйық іздеген адам  
(Асан қайғы)
43. Балуан Шолақтың шын аты (Нұрмағамбет)
44. Павлодардағы мешіт кімнің атында?  
(Мәшһүр Жүсіп)
45. «... Атандым сол себептен Жаяу Мұса». Неліктен?  
Өлеңнің алдыңғы тармағын есіңе түсір.

## 2. «Бәйгеге барар жолда»

(Әдеби шығармалар бойынша берілген тапсырмалар)

1. Абайдың «Сегіз аяғында» айтылған «Атадан алтау,

анадан тәртеу» дегеннің мәнін түсіндір.

2. «Менің атым Байғыз қарт» деп басталатын өлеңнің шығу тарихына тоқтал, авторы жайлы мәлімет бер.

3. «Жаздың бір әдемі күні бір кісі өзінің баласымен бақшаға барып, екеуі де егілген ағашты көріп жүрді.» Әңгіме кімдікі? Жалғастыр.

4. Исатай-Махамбет көтерілісінің мақсаты қай өлеңнен көрініс тапқан? Өлеңнің шығу тарихына тоқтал.

### 3. «Қонақ кәде».

(Әдебиет пәнінің майталмандары сұрақ қояды)

1. Шортанбай ақынның бір сөзі кейін сол дәуірдің атауы болды. Ол туралы айт (зар).

2. Нарын құмында жиі кездесетін қай жәндік осы Нарыннан шыққан қай ақынның қай шығармасына арқау болған? (қосаяқ)

3. Абай өлеңдері мен қарасөздерінің үндестігі жайында не айтасың?

### 4. «Ділмарлар» сайысының тапсырмасы.

(Мәреге жеткен екі оқушы аталмыш тақырыпқа ой толғады)

1. «Абай аңсаған толық адам» (Абайдың 165 жылдығына орай)

2. «Жарқын жұлдыз» (Шоқан Уәлихановтың 175 жылдығына орай)

Олимпиада жеңімпазы «XIX ғасыр әдебиетінің білгірі» атанды.



**Жанат РАЙЫМБЕКОВА,**  
**оқырман.**  
Оңтүстік Қазақстан облысы,  
Созақ ауданны,  
Таукент ауылы.

## **АБАЙҒА ТАҒЗЫМ**

Жүрегіне от үрлеген талайдың  
Абайды мен пайғамбарға балаймын!  
Өлең – аққу, таңдап қонар киелі,  
Абай – теңіз, жыр толқыған ақ айдын!

Жыры – маржан, нұры шашқан арайдың,  
Абайды мен пайғамбарға балаймын!  
Бас иеммін күштілікке, байлыққа,  
Басымды ием құдіретіне Абайдың!

Мен жоғымды өлең-жырдан тапқанмын,  
Жыр маржанын тұмар қылып таққанмын.  
Мен жырласам, жүрегімнен төгілер  
«Өсекші өлең» сырымды айтып шаққан мұң.

Тамсандырып досы түгіл қасты мың,  
Табындырып жатса өлең – жақсы ырым!  
Шын тіректі тапқың келсе өмірде,  
Абайды оқы, Абайды сүй, жас буын!

**Бас редакторы – Зернебек ШЛДЕБАЙҰЛЫ.**

**«Қазақ тілі мен әдебиеті» –**  
ай сайын шығатын республикалық ғылыми-  
педагогикалық және әдістемелік журнал.

**Құрылтайшы және шығарушы:** «Қазақ тілі мен әдебиеті»  
және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**Жауапты редакторы – Рыскелді САБЫРБАЙ.**

**Корректоры - Гүлзира ӨМІРБЕКҚЫЗЫ.**

**Компьютерде теріп, беттеген –**  
**Кәмшат ЖАҚСЫЛЫҚҚЫЗЫ.**

Қолжазба қайтарылмайды.

Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер  
редакцияның көзқарасын білдірмейді.

**Журнал** Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат  
және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат  
комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек  
айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке  
қою туралы **№6266-ж Куәлігі** берілген.

Басуға 18.03.2011ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы – 5039.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75746.**

**Мекен-жайымыз:** 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй.

Бас редактордың қабылдау

бөлмесі және бөлімдер.....256-06-46.

Факс.....256-13-41.

**Электрондық пошта:** [KazUlagat@mail.ru](mailto:KazUlagat@mail.ru)

**Басылатын жері** – «Алматы - Болашақ» Акционерлік  
Қоғамы

**ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-  
ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И МЕТОДИЧЕСКИЙ  
ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ  
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН  
ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ҰЛАҒАТ»**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті», №3, 2011ж., 144 бет, Алматы.